

ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№2 (60) 2024

Бас редактор
Ә. Қаба

Жауапты редактор
А. Қадырхан

ҚР Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы
27 мамырда
№2993 – ж куәлігі
берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол Тілешов

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Оразкул Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Дихан Қамзабекұлы

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі

Өнер Мұстафа

Әгей университеті Түрік тілі және әдебиеті
бөлімінің профессоры

Алима Пірниязова

ф.ғ.д., Әжнияз ат. Нөкіс педагогикалық институты
Қарақалпақ тілі кафедрасының доценті

Бекжан Әбдуәлиұлы

ф.ғ.д., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Қазақ тіл білімі
кафедрасының профессоры

Эльмира Оразалиева

ф.ғ.д., Назарбаев университеті Қазақ тілі және
түркітану кафедрасының профессоры

Мақпал Жұмабай

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО
бас директоры



АЛҒЫСӨЗ

Ұлы ойшыл әл-Фараби «Ғылымның шығу тегі туралы» еңбегінде «Барлық жаратылыстану ғылымдарының бастауы Тілден» деген кемел ой айтады. Яғни, ғылым әуелі ойда бейнеленеді, тілмен жеткізіледі. Оны қазақ «Ішімдегінің бәрі тілімде» дейді. Тілдің коммуникативтік, когнитивтік, танымдық, гносеологиялық-экспрессивтік, тіпті эмоциялық қызметі осы «ішімдегіні» «тілімде» бейнелейді. Сөз болып шығады. Дыбыс болып естіледі. Жазу болып бейнеленеді.

Тіл – ақылдың, ойдың өлшемі ғана емес. Тіл – ғылым. Үнемі даму үстінде болатын жанды организм. Ал, ғылым әрдайым жаңашылдықты талап етеді. Фактілерді жинау, оларды үнемі жаңартып, жүйелеу және сыни тұрғыдан талдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл орайда, көкейдегі көп толғанысты ортаға салар ортақ пікір алаңының болуы маңызды. Байқағаныңыздай, тіл саласы ғалымдарына пікір алаңы болып келе жатқан «Тіл және қоғам» альманағын мазмұны жағынан модернизациялау жұмысы қолға алынды. Авторлардан қабылданатын мақалаларға қоятын талап өзгеріп, онда негізінен ғылыми мақалаларға басымдық беріліп отыр.

Ғылымның өмір сүру тәсілі – үнемі өзін-өзі жаңарту екені аксиома. Ал жанару – ізденістің жемісі. Олай болса ізденімпаз ғалымдарымыздың альманахтың жаңа санына ұсынған мақалаларына назар аудартайық.

Альманахтың «Талқы» айдарында Б.Қапалбек, Н.Оразханның ғылыми мақаласында тілдің дамуын аймақтық тұрғыдан зерттеудің әлеуметтік лингвистикалық негіздемесі қарастырылады. Зерттеуде Орталық аймақтың тілдік дамуына әсер ететін факторлар, тіл саясатының түрлі бағыттары сараланады. Бұл мақалада тілдің дамуын аймақтық тұрғыдан зерттеудің әлеуметтік лингвистикалық негіздемесі қарастырылған.

«Тілтану» айдарындағы Қ.Күдеринованың жетекшілігімен жазылған ғылыми мақалаға қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік стильдің қалыптасу негіздері өзек болады. Осы мақсатта Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Елдес Омарұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаевтың XX ғасырдың 30 жылдарына дейін жазған мақалаларына лингвостилистикалық талдау жүргізіледі.

Осы айдармен берілген қызылжарлық ғалымдар Б.Сағындықұлы, А.Адамованың ғылыми мақаласында алғашқы қазақ тіл білімпаздарының лингвобиологиялық сипаттағы ғылыми тұжырымдарын сараласа, қызылордалық ғалым А.Орынбаева академик Әбдуәли Қайдардың тіл біліміндегі ізденістері мен мұра-



ларын зерделейді, ал алматылық ғалым Е.Молдасанов М.Мақатаев шығармаларындағы лингвомәдениеттанымдық біріліктерге талдау жасайды.

Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ. Тілді өзге тілдермен салыстыра дамыту бағыты да зерттеудің бір нысаны. Бұл орайда альманахтың «Салыстырмалы тіл білімі» айдарында Ә.Тәубееваның мақаласында қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістердің қызметтік ұқсастықтарына талдау жасалса, лингво-поэтикалы элементтерінің ағылшын тіліне аударылу қиындықтары туралы келесі мақала авторы С.Әбдіманап аударма процесінде түпнұсқа тілінің ерекшелігінен бастап мәдени және тарихи контексттерге дейін, олар шығарманың мәні мен стилін барабар жеткізу үшін ескерілуі керектігін алға тартады.

Фразеологияның мәдени маңыздылығы мен оны үйренудегі негізгі әдіс-тәсілдер талқыланған Ә.Қыстаубаеваның мақаласында белгілі шетел және отандық лингвисттердің фразеологияны зерттеу барысында анықтаған ерекшеліктері мен маңыздылықтары көрсетіледі, фразеологияның негізгі түрлерін ала отырып, қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде қолданылатын идиомалар мен мақал-мәтелдердің қолдану ерекшеліктері салыстырылады.

Ұлттық мәдени реалийлерді орыс және ағылшын тілдеріне аударудың ерекшеліктерін Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясы негізінде саралаған А.Абдуллаева, С.Әшімханованың ғылыми мақаласында ұлттық-мәдени шындықтардың тілдік ерекшеліктері мен олардың коммуникативті әрекеттің субъектісі ретінде аударылу жолдары зерттелген.

«Әдістеме» айдарымен берілген Ж.Саткенова, Г.Шәден, Ш.Саткенованың мақаласында білім беру бойынша инклюзивті сыныптарда қазақ тілі сабақтарында қолданылатын сандық технологиялар талданса, Ж.Қажығалиева қазақ тілін таным тілі ретінде меңгертуде CLIL технологиясын қолданудың маңыздылығын, А.Орманова тілдік тестілеу жүйесіндегі сапа кепілдігін қамтамасыз етуде ALTE стандарттарының рөлін ғылыми тұрғыда зерделейді.

Көркем мәтіннің вербалды құрылымындағы ерекшеліктер арқылы көрінетін ішкі және тілдік интертекстуалдылық «Таным» айдарында А.Әділованың мақаласында М.Мағауиннің «Сары қазақ» романы арқылы талданады.

Сондай-ақ альманахта Ә.Қайдар мен Р.Сыздықтың 100 жылдығына орай «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» тақырыбында жуырда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда шетелдік ғалымдардың назарын аударған ғылыми баяндар арасынан Ш.Құрманбайұлы, С.Садықова, Г.Сағидолда секілді белгілі ғалымдардың ғылыми мақалалары да ұсынылып отыр.

Ғалымдар мақалада жаһандану кезеңіндегі түркі тілдері терминологиясының жай-күйі, ұлттық терминологиялық жүйені жетілдіру мен біріздендіру мәселелерін зерделеген.

Назерке Оразхан

*К.Сагадиев атындағы Халықаралық Бизнес университетінің
аға оқытушысы, PhD докторанты*

Бижомарт Қапалбек

*Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Аңдатпа

Бұл мақалада тілдің дамуын аймақтық тұрғыдан зерттеудің әлеуметтік лингвистикалық негіздемесі қарастырылған. Зерттеуде Орталық аймақтың тілдік дамуына әсер ететін факторлар, тіл саясатының түрлі бағыттары сараланады. Зерттеуде Қарағанды облысындағы тілдік ахуалы қарастырылып, бірнеше өңірлік проблемалар көрсетілген. Атап айтқанда тұрғындардың тілдерді меңгеру деңгейі, облыстағы тілдік ахуалдың бағалануы, облыс көлемінде жүргізіліп жатқан тіл оқыту орталықтарының жұмыстар, мемлекеттік тілді қолданысқа толығымен енгізу шаралары, облыстағы көрнекі ақпарат пен жарнама тілінің жай-күйі, проблемалары, аралас мектеп мәселелері, тұрғындардың үштілділікке көзқарастары, тіл саясатының жүргізілуіне қандай жағдайлар кері әсер ететіндігі т.б. жайттар жан-жақты талданады.

Мақаланың ғылыми зерттеу нысаны ретінде – әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі ретінде көптілді қоғамдағы тілдердің дамуын зерттеудің теориялық негіздерін анықтау. Зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы қазіргі Қазақстан аумағын әлеуметтік-лингвистикалық аймақтарға бөлуде және әрбір аймақтың тілдік жағдайына қарай мемлекеттік тіл мен басқа да тілдерді дамыту механизмін әзірлеуде жатыр. Мақалада елімізде ғылыми негізделген тіл саясатын жүргізу мәселесі лингвистикалық ғылыми ортада қызығушылық тудырғанымен, оның мемлекеттік және саяси ортада әлі толық жүзеге асырылмағаны атап өтілген. Орталық аймақтағы тілдік ахуалдың нақтырақ әлеуметтік лингвистикалық мониторингіне, сонымен қатар көптілді қоғамдағы тілдің даму тарихын ескере отырып, басқа мемлекеттердегі тілдердің даму тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстанның аймақтары үшін тілдерді реттеудің әлеуметтік лингвистика-

лық тетіктерін және ғылыми-практикалық ұсыныстарды теориялық тұрғыдан негіздеу және әзірлеу қажет.

Кілт сөздер: орталық аймақ, әкімшілік аумақ, тілдік ахуал, мемлекеттік тіл, тіл саясаты, тілді оқыту.

Аннотация

В данной статье дается социолингвистическое обоснование регионального изучения языкового развития. В исследовании анализируются факторы, влияющие на языковое развитие Центрального региона, различные направления языковой политики. В исследовании рассматривается языковая ситуация в Карагандинской области и выделяются несколько региональных проблем. В частности, подробно анализируются уровень владения языками населения, языков ситуации в регионе, работа языковых учебных центров в регионе, меры по полному внедрению государственного языка, состояние визуальной информации и рекламы в регионе, проблемы и вопросы смешанной школы, трехязычие и др.

Объектом исследования статьи является определение теоретической основы изучения развития языков в полиязычном обществе как одной из основных проблем социолингвистики. Научно-практическая значимость исследования заключается в разделении территории современного Казахстана на социолингвистические зоны и разработке механизма развития государственного языка и других языков в зависимости от языковой ситуации в каждом регионе. В статье отмечается, что хотя вопрос научно обоснованной языковой политики в стране вызывает интерес в лингвистическом научном сообществе, он еще не в полной мере реализован в государственных и политических кругах. Необходимо теоретически обосновать и разработать социолингвистические механизмы и научно-практические рекомендации по языковому регулированию для регионов Казахстана, опираясь на опыт развития языков других стран, с учетом истории развития языков в полиязычном обществе.

Ключевые слова: центральный регион, административная территория, языковая ситуация, государственный язык, языковая политика, преподавание языка.

Abstract

This article provides a socio-linguistic rationale for the regional study of language development. The study analyzes the factors influencing the language development of the Central region, different areas of language policy. The study considers the language situation in the Karaganda region and identifies several regional problems.

In particular, the level of language proficiency of the population, assessment of the language situation in the region, the work of language training centers in the region, measures for the full implementation of the state language, the state of visual information and advertising in the region, problems, mixed school issues, trilingualism, language policy what conditions adversely affect the conduct, etc. The facts are analyzed in detail.

The object of research of the article is to determine the theoretical basis for the study of the development of languages in a multilingual society as one of the main problems of sociolinguistics. The scientific and practical significance of the study lies in the division of the territory of modern Kazakhstan into socio-linguistic zones and the development of a mechanism for the development of the state language and other languages, depending on the language situation in each region. The article notes that although the issue of science-based language policy in the country is of interest in the linguistic scientific community, it is not yet fully implemented in the state and political circles. It is necessary to theoretically substantiate and develop socio-linguistic mechanisms and scientific-practical recommendations for language regulation for the regions of Kazakhstan, based on the experience of language development in other countries, taking into account the history of language development in a multilingual society.

Keywords: *central region, administrative territory, language situation, state language, language policy, language teaching.*

Белгілі бір мемлекеттік немесе әкімшілік аумақта орналасқан қоғамдағы тілдің жұмсалуына саналы түрде әсер ету - тіл саясатының басты мақсаты. Тіл саясаты белгілі бір мемлекеттік шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Ол әрқашан мемлекеттік саясаттың көрінісі болып табылады. Тіл саясатындағы қателіктер көбіне ұлттық және әлеуметтік қатынастардың асқынуына әкеледі. Сондықтан да тіл саясатын аймаққа бөліп жүргізудің маңызы зор.

Бүгінде аймақтық тілдерді дамыту жөніндегі басқармалар Қазақстан халқы бірлігінің факторы ретінде толерантты тіл ортасын құруды қамтамасыз етуге, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, лингвистикалық капиталдың сақталуына және ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын жүргізуге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді. Осы бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты - тіл саясатын жүзеге асыру бағытындағы іс-шараларға жастарды жаппай тарту және оларда қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан саяси-экономикалық жағынан, Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік және Орталық аймаққа бөлінген. Әр аймақтың географиялық жағдайы, диас-

пораның шоғырлану аумағы да әртүрлі болып келгендік Тіл саясатын аймақ бойынша жүзеге асыру - әр аймақтың демографиялық және діни құрамына, геосаяси жағдайына, білім мен мәдениетінің ерекшеліктеріне, елдегі ұлт өкілдерінің орналасуы жиілігіне байланысты болып келеді. Көп жағдайда тілдік ахуал диаспоралардың саны мен сапасына, ұстанымына, тарихи отандарының жақын-қашықтығына байланысты.

Еліміздегі осы аймақтарда мемлекеттік тілдің қызметі әртүрлі екенін тек зерттеу арқылы ғана білуге болады. Мемлекеттік тілдің қай жерде, қай салада, қандай дәрежеде екенін Тілді жоспарлауда тіл саясатын жүргізетін мекемелер осыны нақты ескеруі керек. Республика бойынша тілге қатысты шаралар нақты фактілерге негізделмей жалпылама сөзге құрылады, ал бұл тілдердің жер-жерде тиісті дәрежеде дамуын өз деңгейінде қамтамасыз етпейді. Демек, қазақ тілінің елімізде мемлекеттік мәртебеге лайық қызмет атқаруы үшін алдымен оның қоғамдағы нақты жағдайын анықтап, сол жағдайды жөндейтін жолдарды іздестіру қажет. Осындай мақсатқа жету үшін, жергілікті тілдік жағдайға өзара әсер ететін түрлі факторлар ескерілетін аймақтық зерттеулерден бастау қажет. Мұндай зерттеуді біз Орталық Қазақстан аумағының демографиялық жағдайынан бастауды жөн көрдік.

Орталық аймақ халқы аз қоныстанған аудан ретінде белгілі болатын. Ұлы Отан соғысына дейін және тың жерді игеру кезінде Кеңес өкіметінің батыс аймақтарынан славян ұлт өкілдері келіп қоныстана бастады. Соның нәтижесінде славян халықтарының саны көбейді. Қазақстандағы славянтөктес ұлттардың доминантынан тұрған аймақ деп толықтай айта аламыз. Қазіргі таңда Орталық Қазақстан 115 ұлт өкілі тұратын полиэтносты аймақ. Бұл этнос өкілдері күнделікті тұрмыста көбіне орыс тілін қолданатындықтан, орыс тілінің басымдыққа ие болуына алып келіп отыр.

Соңғы ресми дерекке сүйенсек, Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы облыста мемлекеттік тілді әртүрлі деңгейде меңгерген халықтың үлесі кейінгі он жылда 1,8 есеге артқанын мәлімдеді. Мысалға, әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, 2011 жылы «мемлекеттік тілді білмеймін» деген тұрғындар саны 57,5 пайызды құраса, биыл бұл көрсеткіш 15 пайызға дейін төмендепті [1].

Бұл демографиялық процестердің барлығы мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін айқындамақ, қазақ тілінің дамуына, таралуына негіз болатыны белгілі. Алайда, біз оған әсер ететін факторлардың бірі, негізгісі деуге де болатын - мемлекеттік тілді оқыту. Мемлекеттік тілді оқытып қана қоймай оны білуді заңмен талап ету де керек. Өйткені елімізде тіл курстарында оқып тілді әжептеуір меңгергендерден де сол үйренгенін тәжірибеде қолданып, деңгейін

одан әрі жетілдіре түсуі талап етілмейді. Көптеген ірі компаниялар мен мекемелерге жұмысқа алу кезінде алдымен орыс тілі мен ағылшын тілін білуі талап етілді. Мемлекеттік қызметте де солай. Қазақ тілінен тапсырылатын тест формалды түрде алынып, қызметке қабылдау мен қызметтік өсу кезінде есепке алынбайды. Қазақ елінде қазақ тілінен гөрі орысша жақсы жазатын, сөйлейтін, ағылшын тілін меңгерген маман қадірлі әрі сұранысқа көбірек ие. Осыны көріп, біліп отырған тіл үйренуші оқулық мінсіз болып, оқытушы жанын салып оқытып жатса да ол тілді үйренуге соншалықты ынталы болмайды. Мәселен, орталық аймақта мемлекеттік қызметшілер мен басқа санаттағы азаматтарды мемлекеттік тілге оқыту мақсатында Облыстық тілдерді дамыту басқармасы жанындағы «Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығы» КМҚК, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері жанынан Балқаш қаласында «Тілдер орталығы» ММ, Жезқазған қаласында «Тілтану оқу-әдістемелік орталығы» ММ, Шахтинск қаласында «Бастау» оқу-әдістемелік орталығы» КММ, сонымен қатар Теміртау, Саран, Сәтбаев, Приозерск, Қаражал қалалары мен Абай, Бұқар жырау, Осакаров аудандарында тілдерді оқыту курстары жұмыс істеп келеді. Бұдан шығатын қорытынды, мемлекеттік тілді дамыту саласындағы ересектерді оқыту жұмысында бір жүйедегі нормативтік талаптың жоқ екендігі және мемлекеттік тілді дамытудың бірыңғай құқықтық-заңнамалық базасының жеткіліксіздігі. Ең бастысы, мемлекеттік тілді білудің білгілі бір деңгейі заң жүзінде талап етілмейді.

2021 жылы облыстағы 6 оқыту орталықтары (1 жеке меншік) мен оқыту курстарында 2 179 (жоспар – 2156) адам мемлекеттік тілге, 1 847 (жоспар – 1831) адам ағылшын тіліне оқытылды. Еліміздегі шектеу шараларына сәйкес оқыту процестерінің барлығы онлайн форматқа ауыстырылған. Алғашқы кезеңдерде тілдерді оқыту курстарына негізінен мемлекеттік қызметшілер қамтылса, ендігі кезекте халыққа қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін тартуға басымдық берілген. Облыстық мекемелерде құжат айналымындағы қазақ тілінің жағдайы үнемі бақылауда. Осы мақсатта мемлекеттік органдардың іс-қағаздарындағы мемлекеттік тілдің үлесіне Басқарма тоқсан сайын мониторинг жүргізеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша кірісшығыс құжаттарында қазақ тілінің үлесі төмен болған. Қарағанды, Қаражал, Теміртау, Нұра өңірлерінің әкімдіктеріне бағынышты 13 мекемесінде және де республикадағы бағынышты 3 департаментте басқарма мамандары профилактикалық бақылау жүргізді. Сонымен қатар 40-тан астам мекемеге әдістемелік көмек көрсетілді. Жалпы алғанда мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің қолданысы, қызметкерлердің, оның ішінде басшылардың тіл білу деңгейі бағытында қоғам тарапынан, әлеуметтік желілерде көп сын-пікірлер айтылып, жа-

зылып жататыны шындық. Басқарма осы сын-пікірлер мен ұсыныстардың барлығына мониторинг жүргізіп, тиісті мекемелермен өткен жиындардың күн тәртібіне ұсынып келеді.

Сонымен қатар Орталық аймақта облыстағы көптілділіктің сақталуы үшін жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктер жанында ана тілдерін оқытатын 11 жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Азаматтық қоғам осыны мемлекет тарапынан қаржыландыруды тоқтатуды талап етіп отыр. Қазақ тіліндегі мектептерге басымдылық берілгенімен, аралас мектеп мәселесі де – өзекті. Өйткені кей аралас деген мектепте қазақша білім 4 сыныпқа дейін беріліп, жоғары сыныпқа көшкен бала басқа білім ордасын іздеп кетеді екен. Әсіресе, әлі де қазақ тілі ақсап тұрған негізгі қалалардан (Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, т.б.) айқын көрінеді. Мысалға, Қарағанды облысына қарайтын Теміртау қаласында 32 мектеп бар. 32 мектептің төртеуі қазақ мектебі, орыс мектептері – 16, аралас мектептер – 12. Теміртау қаласында 23 616 оқушы болатын болса, соның 8 186-і қазақ тілінде білім алады, қалған 15 430 оқушы орыс тілінде оқиды. Бұл – бір ғана Теміртау қаласындағы жағдай. Ал аталған аймақтың барлық қалалардағы соңғы жылдардағы (2020/2021) оқу жылының оқыту тілдері бойынша мектептердегі оқушылар санына тоқталатын болсақ [2]:

Р/С	Қалалары	Оқушылар саны	Оқу тілі	
			Қазақша	Орысша
1	Қарағанды	67 125	25 338	41 787
2	Саран	5 245	1 285	3 960
3	Теміртау	23 616	8 186	15 430
4	Шахтинск	7 521	1 876	5 645
5	Балқаш	11 603	7 987	3 616
6	Жезқазған	14 373	10 058	4 315
7	Қаражал	3 174	2 446	728
8	Приозер	1 907	1 558	349
9	Сәтбаев	11 265	7 821	3 444
Р/с	Аудандары			
1	Абай	8 318	2 655	5 663
2	Бұқар жырау	8 436	5 133	3 303
3	Нұра	3 833	2 603	1 230
4	Осакаров	4 869	1 622	3 247

5	Ақтоғай	2 913	2 657	256
6	Шет	7 144	6 304	840
7	Жаңаарқа	6 132	5 823	309
8	Ұлытау	1 894	1 816	78
9	Қарқаралы	5 523	4 804	719
	БАРЛЫҒЫ	199 334	103 515	95 819

Қазіргі орыс тілінде білім беретін мектептердегі оқушылардың саны мен қазақ тіліндегі мектеп оқушыларының санын салыстыра қарасаңыз, бір ғана Қарағанды қаласында 67 125 оқушының 62,2 пайызы орыс тілінде білім алып жатыр. Яғни, халықтың жартысынан көбі орыс тілінде білім алып жатыр. Демек, аймақта соңғы санақ бойынша қазақтар саны басым болғанымен және демографиялық қуаттылығына қарамастан, аймақта қазақ тілі күнделікті қатынастың өзінде орыс тіліне жол береді. Оған әсер етушілер тек басқа этнос өкілдері ғана емес, мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың да, қазақтілді қазақтар мен орыстілді қазақтар болып бөлініп, бір тілге көшпеуінен. Әрине, бұл жердегі басты мәселе - азаматтардың (оның ішінде, қазақтардың) әлі де болса, мемлекеттік тілдің болашағына деген сенімдерінің жоқтығы. Мемлекеттік тілге құрмет заң талаптары арқылы жеке ынталандыру арқылы келетіндігі белгілі. Біздің тіл саясатымызда бұл талаптар жұмыс істемей тұр. Сондай-ақ мемлекеттік тілдің мәнін түсіндіретін насихатымыз аздығын да айта кетуіміз керек.

Халықтың білім алған тілі мен күнделікті өмірде сөйлесу тілдерінің арасында тығыз байланыс бар. Мысалы, қазақ немесе орыс тілінде орта білім алғандар арасындағы пропорция мен қазақ немесе орыс тілінде жоғары білім алғандар пропорциясымен жалпы сәйкес келеді. Сондықтан қай этнос болмасын білімді қай тілде алса, ол сол тілде сөйлеп, сол тілдің сөйлеушілер санын көбейтеді. Алайда азаматтардың балаларын қазақ тіліндегі мектепке бермеулерінің тағы да бір себебі - қазақ мектептерінің ғимаратының, техникалық базасының төмендігі.

Балаларын орыс мектебіне беретін ата-аналар арасында қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарайтын, «қазақ тілі тұрмыс тілі деңгейінде қалып қоюы мүмкін» деп ойлайтын ата-аналар аз емес. «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деп Хакім Абай атамыз айтқандай, халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, мектеп, балабақшалар да үздіксіз қолданылатын болса, оның жас ұрпаққа берері мол болмақ. Қазіргі таңда Қазақстанның әр аймақтарында, ауыл шеткейлерінде балабақшалар мен қатар шағын орталықтар күннен-күнге арта келеді. Бұл білім берудің алғашқы сатысы дамымай біз алға қадам баса алмаймыз. «Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген

күйінді қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның талабы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор. Ал енді айтар түйініміздің осы мектепке дейінгі білім жоғарыда айтылғандай елімізде қандай тілдік деңгейде дамып келеді. Қарастырып отырған аймақ бойынша, соған бір шолып саралап көрейік.

Қарағанды облысында жалпы аумақ бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық) 503, ал балалар саны 51 231 құрайды. Оның ішінде **1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшалармен қамту бойынша** [2]:

Жалпы облыс бойынша	Мектепке дейінгі ұйымдар саны	Орындар саны	Балалар саны
Қарағанды облысы	191	34 071	37 594
Қала / ауыл	147 / 44		32 951 / 4643
Қарағанды қ.э.	56	...	13 999
Балқаш қ.э.	13	...	2 498
Приозер қ.э.	4	...	497
Саран қ.э.	7	...	1 234
Сәтбаев қ.э.	16	...	2 686
Теміртау қ.э.	21	...	4 901
Шахтинск қ.э.	7	...	1 996

Оқыту тілі бойынша (мектепке дейінгі ұйымдар мен топтар):

Облыс бойынша барлығы	Бір ғана тілде тәрбие беретін мектепке дейінгі барлық ұйымдар (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық)		Екі тілде тәрбие беретін мектепке дейінгі барлық ұйымдар (бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық)	
	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
Қарағанды обл.	261	37	205	205

ондағы топ саны	549	161	1 091	1 037
ондағы балалар саны	14 183	3 340	18 570	15 138

Жалпы облыс бойынша 0 жастан 7 жасқа дейінгі барлық балалар саны 122 573. Оның ұлттық құрамына тоқталатын болсақ 28 775 қазақ, 16 641 орыс, 5 815 басқа ұлт өкілдерінің балалары. Сонда Қарағанды облысындағы мектепке дейінгі балалар санының 11,3 пайызын басқа ұлт, ал 56,1 пайызын қазақ балалары құраса, аймақтағы 63,9 пайыз балалар қазақ тілінде мектепке дейінгі ұйымдарда білім алады екен. Ал орыс ұлтының балалары 32,5 пайызын құрағанымен, орыс тілінде мектепке дейінгі ұйымдарда білім алатындар 36 пайыз құрап тұр. Демек, басқа ұлт өкілдері балаларының 3,5 пайызы орыс тілінде білім алғанды жөн көреді. Мемлекеттен қаржыландыратын мектепке дейінгі мекемелер тек мемлекеттік тілде болуы тиіс. Бұл азаматтық қоғамның талабы.

2021 жылдан бастап Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасын қолға алған. Көрнекі ақпарат пен жарнамалардың тілін жүйеге келтіру мақсатында тоқсан сайын ұйымдастырылған облыстық айлық барысында 2022 жылы қамтылған 11805 нысанда анықталған 4130 заңбұзушылықтың 2818-і (68%) түзетіліп, рейдпен қамтылған нысандардың ішінде 3 677-не өңірлердегі кәсіпкерлік палаталарымен бірлескен түсіндіру жұмыстары жүргізілген. 2022 жылы ұйымдастырылған рейд шараларына қамтылған 2 755 нысаннан 506 кемшілік анықталып, оның 312-сі (61%) түзетілген. 2023 жылы Қарағанды, Саран қалаларында 3000 нысанды қамту көзделген. Сонымен қатар рейд кезінде кәсіпкерлік нысандарға өткен жылы 18 075 дана ақпараттық парақша мен 10 мыңнан астам «Тілашар» қысқаша сөздіктері қосымша таратылған [2]. Ал 2022 жылы «Жарнама жедел желісі» («JJJ») жобасының аясында 19 жарнама агенттігі, баспахана, полиграфиялық қызмет көрсетушілермен байланыс орнатылып, 300-ден астам ұсыныс бойынша тегін аударма жасалған. Осы бағыттағы жобалар Теміртау қаласында да («Оңай тіл», «Сауатты қала – мәдениеттілік белгісі») қолға алынған екен [3]. Биыл да бұл жұмыстар жалғасады. Тіл саясаты насихаттау шараларынан құралады. Көрнекі ақпаратта коммуникацияның мемлекеттік тілде дұрыс болуы керек. Бұл бағытта заң талаптарын күшейте түскен дұрыс.

Орталық өңірде насихат жұмыстары жыл сайын атқарылып жатыр. Демек, қазақша сөйлеудің, қазақ тілін үйретудің тілді дамытуға пайдасы, әсері мол. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Себебі адамның жаны қазақыланбаса, жүрегі қазақтықты сезін-

бесе, қазақша сөйлегенімен тілге деген құрметі аз болады. Мәселен, Германияда немісше білмесең аштан өлесің. Ресейде орысша білмесең, көше кезіп, қайыр сұрап кетесің. Ал, біздің елде орыстілді қазақтардың өзі мемлекеттік тіл қазақ тілі екенін білмейді. Қазақ тілін де орыс тілін де мемлекеттік тіл деп ойлайды. Яғни, бұл салада түсіндіру, насихаттау шаралары жетіспейді деген сөз. Мемлекеттік тіл қоғамдағы бар тілден жоғары болуы керек. Сондай-ақ оның қызметіне кедергі келтіретін өзге тілдерді заң жүзінде шектеу қажет. Бұл мемлекеттік тілдің өріс алуына қажетті шара болып табылады.

Орталық өңірде 2014 жылдан бастап ономастика бойынша жұмыс қарқынды жүргізілген кезең болды. Нәтижесінде идеологиялық тұрғыдан көнерген әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша атаулар 65-тен 50-ге дейін азайып, олардың көрсеткіші 8,3%, ал құрамдас бөліктер бойынша ескірген атаулар саны 858-ден 471-ге азайып, көрсеткіш 10,5% болды. Ал 2021 жылдан бері облыста 2 елдімекен мен 110 көше және 26 мекеменің атауы өзгертілген. Мәселен, төмендегі елдімекендер тарихи атауларын алған [4].

Киев кенті	Нұра кенті
Целинный ауылдық округі	Орынбай ауылдық округі
Ленино ауылдық округі	Талдыбұлақ ауылдық округі
Октябрь ауданы (Қарағанды қаласындағы)	Әлихан Бөкейхан

Ленин көшесіне – Абай, ал Кривогуз – Қасым есімдері берілуі ономастика саласына ғана емес, облыстағы жалпы идеологияға үлкен әсер еткен маңызды оқиға болды. Жер-судың аты тарихтың қамы.

Қоғамдағы орыс-қазақ көстілділігі жағдайындағы қазақ тілінің даму, қолданылу жайы елді елендетіп, күн тәртібінен бір түспей келген болса, енді оған «Үштілділік кезінде ұлт тілінің болашағы не болады?» деген жаңа мәселе қосылып, тіл тағдырына алаңдаушылықты бұрынғыдан бетер артып отыр. Қазақ тілінде сөйлеушілердің саны орыс тілін меңгергендер санына жетпей отырғандығы тек қана мемлекеттің жұмысы емес, азаматтық қоғамның, бірінші орында, ата-аналардың да міндеті.

Орыс тілі қазіргі кезде осы аймақта ғана емес, күллі Қазақстанда әлеуметтік қатынастың барлық саласында қызмет ететін макроделдал-тілге айналып отыр [5]. Базалық демографиялық қуаты бойынша қазақ және орыс тілдерінің іс жүзінде маңызы бірдей, бірақ орыс тілінің коммуникативтік қуаты жоғары деңгейде қала береді. Тіпті тек қазақ халқы ғана қоныстанған моноэтникалық аудандардың өзінде аудандық, ауданаралық, облыстық, облысаралық, респуб-

ликалық басқармалармен ресми хат алмасуларда орыс тілі әлі де белсенді қолданылатынын айту қажет [6].

Лингвистикалық тұрғыдан әртүрлі болып келетін осындай аймақтар елдің тіл дамыту барысына жайсыздық әкеледі. Демек, тіл проблемалары алдымен аймақтық тұрғыда зерттеліп, оған әсер етуші күші бар объективті және субъективті факторлары анықталып, нақтылы шаралар жүйесін жасап барып шешілу керек [7,8].

Бүгінгі жағдай еліміздің әр аймақтарындағы тілдік үрдістерді ғылыми тұрғыда, объективті түрде зерттеу және ұтымды тілдік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу қажеттілігін алға шығарып отыр. Бұл орайда тілдің нақты таралу аймағы мен көлемін және оның қоғамдағы қолданысын кеңейтудің нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет [9].

Осыларды негізге алып қарасақ, қазақ тілін оқып-үйренудің базалық негізі бар оңтүстік пен батыс аймақтарда қазақ тілінің қолданылу өрісін неғұрлым қалалық жерлерде дамыту керек. Ал орыс және өзге тілдерді басым көпшілігінде қазақтар орналасқан ауылдық аудандарда қажетіне, сұранысқа қарай оқыту, үйрету керек. Демек, бұл аймақта мемлекеттік тілді дамыту алдымен аймақтың геосаяси және демографиялық саясатпен бірлікте қарастырылуы керек [10].

Сондықтан қоғамымыздағы қазақ тілін үйрену нәтижесінің төмендігі мен оның қолданылу аясының кеңеймей отыруының негізгі себептерін әдістемеден емес, оған деген шынайы сұраныстың болмауынан, қажеттіліктің туындамауынан, талаптың әлсіздігінен іздеген әлдеқайда шындыққа жақын. Ғылымға негізделіп шынайы жүргізілген кез келген әлеуметтік зерттеу, лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық талдау, сауалнама арқылы мұны дәлелдеу еш қиындық туғызбайды. Ал тілдің грамматикасын, оқыту әдістемесін, қазақ тілінің оқытушыларын, терминологиялық жүйесін, сөздіктерін кінәлау осы шындықтан жалтарып, қоғамдағы қазіргі ахуалдың қалыптасуының негізгі себептерін бұрмалап көрсету екенін жақсы білеміз. Ендеше, бізге ендігі жерде қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне көтереміз десек, ең алдымен, қоғамда оған деген қажеттілік туғызудың тетіктерін жетілдіріп, заң талаптарын күшейту, қызметке қабылдау мен қызметтік өсу кезінде мемлекеттік тілді білуін бірінші ескеруге көшетін уақыт жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орталық Қазақстан. [Электронды ресурс] сілтеме: <https://ortalyq.kz/>
2. «2021 жылғы Қарағанды облысы бойынша алдын ала деректер» / Статистикалық жылнамалық - қазақ және орыс тілдерінде / -151 бет [Электронды ресурс]: www.stat.gov.kz

3. 2022 жылдың басына жекелеген этностар бойынша Қарағанды облысы халқының саны / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. № 558 2011 жылғы 23 желтоқсан. https://stat.gov.kz/region/256619/statistical_information/industry/3561

4. 2022 жылдың басына жекелеген этностар бойынша Қарағанды облысы халқының саны / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. №15-49 / 2021 жылғы 5 мамыр. https://stat.gov.kz/region/256619/statistical_information/industry/3561

5. Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX века (опыт парадигмального анализа) // Язык и наука конца 20 века: Сб. статей. М.: Издат. центр РГГУ, 1995. С.144–238.

6. Абасилов А. Мемлекеттік тіл: Әлеуметтік лингвистикалық проблемалары, оларды аймақтық тұрғыдан шешу жолдары. Монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2021.

7. Абасилов А. Мемлекеттік тіл: әлеуметтік лингвистикалық проблемалары, оларды аймақтық тұрғыдан шешу жолдары. Монография. / А.Абасилов. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2021. – 191 бет.

8. Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы. – Алматы, 1996.

9. Социокультурный портрет региона. Типовая программа и методика. Материалы конференции «Социокультурная карта России и перспективы развития российских регионов». Москва, 27 июня — 1 июля 2005 г. / Под ред. Н.И.Лапина, Л.А. Беляевой. М., ИФРАН, 2006. -328 с.

10. Арутюнян Ю.В. Москвичи: этносоциологическое исследование. М.: Наука, 2007. -271 с.

Ұ.Кемелхан, А.Жорабаева, Қ.Слямбеков, А.Нұстаева, Т.Демен

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының магистранттары,

Құралай Күдерінова

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК СТИЛЬДІН ҚАЛЫПТАСУЫ: ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ

Аңдатпа

Мақала қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік стильдің қалыптасу негіздеріне арналады. Бұл мақсатта Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Елдес Омарұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаевтың ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейін жазған мақалаларына лингвостилистикалық талдау жүргізіледі. Ол үшін мәтін талдаудың арнайы өлшемшарттары құрылып, соның негізінде қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік стильде жазылған мәтіндердің қалыптасу жолдары, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар, сондай-ақ қазіргі ғылыми-көпшілік стильде жазылған мәтіндермен салыстырыла отырып, тұжырымдар жасалады.

Кілт сөздер: *стиль, стилистика, лингвостилистикалық талдау, ғылыми-көпшілік мақала, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі.*

Аннотация

Статья посвящена основам формирования научно-публицистического стиля в казахском языке. С этой целью проводится лингвостилистический анализ статей, написанных Ахметом Байтұрсынұлы, Құдайбергенем Жұбановым, Елдесом Омарұлы, Сұлтанмахмұтом Торайғыровым, Қанышем Сәтбаевым до 30-х годов ХХ века. Для этого созданы специальные критерии анализа текста, на основе которых сделаны выводы о сравнении способов формирования текстов, написанных в научно-популярном стиле на казахском языке, языковых и экстралингвистических факторов, а также текстов, написанных на современном языке.

Ключевые слова: *стиль, стилистика, лингвостилистический анализ, научно-общественная статья, казахский литературный язык начала ХХ века.*

Abstract

The article is devoted to the basis of the formation of scientific and journalistic style in the Kazakh language. For this purpose, a linguistic and stylistic analysis of articles written by Akhmet Baytursynuly, Kudaiberger Zhubanov, Eldes Omaruly, Sultanmahmut Toraygyrov, Kanyshem Satbaev until the 30s of the 20th century is carried out. For this, special criteria of text analysis are created, on the basis of which conclusions are drawn about the comparison of the methods of formation of texts written in the popular scientific style in the Kazakh language, linguistic and extralinguistic factors, as well as texts written in the modern language. scientific and popular style.

Keywords: *style, stylistics, linguistic analysis, scientific and social article, Kazakh literary language of the beginning of the XX century.*

XIX ғасырдың соңғы ширегіне қарай қазақ тілінде сауаты бар көпшілікке арналған жалпы ғылыми білімнен де, кейбір ғылым салаларынан да мәлімет беретін, баяндайтын, түсіндіретін, насихаттайтын сипаттағы жартылай ғылыми әдебиет жанры жандана бастады. Себебі ғылыми-көпшілік стиль ғылым мен техника дамып, оқу мен өнердің жетілуімен пайда болды. Профессор Б.Әбілқасымов ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы үлгісі деп Н.И.Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген кітабының соңында берілген қазақша үлгілерді атайды. Ондағы мәтіндер география, тарих, табиғаттану салаларынан мағлұмат береді. Аталған стиль үлгілерін шағын мақала түрінде қазақша мерзімді баспасөз беттерінен де табамыз. Сол заманда қазақ қауымында жиі кездесетін адам мен малдың ауру-індеттері, қазақ қоғамының экономикасы (мысалы, кейбір кәсіптер туралы), мәдениеті т.б. жайында жарық көрген кітапшалар – қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы көріністері. Олай дейтін себебіміз – бұл мақалалардың тек ғылым мен білімнің белгілі бір саласында жүрген адамдарға ғана емес, жалпы көпшілікке, хат танытын қарапайым халыққа түсінікті тілде жазылғанынан.

Б. Әбілқасымов аталған мерзімде ғылыми-көпшілік стиль туралы былай деп жазады: «Ғылыми стильге тән баяндау үлгісі де кездеседі. Мәтіндерде сөйлемдер ықшам, түсінікті болып құрылып, ондағы сөздер қарапайым, өздерінің негізгі, тура мағынасында қолданылады. Бұл стильге жататын материалдарда ғылыми-техникалық терминдер орысша күйінде алынып, қазақша түсінік беріліп отырады» [1, 85]. Автор бұл алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиеттердің аударма сипатында жарық көргенін айта келіп: «Сөйте тұра олар – сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдары-

ның) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал» [1, 85] деп, дұрыс қорытынды жасайды.

Профессор Б.Әбілқасымовтың түйіндеуі бойынша, ғылыми-көпшілік стильдің едәуір қалыптаса бастаған тұсы ХХ ғасырдың басы екенін байқаймыз.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс магистратурасында өтетін «Лингвостилистика және көркем мәтінге жаңаша талдау» пәні барысында профессор Қ.Б.Күдеринаның тапсырмасымен ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ғылыми-көпшілік стильдегі мәтіндерді – С.Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар» (1913), А.Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгеріс» (1915), Елдес Омарұлының «Орысшаланған қазақ тілі» (1926), Қаныш Сәтбаевтың «Ер Едіге» (1927), Қ.Жұбановтың «Еленбеген ерекшелік» (1934) мақалаларын – оқып, талдау жасауға тырыстық. Аталған еңбектерде Абайтану, қазақ халқының шаруашылық жай-күйі, батырлық дастандар, әншілік өнер, мәдениет тарихы салаларынан мағлұмат беріледі. Мақалаларға талдау жасау негізінде қазіргі ғылыми-көпшілік әдеби стильдің қалыптасуы мен жетілуі, ғылыми-көпшілік мәтіндердің мазмұны, оның сапалық белгілерінің қалыптасуы туралы пайымдаулар жасалды.

ХХ ғасырдың басында жазылған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар» (1913), Ахмет Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгеріс» (1915), Елдос Омарұлының «Орысшаланған қазақ тілі» (1926), Қаныш Сәтбаевтың «Ер Едіге» (1927), Құдайберген Жұбановтың «Еленбеген ерекшелік» (1934) атты ғылыми мазмұндағы еңбектер материал ретінде пайдаланылды.

Мақала жазу барысында ХХ ғасырдың бас кезінде жазылған ақпараттық-танымдық сипаты басым ғылыми мақалаларға теориялық тұрғыдан бақылау әдісі, салыстырмалы әдіс, автордың өзіндік тілдік қолданыстарын айқындау үшін стильдік талдау әдісі, материалдарды қорыту үшін синтездеу әдісі қолданылды.

Мәтінді талдау үшін біз төмендегідей өлшемшарттарды пайдаландық: тақырыбы (не туралы), мақсаты (ақпарат беру, үгіт жасау, дәлелдеу, эстетикалық), аудиториясы (кімге арналған), жазылған уақыты мен мәтін тілінің байланысы, кілт сөздер, графикалық безендірілу (қарпі, қаріп түрі, абзац, нөмірлену), мәтін әсері (жоғары, төмен, орташа), терминдер, сөз стилін жасап тұрған морфологиялық, синтаксистік формалар, ерекше сөз тіркестері, стильдік бояуы бар қолданыстар (поэтикалық, кітаби, сөйлеу, ресми, кәсіби, жергілікті...), жаңа сөздер, қайталамалар, мәтіндегі қызметсіз сөздер, мәтін стилі, мәтін ырғағы. Зерттеу нысанына алынған мақалалардың әрқайсысын осы өлшемшарттар бойынша талдадық.

Қазақ әдеби тілінің тарихын, функционалды стильдердің пайда болуы мен

қалыптасу кезеңдерін, әр кезеңдегі әдеби мұралардың тілдік және стильдік ерекшеліктерін зерттеген еңбектер баршылық. Атап айтқанда, Р.Сыздықтың «XV-XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы», «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі», «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі», Б.Әбілқасымовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі», «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі», Ш.Мәжітаеваның «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі», Б.Момынованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», С.Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдері», М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары».

Бұлардың ішінде нақты ғылыми-көпшілік стильдің ерекшелігін зерттеген ғалым – профессор Б.Әбілқасымов. Алайда сөз болып отырған авторлардың, яғни XX ғасырдың 30 жылдарына дейінгі көпшілік, ғылыми-көпшілік мақалаларын стильдің жетілуі негізінде зерттеген еңбектер жоқ.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген өлшемшарттар бойынша аталған мақалаларға талдау жасау барысында мынандай нәтижелерге қол жеткіздік. XX ғасырдың басындағы мақалаларда қалың көпшілікке білім-ғылымның әр саласынан хабар беру және оны сол кездегі жұрттың сауаттылығы, білім дәрежесімен санасып, түсінікті, жеңіл, «жалпақ» тілмен білдіру мақсаты тұрды. Мақала авторлары ғылыми шындықты біршама дәл беруді және түсінікті етіп баяндауды көздеді. Қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиеттің осы мақсаты оның тілі мен стиліне мейлінше әсер етті: мұнда баяндаумен қатар, түсіндіру сипаты кең орын алады. Мұны осы үлгідегі әдебиеттің стильдік белгісінің бірі деп тануға болады. Түсіндірмелер, яғни комментарийлер мәтіндегі орысша атауларды қазақшалап беру, кейбір зат, ұғым, құбылыстардың мәнін ашу немесе қазақша баламасын келтіріп, кейде керісінше орысша баламасын түсіндіру арқылы көрінеді. Мысалы: климат (*күн һауас*), нәтиже (*өнім*), өнерлі кәсіп (*орысша промышленность*), Польшада (*Полиак жерінде*) («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); «Кетқудай» («күйеу» деген сөз), Толой (*Домбауыл*), Ормамбет хан (*шын аты ұлығ Мұхамбет*), Саназар (*қазақша аты Ақназар*) («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927); «Жаңа өсиет» («Новый завет»), тәурат (*библия*) («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Бұл мысалдарда сауаты төмен көпшілік оқырманға білім-ғылымның әр саласынан хабар берумен қатар, ақпаратты түсіндіріп отыру принципі байқалады. Бұл принциптің жоғарыда аталған формаларынан бөлек (түсіндірмесін жақшаға жазу) ауыз әдебиеті жанрларынан бастау алатын, кейде сөйлеу стиліне тән анықтамалық-түсіндірмелі қолданыстар байқалады: «Дажал» деген біреу («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913), Жұмағұл дейтін ақын, Мелиоранский деген профессор, Ахмет дейтін ногай,

Орыс дейтін хан, «Қандырша» деген жерде, Литва кінәзі Ойтопыт дейтінге, Семен Мальцов дейтін орыстың елшісі, «Құтлық Темір» дейтін сұлтан («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927).

Мақалаларда пайдаланылған ғылыми әдебиеттер авторларымен бірге беріліп отырады. Яғни ғылыми-анықтамалық аппарат мақала құрылысында бар. Бұл «Тақи ғажап» оқып шықпадыңдар ма? Онда да айтады» («Өлең хәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); «Англия данасы Томас Малтос айтады», «Еуропа ғалымдарының айтуынша», «Профессор Мендалиев айтады» («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); «Мәскеу орысының айтуынша» («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926); «Өзінің беретін сынында Шоқан былай дейді», «Араб тарихшыларының сөзіне қарағанда (бин-арабша, Жаннаби)» («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927) сияқты сілтемелермен берілген.

XX ғасырдың басын қамтитын бұл мақалалар жартылай ғылыми мазмұнды болғандықтан, мұнда алғашқы ғылыми-техникалық терминдер қолданыла бастайды. Қазіргідей әр ұғымға сай орныққан, әр ғылым саласына қарай сараланған терминдердің жүйесі әлі қалыптаса қоймаған. Бұл кезең – қазақ тілінде терминдерді жасаудың (немесе қабылдаудың) принциптері мен жолдары айқындалмаған, тіпті ол жөнінде сөз болмаған дәуір. Дегенмен білім-ғылымға қатысты терминологияның алғашқы нышандары осы кезде, аталған стильде көріне бастады деуге болады. Ол терминдер екі түрлі: көбі – түпнұсқадан (орыс тілінен) дайын күйінде алынғандар: *коммунист, социализм, социалист, съезд, техник* («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926); *буржуазия, схоластика, ренессанс, пролетариат, пантюркизм, капитализм* («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934); бірсыпырасы – қазақша баламасымен немесе қазақ тіліне ыңғайланып берілгендер: *климат (күн науас), электришестуа, промышленность, десетина, колонизатсия, сосауие* («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); *пәлсепе (философия), бармақ өлшеулі (түріктер буын негізді метриканы айтады), қаба діл (тұрпайы тіл), нәфис әдебиет (көркем әдебиет), гаруз (араб-парсының өлең өлшеу жүйесі, дауысты дыбыстардың ұзыны мен қысқасының кезектесуі)* («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Бұларды сол кезеңдегі жаңа сөздер деп те атауға болады.

Ғылыми ұғымдардың бірқатары жеке сөз – терминмен аталмай, суреттеме, яғни аналитикалық жолмен беріледі. Мысалы: «*мәдениет қырқалары*», «*мәдениет төбелері*», «*мәдениет жұғысы*», «*мәдениет тараған жолы*», «*мәдениет бесігі*» («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); «*дыбыс жүйесі*», «*сөз жүйесі*», «*сөйлем жүйесі*» («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926) т.б. Бұл да – осы жанрдың стильдік ізденісінің жемісі, сондықтан XX ғасырдың бас кезінде ғылыми ұғымдарды қазіргідей жеке терминмен атаудан гөрі,

оларды түсіндіру ниеті басым екені байқалады, яғни лингвистикалық мақсаттан гөрі, ағартушылық мақсаты жоғары тұрған сияқты. Бұл – заман талабы.

Терминдердің тұрақталу, нормалану процесі өте әлсіз: көпшілігі екі-үш вариантта келеді. Мысалы, осы күнгі «ғалым» сөзінің мағынасын «қазақ білімпаздары», «ойшы кісі» («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926) және «білгіш», «қазақ жақсылары», «Еуропа даналары» сөздері береді. Мұның «дана», «білгіш» варианты жиірек қолданылған, бұл сөздер А.Байтұрсынұлы, сондай-ақ Қ.Сәтбаев тілінде де кездеседі, соған қарағанда, «ғалым» ұғымын қазақтың өз сөздерімен беру тенденциясы болғаны байқалады. Сондай-ақ, белгілі бір нәрсенің негізін салушы мағынасында «атасы» сөзінің қолданылуы кездеседі. Мысалы: ...*Түрікпен әдебиетінің атасы саналатын Мағтұмқұлы, Ресей пантюркизмнің атасы Измайл Гаспринский* («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934).

Бұл стильде шет жұрттық мемлекет аттары (*Еуропа, Англия, Азия, Франция т.б.*), топонимдер, адам есімдері кездесе бастайды. Мысалы, А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов мақалаларында материк аттары (*Еуропа, Азия, Америка, Аустралия т.б.*), Еуропа мемлекеттерінің аттары (*Франция, Испания, Польша, Шуетсария т.б.*), Азия мемлекеттерінің аттары (*Армения, Грузия, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан*) толық келтіріледі және орысша атауларына жуықтата берілетіндері (*Росия*) бар. Бұлардың кейбіреулері «деген жер», «деген ел», «деген адам» деп, олардың жер-су, ел, адам аттары екені түсіндіріліп те отырады, бұған сол кездегі оқырманның білім дәрежесімен санасу қажеттігі мәжбүр еткен. Мысалы: *Мелиоранский деген профессор, «Қандырша» деген жерде*. Бұл құбылысты да қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы кезеңіне тән стильдік белгілердің бірі деп қарауға болады.

Грамматикалық тұлға-тәсілдердің көрінісі жағынан бұл стильге қатысты екі жайтты көрсетуге болады. Бірі – морфологиялық тұлғалардың таза қазақ тілінікі екендігі, мұнда «түркілік» элементтер кемде-кем. Кей азат жолдағы сөйлемдерде қазіргі морфологиялық нормаға сәйкес келмейтін формалар да кездеседі. Мысалы: *біреуді-ақ, әнпаздар, талайлы жұрттар, соның үшін* («Өлең һәм айтұшылар» С.Торайғыров, 1913); *егерде, күнге шейін, егіп шығарсада, 2 інші, 3 інші, бұ да, шаруалық жағдайы жылылық жағдайы мен кіндіктес, артықрақ* («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); *оп-оңай-ақ* («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926); *1521 жылдан 1534 жылға шейін, ұзына бойында, көрінетін-ді, аңғарған болар едік, шатаспаған болар едік* («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Бұл формалардың біразы сол кезеңдегі әдеби тілдің нормасы болса, енді бірқатары іздену жолындағы тілдік үдерістер болатын.

Мәтіндерде ХХ ғасырдың басына тән, қазіргі қазақ тілінің морфологиялық құрылымынан ерекшеленетін формалардың бары байқалады. Мәселен, Қ.Жұбановтың «Еленбеген ерекшелік» мақаласында *Абай өлгеннен екі жыл соң* («екі жылдан соң» деп, «соң» септеулігінің алдында шығыс септігі түсіріліп айтылатын еді), *неміс тілімен жазғандығы* (неміс тілінде жазылған), *оның өлеңі бол, қара сөзі бол* (оның өлеңі болсын, қара сөзі болсын), *13 жыл ұдайынан* (13 жыл бойы), *XIX ғасырдың соңғы жарымындағы* (XIX ғасырдың соңғы жартысындағы), *төтепкі беруге талаптанған* (төтеп беруге талаптанған), ал Қ.Сәтбаевтың «Ер Едіге» мақаласында *болуынан керек, қоюға да мүмкін* (болуы керек, қоюы мүмкін), *Түркістан жағына қарата* (Түркістан жаққа қарай, қазіргі қазақ тілінде елді мекенді білдіруде «қарата» шылауы қолданылмайды), *біржолында* (біржол, біржолата), *1398 жылы жаз* (1398 жылы жазда, жатыс септік формасын түсіріп қолданған), *құрбан істемекші* (құрбан етпекші), *жалпыша* (жалпы), *болмақшы емес* (болмайды), *өз бетіне жеке отау тігіп* (өз бетімен отау тігіп), С.Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар» мақаласында *жесіп тұр* (жесіп қалу), *жаңғырықтырып* (жаңғырып), *ойына қозғалып түсіп* (ойына түсіп) т.б. қолданыс формалары кездесті.

Сондай-ақ, «е» көмекші етістігінің («Еленбеген ерекшелік» мақаласында *еді* жедел өткен шақ түрінде 19 рет қолданылған), «-ді» демеулік шылауының, *-менен* көмектес септігінің белсенді қолданысы байқалды. Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын *-уға айналды* (құтылуға айналып), *-ып тұр* (жазып тұрып), *-ып-іп-ып* (жазып жүріп барып – үш компонентті формант) сынды етістікті тіркестер де кездесті.

Екінші ерекшелік – бұл стиль қазақ жазба проза тілінің синтаксистік нормаларының бастауын көрсететіні. Ең алдымен, сөйлеу тіліне тән еркіндік едәуір сақталған. Атап айтқанда, бастауыштың баяндауыштан бұрын орналасуы, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелердің өздеріне қатысты сөздердің алдында келуі жүйелі кездеседі. Мұнда құрмалас сөйлем компоненттері де көбінесе дұрыс орналасқан: бағыныңқы сөйлем басыңқыдан бұрын беріледі: *Бұл туралы «Қызыл Қазақстанға» айрықша мақала жазып едім, сондықтан мұның ережелерін қайта айтудың керегі де жоқ болар* («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926). Дегенмен кей сөйлемдерде мәтіндегі сөз стилін жасап тұрған синтаксистік формалар да кездеседі: *Кемпір-шалдарымыздың да: Ай-хай, заман-айының» біреуін қосылып жүрген осы әндеріміздің жоғалып бара жатқандығы. Көңіл қарайтын, рух бұзатын ескі балдыр-батпақ өлеңдердің тұсында әннің базары аспанға шытып мынадай жаңа рух, таза қан, түзу кеуілді халқымызға қолмен жуып тыға алмай жүрген тарылмалы заманда сөне қалуы баяғы ашылмаған қазақтың соры-дағы.* («Өлең һәм ай-

тушылар» С.Торайғыров, 1913); *Шаруалық өзгерісінің жолын бөлүүші немесе білгіші Ф.Лист дегендікі. Жылына сол алыс-беріс болып тұрмаса, мемлекет шаруалығы күйзеліп, түрлі кәсіптер сынбақшы, халық афатқа ұшырамақшы. Мәсәла, Англиаға басқа мемлекеттерден астық бармаса, халқының үштен екісі аштан қырылмақшы. Росиа астығын басқа мемлекеттерге жібере алмаса, Росиа шаруашылығы күйзеліп, мемлекет байлығы сынбақшы. Сөйтіп мемлекет қамы деген екі ұшты нәрсе болып табылады («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915).*

Жалпы мәтіндегі егістік, үстеу, сын есім, шылаулар қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес келеді. Ғылыми-көпшілік стильде қазақ тіліндегі шылаулардың функциясы белсенді бола бастаған. Бірыңғай мүшелер мен құрмалас сөйлем компоненттерін бірақ, себебі біресе, тым болмаса, немесе, өйткені деген жалғаулықтар арқылы байланыстыру едәуір жүйелі жұмсалады. Мысалы: *Сендердің мақсаттарың қазаққа жан кіргізу болса, бұларың лаққандық, әдебиеттің не екеніне түсінбегендік, тым болмаса «Тақи гажап» оқып шықпадыңдар ма? («Өлең хәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); Едігенің ең ақсайтын жері Қабантын алыпты қан майданында күші асып өлтірмей, қапылыста қармауға алғандығы. Бірақ елдің сыны Едігенің бұл ісін де оның жолдасқа опашылдығына, өзінен басқаның өміріне ойыншық көзбен қарамайтын рақымшылдығына жатқызып отыр, өйткені 9 батырдан айырылып, Сатемір ханның еліне бетті түзегенде жолдан кездескен, жанындағы 17 серігіне бұлайша беретін серті бар-ды («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927); Абайдан пролетариат төңкерісіне басшы болуды, немесе «Капиталдың» авторы болуды талап етуіміз орынсыз («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Ал Қ.Жұбанов мақаласында өйткені шылауын үйткені формасында қолдану жиі (4 рет) кездеседі.*

Сонымен қатар түркі жазба дәстүріне тән хәм («және» мағынасында) жалғаулығы да қолданылады. Мысалы: *«Өлең хәм айтушылар» («Өлең хәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); Мұнда екінші хәм үшінші қырқалардың тұсындағы болған шаруашылық түрлері туралы талас бар («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915).*

Кей авторлардың мақаласында есімдіктің актив қолданысы байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов *ол, сол* есімдігін, Қ.Сәтбаев *бұл* есімдігін жиі қолданған. Авторлардың есімдікті қолданудағы себебі ойға, ақпаратқа екпін беру екені байқалады. Кейде тұжырым жасауға, ой қорытуға, бағалауыштық мән беруге дәнекер ретінде де пайдаланылады: *Бұл – «тіл сақтау», «тіл байыту» жақтарынан үлкен бағалы нәрсе. Бұл – әдебиет жағынан маңызды нәрсе. Бұл – тарих жағынан қымбат нәрселер. Бұл – тарихи қателік («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927).*

Мақалаларда түрлі көзқарастар жүйесін бір арнаға салып жинақтау, қо-

рыту, талдау әдісі бар. Мәселен, Қ.Сәтбаевтың «Едіге» жайлы алуан пікірлерді, дәлелдерді қорытатын жолдары: *Сонымен, сөзді қорытсақ ел аузындағы Едіге, сайып келгенде, батырлық пен билікке бірдей ие болған «шын ер» болып табылады.* Автор бұдан әрі осы көзқарастардың сүйенген дәлелдерін тұжырымдар түрінде береді. Сондай-ақ, ғылыми баяндау, дәлелдеу, салыстыру әдістері кеңінен қолданылады.

Дәлелдеу: Тоқтамыстың 9 батырының біріне де қайырылмастан аштыққа да, жалғыздыққа да көніп, Едіге алыста әлде қайдағы Сатемір ханның еліне «шу» деп жүріп кетеді. Сондағы серігі астындағы жалғыз Тарлан боз ғана. Мұның бәрі де Едігенің шын батыр екендігіне дәлел нәрселер. Және де Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті көсемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде. Бұған дәлел Тоқтамыстың 9 батыры түйдегімен келіп, бір Едігеге бата алмайтындығы («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927).

Салыстыру: Сондықтан егер де ол Қабантынмен кездескен жерден ақыл – айлаға жол бермей тура төбелеске ұмтылса, онда 17 серігіне ту баста берген уәдесін жұтқан опасыз адам болып табылар еді; Мұнан егерде хан мен би екі бөлініп, таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашанда бидің жағына ауып отыратындығы көрінеді («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927).

Мақалалардың оқырманға әсерін жоғары, орташа, төмен деңгейлерінен қарағанда Елдес Омарұлының «Орысшаланған қазақ тілі» мақаласының әсері жоғары деген шешімге келдік. Себебі мақала түсінуге жеңіл, нақты, дәйекті тілмен жазылған. А.Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгеріс», С.Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар», Қ.Жұбановтың «Еленбеген ерекшелік», Қ.Сәтбаевтың «Ер Едіге» мақалаларының әсері орташа деп бағаланды, себебі құрмалас сөйлемдер көп, ақпарат көлемі үлкен. Бұл мәтінді, автордың айтпақ ойын түсінуге кедергі келтіреді.

Жоғарыда аталған ойды толығырақ ашып, дәйектеу үшін мәтін әсерін жасап тұрған стильдік қолданыстарға, ерекше сөз тіркестеріне тоқталайық. Мұндай көркем жүйенің әр авторға тән өзіндік сипаты болады. Мысалы, кейбір қаламгерлер шығармаларында теңеу мен эпитеттер, кейбір ақын-жазушыларда ауыспалы мағынадағы поэтикалық құралдар, үшіншілерінде синтаксистік айшықтаулар көбірек кездеседі: *көңілді түзейтін машина, малшы-құлшы, қайдағы-жайдағы, көңіл көздері, буын босатады, жер бауыры суық, қазақшылықтың шылығы, қара күңгірт қапаға булыққан заман, ескі балдыр-батпақ өлеңдер, таза қан, түзу кеуілді халқымыз, қолмен жуып тыға алмай жүрген заман, әнпаз адамдар («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); анайы күй, өмір шегу, аңсымақ халық, жақын сыбай ұлттар, керексіз әңгімеден болып табылмас, халық қалыңдығы, жер жүзі үйек-үйекке тілініб бөлінеді, зейін құуаты, ұйық кетіру,*

бөгеттік жоғалды, мешеу қалған, адамы қалың жер, жоғары-төмен жік, осы өтейін деб тұрған жылдың басы, жұмысқа шабан, ойға олақ, білімге ынтысыз, кәсіпке талапсыз, ауға түсіп қалған маймылдай, кіндіктес, аңсымақ жұрт («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); тасырқаған малдың тұяғынша, жауар күндей торланған, кетер құстай сайланған, «Кеңесінің бұрышы, кең қарынның құрышы», аруағы күшті көсем, сәулесі күшті шолпан («Ер Едіге» Қ.Сәтпаев, 1927); ақыл кездемесі, сол дәуір тудырған титандардың бірі, өсіңкі тұрмыс тілегі, жаңалық желісінің шет бұршағы («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Сондай-ақ тұтас сөйлем ретінде стильдік бояуы бар мынадай сөйлемдер кездеседі: Әннің базары аспанға шытып мынадай жаңа рух, таза қан, түзу кеуілді халқымызға қолмен жуып тыға алмай жүрген тарылмалы заманда. Бір халықтың сүтпен бірте байланысқан ірік-шірік қара кеуілдерін аршып, жаңа рухпен қандыратын, таза бейілімен жандандыратын машина. Көк шалғынға ақбоз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда! Ол машинаның тетігін біліп сайратып, есіткендердің аузынан суын ағызып көңілдеріндегі уын шығаратындар кім?! («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); Америка мәдениет өріс бастайды. Мәдениет орын тебіб жарытқан жоқ. («Шаруалық өзгеріс» А.Байтұрсынұлы, 1915); Қолындағы малы борышынан анақұрлым кем сорлының борышы сықылды. Орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткеннен болады. («Орысшаланған қазақ тілі» Е.Омарұлы, 1926); Ол кезде «қазақ» елі өз бетіне жеке отау тігіп, «қазақ» атын киіп, айдар тақпаған мезгіл. Көпшілік қашанда әділ, тура айтады, онда бұлталақ болмайды. Біреуді сүйсе, оны тым ардақтайды, бойына жапсырмайтын қасиеті болмайды: теңіздей терең ақыл, болаттай берік қажыр, таудай биік дәреженің бәрін де оның бойына үйіп-төгеді. («Ер Едіге» Қ.Сәтпаев, 1927); Ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып, батыс ауасынан әлі тыныс ала қойған жоқ. Тозған мұсылман күншығысының мәдени қалыбын бұзып, көнерген халық даналығының тар аумағынан шығып, әдебиет маңдайын жаңа арнаға қарай бұрған, жер жүзі әдебиетінің кеуде жеріне қарай жетелеген. Жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Оның төңірегі Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені классик Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой. Мәржани – шіріген ислам іргесін ақыл кездемесімен жамамақ болған. Онда да «бармақ өлшеулі», «қансығы таңсық» көрінетін-ді. XIX ғасырда қазақ ауылында жасаған, сеңсең тон, шидем күпі киіп, Шыңғысты жайлаған Абайдан пролетариат төңкерісіне басшы болуды, немесе «Капиталдың» авторы болуды талап етуіміз орын-

сыз; бойына шақтап тон пішуіміз керек. Өз жанынан жазғандары да дінге қатысты трактаттар ғана емес, «өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін ондай сала алмайтын» сұлу өлең, шешен сөз («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934). Мәтінде прецедентті мәтіндерді, цитата, метафора, метонимия мен аллюзия құбылысын қолдану арқылы интертекстуалдылық құрылымдарды құру тәсілі кездеседі. Мұндай құрылымдарды авторлар ойын жинақы, дәл, жылдам, кейде көркем жеткізу үшін қолданған. Бұлар – ХХ ғасыр басындағы ғылыми-көпшілік мәтіндерге тән ерекшеліктер.

Кез келген автор мәтінді көркем қиыстырудың, ойды ұтымды жеткізудің, жағдаятты дәл сипаттаудың жолдарын үнемі қарастырып отырған. Мысалы, Абдолла Тоқайлар «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» жазылғанда, туған да жоқ еді...; Нариман жолдастың «Тойы» Абай өлгеннен көп кейін жазылған еді» («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934); «...тым болмаса «Тақи ғажап» оқып шықпадыңдар ма?» («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913) деген сөйлемдер шығарма стилін айшықтап тұр. Мұнда авторлар прецедентті есімдерді пайдалану арқылы мақала мазмұнын жеңіл қабылдаудың жолын таңдаған. Мысалы, «Мәржани – ...Қазанның Лютері еді...; Мәржани – арабша сөйлеген оқымысты бір молда ғана еді; ...сол дәуір тудырған титандардың бірі Лютер екенін айтады; Ренессанстай ұлы нәсердің ірі жемістері: Леонардо да Винчи, Альбрехт Дюрер болуы да Абайға «бұйырмаған»; Бұл – өз ортасының Дантесі сияқты. Бірақ Данте – ескінің соңы, жаңаның алды еді; Ол – соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің шет бұршағы сияқты» деген метафораның жарқын үлгілері (қарамен көрсетілген сөздер) кездесті («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934).

Мақалаларда метонимия тәсілі арқылы да сөз айшықтау бар. Мысалы: «Кемпір-шалдарымыздың да: «Ай-хай, заман-айының» біреуін қосылып жүрген осы әндеріміздің жоғалып бара жатқандығы; Мағынаны (кітап, газет, мағыналы әңгіме, ғылым, өнер-білім жайлы тұщымды сөз) керек қылмаса да, әнге бола жиылады («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913); «Насиридің «таза татаршасы» да Абайдың қазақшасындай таза...» («Еленбеген ерекшелік» Қ.Жұбанов, 1934).

ХХ ғасыр басындағы ғылыми-көпшілік мәтіндерге тән ерекшеліктің бірі — цитата кіріктіру. Оны мақал-мәтел, нақыл сөз түрінде кіріктірсе, енді бірде шығарманың үзіктері түрінде сәтті қолдана білген. Мәселен: *Едіге бидің тартысы да сайып келгенде ханнан билік кетіп, биге мәдет жету мен хан қашып, бидің қууымен тиянақталады* («Ер Едіге» Қ.Сәтбаев, 1927).

Кей авторлар ойын әсерлі, дәлелді жеткізу үшін аллюзия тәсіліне жүгінген. Мәселен: *онда да айтады: «дажал» деген біреу шығып, халықты гүрілімен,*

дүрлімен ерте алмайды, әншісі, сырнайшысы, сауықшысымен қызықтырып ертеді» дегенді көрмедіңдер ме? Оған аузымды ауыртпасам да белгілі, ол енді көрген түс мысалында, «жер бауыры суық» деп қоюға лайықты нәрселер («Өлең һәм айтушылар» С.Торайғыров, 1913). Мұндағы «дажал» – діни-мифологиялық персонаж, ақырзаман боларда жер бетіне түсетін, адамзатты азғыратын жаратылыс. Ал «жер бауыры суық» тұрақты тіркесін автор негативті-нарративті күшейту үшін, яғни қазақ ән-күйінің «өлген сәтін» бейнелеу мақсатында қолданған.

Ғылыми-көпшілік әдебиет тілі бірден қалыптаса қалған жоқ, сондықтан оларда сол кезеңдегі көне түркі әдеби тіл дәстүрі – кітаби тілдің де, тіпті сөйлеу тілі элементтерінің де қолданылуы заңды құбылыс. Ең бастысы, бұл кезеңде қазақ тіліндегі жартылай ғылыми-көпшілік әдебиет өзге жазба стильдерге (публицистикаға, ресми-қатынас қағаздарына) қарағанда бірден «қазақы» сипат ала дамыды деуге болады, яғни оның лексика-грамматикалық құрылымы қазақ тіліне негізделеді.

Қорыта айтқанда, мақалада ХХ ғасырдың бас кезіндегі мәтіндерді негізге ала отырып, қазіргі ғылыми-көпшілік әдеби стильдің қалыптасуы мен жетілуін саралау мақсатында талдаулар жасалды. Зерттеу барысында негізгі екі бағыт ұстанылды. Бірі – мәтіннің құрылымдық сипаты, енді бірі – мәтіннің стилистикалық сипаты. Мәтіннің құрылымдық, стилистикалық сипатынан төмендегі ерекшеліктерді атауға болады:

- білім-ғылымға қатысты алғашқы терминдер осы аталған стильде көріне бастады;
- терминдер орыс тіліндегі түпнұсқасында, қазақша баламасымен немесе қазақ тіліндегі түсіндірмесімен берілді;
- терминдердің көпварианттылығы осы кезеңдегі жазба мәтіндерге тән;
- кейбір морфологиялық формалардың өзгешеліктері болмаса, негізінен морфологиялық тұлғалар қазақ тілінің ұлттық сөзжасамына тән;
- етістік, үстеу, сын есім, шылаулар қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес;
- сөйлем синтаксисі бойынша бастауыш баяндауыштан бұрын орналасады, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш өздеріне қатысты мүшелердің алдынан келеді;
- сөйлемнің күрделі түріне қарағанда жай және жайылма түрлері ойдың ықшам берілуіне негіз болған;
- мәтінде ауызекі сөйлеу тілінің элементтері кіріктірілген;
- мәтіндерде қазіргі ғылыми стильге тән сілтеме беру мәдениеті қалыптаса бастаған;

– мәтін әсерін жасап тұрған стильдік қолданыстар мен ерекше сөз тіркестері, атап айтқанда прецедентті есімдер, цитата, метафора, метонимия мен аллюзия тәсілдерін қолдану жиі кездеседі;

– мақалалар ағартушылық мақсатта болғандықтан жұртқа түсінікті, жеңіл, айқын тілде жазылған.

Мақала ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты зерттеу аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XXғғ.): Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 242 б.

2. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Үш томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 80-83 б.

3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Шаруалық өзгеріс. Қазақ және орыс тілдерінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – 384 б.

4. Елдес Омарұлы шығармалары. 1-том. – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. – 126-129 б.

5. Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық / Құраст. Қ.А.Ақышев, Т.М.Әлжанов – 2-бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. – 322-331 б.

6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1965. – 286-306 б.

Бекен Сағындықұлы

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы,*

Айсұлу Адамова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің докторанты*

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ЛИНГВОБИОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

Аңдатпа

Тіл білімі қоғамдық ғылымдар қатарынан саналады және тілдің әр алуан сипатын, қызметін зерттейді. Тілдің ішкі жүйесіндегі сан алуан ерекшеліктер де тіл біліміне қатысты зерделенеді. Сонымен қатар тіл білімі сыртқы қоғамдық құбылыстар әсеріне сай даму, өзгеру сипатында болады. Мақала авторлары тілдің аталмыш қасиетіне жаратылыстану ілімдерін объектіге тарта отырып көз жеткізеді. Мұны тіл білімінің конфликтологиялық аспектісі деп бекітуге болады. Демек, конфликтологиялық аспект мақаланың актуальдылығына дәлел бола алады. Мақаланың мақсаты – алғашқы қазақ тіл білімпаздарының лингвобиологиялық сипаттағы ғылыми тұжырымдарын саралау. Бұл мақсат кемі екі міндеттің орындалуын қалайды: 1) жалпы еуразиялық ғылыми ортаға алғашқы қазақ тіл білімпаздарын таныстырады және олардың ғылыми-педагогикалық еңбектерін тарқатады; 2) жалпы ғылымаралық байланысты адам және тіл, тіл және биология, тіл және сөйлеу, тіл және ойлау арақатынасы арқылы шешуді міндеттейді.

Кілт сөздер: *тіл тарихы; тілдік тұлғалар; сөйлеу палеонтологиясы; патопсихоллингвистика; сөйлеу; ойлау; субъект; грамматикалық құрылыс*

Аннотация

Лингвистика является одной из общественных наук и изучает различные характеристики и функции языка. Различные особенности внутренней системы языка изучаются и применяются к лингвистике. В то же время лингвистика развивается и изменяется под влиянием любых внешних общественных явлений. В указанных свойствах языка авторы статьи убеждаются, применяя в исследовании некоторые категории естественных наук.

Конфликтологический аспект языкознания. Доказывает актуальность данной статьи.

Цель статьи – дифференцировать научные выводы в трудах первых казахских лингвистов. Это требует решения как минимум двух задач: 1) знакомство первых казахских лингвистов с общей евразийской научной средой и распространение их научно-педагогических трудов; 2) установление общих межнаучных отношений через отношения человека и языка, языка и биологии, языка и речи, языка и мышления.

В качестве методологии статьи рассматриваются первые научные труды казахских учёных (А. Байтурсынулы, К. Жубанулы, С. Аманжолулы) и их научные сентенции. Приведены конкретные примеры и факты упомянутых ученых, относящиеся к родственным тюркским языкам (казахскому, чувашскому, якутскому). Кроме того, материалы словаря казахского литературного языка и научные труды дали много методической информации.

Статья основана на методах исторического сравнения, научного анализа, оценивания и сбора данных. Основные результаты статьи отражаются в отношении языкознания и естествознания. Аналогичным образом, представленные в небольшом объеме проблемы палеонтологии речи и патопсихолингвистики заставляют исследователей задуматься и приводят к широкому изучению общенаучных исследований в этом направлении.

Ключевые слова: *история языка, языковые личности, палеонтология речи, патопсихолингвистика, речь, мысль, субъект, грамматический строй языка.*

Abstract

Linguistics is one of the social sciences and studies the various characteristics and functions of language. Various features of the internal system of language are also studied in relation to linguistics. At the same time, linguistic knowledge develops and changes under the influence of external social phenomena. The authors of the article are convinced of this property of language by applying natural science teachings to the object. This can be argued as a conflictological aspect of linguistics. This means that the conflictological aspect can prove the relevance of the article.

The purpose of the article is to differentiate the scientific conclusions of the first Kazakh linguists of a linguobiological nature. This goal requires the solution of at least two tasks: 1) introduces the first Kazakh linguists to the common Eurasian scientific environment and disseminates their scientific and pedagogical works; 2) obliges to solve general interscientific relations through the relations of man and language, language and biology, language and speech, language and thinking.

The first scientific works of the first Kazakh scientists are considered as the methodology of the article. In particular, the scientific principles of A. Baitursynuly, K. Zhubanuly, S. Amanzholuly were in the spotlight. Given specific examples and facts related to Turkic languages (Kazakh, Chuvash, Yakut) were given. In addition, materials from the dictionary of the Kazakh literary language and information from Wikipedia provided a lot of methodological information.

The article is based on the methods of historical comparison, scientific analysis, analysis and collection. The main results of the article are reflected in the connection between linguistics and natural science. Likewise, the problems of paleontology and pathopsycholinguistics, presented in a small volume, make researchers think and lead to the study of general scientific research in this direction.

Keywords: *history of language; linguistic personalities; paleontology of speech; pathopsycholinguistics; speech; thought; subject; grammatical structure of language.*

Қазақ тілінің де басқа түркі тілдері сияқты жан-жақты зерделенуіне алғашқы түркі тіл білімін зерттеушілердің әсері мол болды. Олардың жазбаларындағы тұжырымдардың қай-қайсысы болмасын, тіл білімінің әрбір саласын қанағаттандырып отырды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығына тиесілі еңбектердің бүгінгі күні де бағыт-бағдар ретінде жұмсалатындығын ескерсек, олардың көкейтесті мәселені қозғағандығына қаныға түсеміз [1]. Түркі тілдеріне қатысты жалпы еңбектермен қатар жеке тіл біліміне қатысты ізденістер де орын алды. Мәселен, Ы.Алтынсарин 1879 жылы жарық көрген «Киргизская грамматика» оқу құралында қазақ грамматикасына қатысты ой өрбітті. Тілтанушы орыс графикасы негізінде өзі түзген қазақ алфавитіне аса мән берді, сонымен қатар сөз таптарын саралап, олардың терминденуіне жол ашты. Тілді сол уақыт шамасымен алғанда жоғары дәрежеде сипаттауға Ы.Алтынсарин мен Н.И.Ильминский арасындағы достық қарым-қатынас әсер етті десек болады. Мұның сыртында В.В.Радлов еңбектерінің орны тіптен бөлек еді. Солай бола тұра, түркі тілдерінің дамуындағы басты еңбектер (№1-әдебиеттер) көбіне салыстырмалы-салғастырмалы сипат алды. Кей жағдайда белгілі бір тілдің ішкі даму жүйесін көрсетті. Осылайша тілдің грамматикалық құрылымын жетілдірді. Бірақ тілдің басқа арнасын, әсіресе басқа ғылым салаларымен байланысын таныта алмады. Нәтижесінде, түркі тілдерінің ғылым ретіндегі әлеуеті ашылмай қалды деп білеміз. Осыдан барып түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы тілінің ғылыми тұрғыдан даму арнасын 1930 жылдар еншісіне енгізу қалыптасып кетті. Шын мәнінде, солай ма? Қазақ тілін басқа ғылым салаларымен тығыз ынтымақтастықта қарастыру қай кезеңнен басталады? Зерттеудің көкейкестілігі осы сұрақтарға жауап алудан танылады.

Екінші жағынан, конфликтологияны тіл біліміне жақындатудың уақыты келді. Википедия мәліметіне сүйенсек, «Конфликтология – междисциплинарная область знания, изучающая закономерности зарождения, возникновения, развития, разрешения и завершения конфликтов любого уровня». Конфликтология ХХ ғасырдың ортасында ғана жеке ғылым ретінде бағалана бастайды (Льюис Козер, Георг Зиммель, Ральф Дарендорф). Ол уақыт шамасында да, қазіргі күні де бұл ілім қатарына тіл білімі жатқызылған емес. Конфликтологияның өнертану, тарих, математика, педагогика, политология, құқықтану, психология, социология, социобиология, философиядағы көріністері сипатталып отырды. Бүгін де бар. Сондықтан көптеген ғылым салаларының тіл білімімен қарым-қатынасын зерттеу әлі де болса күн тәртібінен түскен жоқ.

Мақала мақсаты – алғашқы қазақ тіл білімпаздарының тұжырымдарынан ғылымаралық байланысты анықтау. «Алғашқы қазақ тіл білімпаздары» болып ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы, тіл білімінің бірінші профессоры Қ.Жұбанұлы, мектеп және жоғары мектепке арналған алғашқы оқулықтардың авторы С.Аманжолұлы саналады. Сондықтан да зерттеу қазақ тіл білімінің басқа ғылым салаларымен арақатынасы ретінде 1) А.Байтұрсынұлының ғылыми ойларын айқындауды; 2) Қ.Жұбанұлының ғылыми негіздемесін таразылауды; 3) С.Аманжолұлының ғылыми ұстанымдарын тарқатуды басты міндеттер санайды.

Мақала методологиясы ретінде алғашқы қазақ ғалымдарының алғашқы ғылыми еңбектері саналады. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанұлы, С. Аманжолұлының еңбектеріндегі ғылыми ұстанымдар басты назарда болды. Олардың туыстас түркі тілдеріне (қазақ, чуваш, якут) қатысты нақты мысал-деректері дәйекке тартылды. Сонымен қатар қазақ әдеби тілі сөздігінің материалдары, шетел тілдерінің сөздіктері мен әлеуметтік желі мағлұматтары мол методологиялық ақпараттар берді.

Мақалаға тарихи-салыстыру, ғылыми талдау, талдау-жинақтау әдістері арқау болды. Мақаланың негізгі нәтижелері тіл білімі мен жаратылыстану ілімін байланыстырудан көрінеді. Сол сияқты шағын көлемде келтірілген сөйлеу палеонтологиясы, патопсихолингвистика мәселелері ізденушілерге ой салып, жалпы ғылымның осы бағыттағы ізденістерін туғызуға әкеледі.

А.Байтұрсынұлының ой-тұжырымдары – конфликтологиялық аспект ретінде. Қазақ ғылымының бастауында тұрған – А.Байтұрсынұлы. Ғалым тіл біліміне қатысты тұжырымдарын «Тіл – құрал» атты еңбегінде жинақтаған. Аталған еңбек 1914-1928 жылдар аралығында бірнеше қайтара жарияланып, тіл білімінің барлық саласын толық қамтыған. Алғашқы құрал «Қазақ тілінің сарфы» (Грамматика казахского языка) деп аталып, 1-жылдық (1914) және 2-жылдық (1915) болып сараланған. Мұнда қазақ тілінің дыбыстары мен сөз таптарының заңдылыққа

сәйкес жүйеленгенін байқауға болады. Онан кейінгі «Тіл – құрал» атауындағы еңбектер «Дыбыс жүйесі мен түрлері» I тілтанитқыш кітап; «Сөз жүйесі мен түрлері» II тілтанитқыш кітап; «Сөйлем жүйесі мен түрлері» III тілтанитқыш кітап деген атаумен оқырманын тауып отырған. Кітапты тіл білімі жүйесін таныстырған десек те, ғалымның тілдің басқа ғылым салаларымен ара қатынасын айқындаған тұстары жетерлік.

А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы «Қазақ тілінің сарфы» еңбегі «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді?! Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді» деген сөйлемдер байланысымен басталады [2, 13]. Дәл осы байлам «Тіл – құрал» I тілтанитқыш кітапта да сақталған. Жалпы, ғалымның кітап аталымында бір тылсым күші бар. Орыс ілімі мұны «Язык – инструмент» деп көрсетер еді. Солай бола тұра, А.Байтұрсынұлы басқа тілге аудару/аударылуын мақсат етпеген. Тіпті, оның алғашында қазақ балаларының өзіне тосын естілетінін ескерткен: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер. Өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң, жатырқау қалатын» [3,142].

Аталған қос кітаптың басталуындағы үш сөйлемдік мәнмәтін «тіл» сөзін үш қайтара пайдаланады. Оның өзіндік мәні болса керек. Біздіңше, бірінші сөйлемдегі «тіл» – анатомия-физиологиялық нысан. Демек, тіл органдық қызмет атқарады. Екінші сөйлемдегі «тіл» – логико-психологиялық нысан. Демек, адамаралық қарым-қатынас – байымдау (логика) мен сөйлеудің (психология) арақатысынсыз болмайды. Үшінші сөйлемдегі «тіл» – социофилософиялық нысан. Демек, сөйлеу әрекеті әлеуметтік топ мүшесінің қарым-қатынасына тәуелді. Ал осы үш қасиеттің бірлігін танытатын нәрсе, ол – адам категориясы. «Тіпті адамның миында да тілге белгілі бір орын берілген. Приматтардың (маймылдардың) айғайларына ми қабығы емес, ми өзегіндегі филогенетикалық ескі нейрондар құрылымы мен эмоциялардың қалыптасуымен байланысты лимбтік жүйелер бақылау жасайды. ...Ми қыртыс асты тіпті саусағын балғамен ұрып алғанда Туретта синдромындағы шыңғыру сияқты еріксіз аузыңнан шығатын айғай-шуды да бақылайды» [4, 277]. Тек осындай жағдайларды меңгергеннен кейін ғана адам тілді *жұмсайтын қару* күйінде пайдаланады.

А.Байтұрсынұлының пайымында, адам (*homo sapiens*) ең алдыңғы қатардан орын алады. Қарапайым ұғымда адам – адамзат өкілі. Бұл сөзді қазақ *тірі жан, тіршілік иесі* деген сипатта да қолдана береді. Екінші жағынан тіршілік сөзі

жалпы қоғамдағы, табиғаттағы қозғалыс иесіне қарата айтылады. Тіршілікті «өсімдіктің, жануарлардың немесе тұтас биоценоздің тіршілік етуіне қажетті жағдайлары бар орта» деп түсіндіретін биология ілімі тіршілікке бейімділікті жаратылыстану аспектісінде қарастырады: «Тіршілікке қабілеттілік – организмнің үнемі сыртқы ортамен қарым-қатынаста болып, қоршаған орта жағдайы өзгерген кезде тіршілігін сақтап қалуға икемділігі» [5, 630]. Әрине, қоршаған ортаға қабілеттілік кез келген тіршілік иесіне тән құбылыс. «Биологиялық көзқарас бойынша, адам өзінің табиғи жаратылысы тұрғысынан есептегенде, жердегі мақұлықтардың жоғарғы даму сатысы болып есептеледі» [6, 62]. Мұнымен де тоқтап қалуға болмайды. Тіл жұмсайтын қару болу қызметін тек «адамның адамдық белгісі» жоғарылаған сәтте іске асады. Ал адамдық – адамға тән ізгі қасиет, адамгершілік, кісілік. Адамның басқа тіршілік иесінен айырмашылығы да осы. Бұл – бір. Екіншіден, тілдің қарулық қызметі белгілі бір орта – әлеуметтік топ жағдайында іске асады. Осыдан барып, адамзат иесі биоәлеуметтік құбылыс ретінде бағаланады.

«Тіл – құрал» сөйлеу категориясына басымдық беріп, тілдік бірліктерді сөйлеудің кіші құралы ретінде жұмсайды. Еңбекте лингво-психологиялық бірліктер сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру болып тарқатылып отырады. Бәрімізге мәлім, психологиялық нысан – сөйлеудің аспектілері мейлінше көп. Соның ішінде сөйлеу мүкістігінің (речевая патология) кездесіп отыратыны хақ. Оның әсіресе балалар тілінде мол кездесетіні де ақиқат: «Дети с речевыми патологиями (нарушениями речи) – это дети, которые имеют отклонения в развитии речи, при этом у них нормальный слух и полноценный интеллект. Нарушения речи разнообразны и способны проявляться через нарушение произношения, грамматический строй речи, бедность запаса слов, а также нарушение темпа и плавности речи» [7]. Бұл – патопсихолингвистика деп аталатын ғылым. А.Байтұрсынұлы заманындағы (1910-1940) қазақ ілімі патопсихолингвистикамен айналысуға барған жоқ. Дегенмен алғашқы қазақ ғалымының «Тіл – құрал» еңбектерінде баланың сөйлеу мүкістігін алдын алудың, дұрысы болдырмаудың, жолдары қарастырылғандай әсер қалдырады. Мәселен, ғалымның «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді» дейтіні бар. Қазақ халқы бала тәрбиесіне аса мән берген. Соның ішінде бала сөйлеуіне о бастан жауапкершілікпен қараған. Ғалымның үлкендерден үйренеді дегені ана әлдиі мен ата-әже ертегісіне қанық 2-4 жас шамасындағы сәбиге қарата айтылған.

Ғалым сөзін жалғастырсақ, жас бала ана тілін «...тілтанытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде я ауызша айтып, я жазып қолданумен біледі» [2, 254]. Мұндағы жас

бала 5-7 шамасындағы жас өркен. Бұл кезең – баланың сөздік қорын дамыту кезеңі. Әрине, 5-7 жас аралығындағы жеткіншектің сөздік қоры тым көп емес екендігі анық. Ал сөздік қорды көбейтудің жолы – сөздің өнер сипатындағы қызметі. Ғалым байымдауынша, «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [2, 242].

Сөйлеу мүкістігінің, дұрысы бала тосылуының, енді бір кезектегі көрінісі – сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Бұл тілдік бірліктерді таныстырудың жалпыдан жалқыға қарай әдісімен жеткізілуін қалайды. Ғалымның сөйлеуден сөйлемге, сөйлемнен сөзге, сөзден буынға, буыннан дыбысқа мән беруі сондықтан. Ғалым ойынша, мектеп табалдырығына келген оқушы сөйлей алады. Ол сөйлем құрастыра да алады. Бірақ оның тілдік бірлік екеніне мән бермейді. Енді сөйлемнен кейінгі бірліктермен танысуға мүмкіндік алады. Осыдан барып ғалым «Бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болады», «Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады», «Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады», «Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады» деген дағдыландыруды жүргізеді.

Грамматикалық құрылым әр уақыт сайын дамып, жетіліп отыруы қажет. Мұны ғалым «Сөз дұрыс айтылуы» керек деп санап, оның қатарына «1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» [2, 255] екендігін алға тартады. Мұндай грамматикалық құрылымды меңгеру/меңгерту мектеп табалдырығындағы оқушы үшін міндетті. Бұл – сөйлеу әрекетінің ең бір жауапты тұсы.

Қ.Жұбанұлының ой-тұжырымдары – конфликтологиялық аспект ретінде. Қ.Жұбанұлы – тіл білімі саласы бойынша ғылыми білімге қаныққан тұлға. Ол 1928 жылы Ленинградтың шығыс тілдері институтын бітірген, 1929-32 жыдары КСРО академиясы Тіл және ойлау институтының аспирантурасында түрік тілдері және жалпы тіл білімі мамандығы бойынша оқыған. Мұндай аса жоғары білім алу оның нағыз ғылым иесі болуына жол ашты. Ол өз еңбектерінде әлемдік деңгейдегі ғалымдармен ғылыми таласқа барды. Ғалымның еңбектерінде «күншығысшыл оқымыстылар» ретінде Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, М.Терентьев, И.Лаптев, В.В.Катаринский, В.В.Радлов, Е.Д.Поливанов аталады. Ал Европаның атақты білімпазы қатарына неміс ғалымы Штейнтальды қосып, оның «Charakteristik der hauptsachlichsten Tupen des menschlichen Sprachbaues»

(Берлин, 1860) кітабындағы «рухани жалқаулық» мәселесіне қарсы дәлел айтты. Ғалым тұжырымдарында якут тілінің білімпазы Бетлингтің «Uber die Sprache der Jakuten» (Петербург, 1936) кітабына үнілгендігі байқалады. Сол сияқты ғалым араб-еврей маманы Н.Е.Вунцетель, неміс маманы Бодуэн де Куртенэ, түркі тіл білімінің білгірлері К.К.Юдахин, Шамсидин Сами, Каюм Насири, Н.Масхудов және қазақ білімпаздары А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, Х.Досмұхамедұлы еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарға қатысты өз ойларын сыни тұрғыдан жеткізіп отырған. Мұның бәріне, әрине, оның көп тілді меңгергендігі мол септігін тигізгені ақиқат.

Ғалым ғылыми-педагогикалық ісін 1937 жылға дейін жалғастырды. Онан кейінгі көп уақыт ұмыт болып, тек 1957 жылы ақталды. Ғалымның оқу-әдістемелік және ғылыми мұралары туралы естеліктер, өзінің еңбектері туралы жинақ-кітаптар 1966, 1990, 1999, 2010 жылдары жарық көрді. Оның 1930 жылдардың ішінде жариялаған еңбектерінің құндылығы басым еді. Бірақ олардың көбі бүгінгі күнге жетпеді. Баспа бетінен шығып тұрып, кітап сөрелерінен алынған шығармаларын іздестіру жұмыстары әлі де болса жүргізіліп жатыр. Солай бола тұра, алғашқы классикалық ғалымның қолға тиген еңбектерінің өзі қазақ тіл білімінің қаз-қаз тұрып кетуіне барынша әсер етті. Қазіргі уақытта ғалымның газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалары қайта оралу үстінде. Бұл еңбектерде ғалым адам мәселесін алдыңғы қатарға қояды. Мәселен, 1937 жылы «Ауыл мұғалімі» журналында жарияланған «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты мақаласында: «Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі, - дей келе, – Сөйлеуші бірдеменің жайын хабарлай тұрып, сонымен бірге сол хабары өз басына қандай әсер ететінін де – қайғыратынын, қуанатынын, опындыратынын т.т. – көбінесе қоса білдіреді. Өйткені сөйлеуші тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам» [8, 105]. Бұл жерде ғалым сөзі тіршілік иесі – адамның басқа жаратылыс иелерінен өзгешелігін айқындаған десек болады. Тіпті, ғалым грамматикалық бірлік – сөйлемге адам сыр-сипатын жабыстырады. Оның түсінігінше, «Сөйлем – басы, кеудесі, қолы, аяғы бар дене сияқты. Мұның әр сөзі тұтас бір дененің мүшелері сияктанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді» [8, 36].

Қ.Жұбанұлының 1933 жылы «Политехникалық мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөніндегі лекцияларының» күні бүгінге дейін құндылығы жоғары. Мақала ретінде жарық көрген еңбек екі дәрістен тұрады. Әрі қазақ тілінің дыбыс жүйесіне тән ерекшеліктерді қамтиды. Тек дыбыс жүйесі десек, оны толық анықтағандық болып табылмайды. Мұнда ғылымаралық салалардың байланысы жоғары сатыда сараланған. Әсіресе, физика, биология, музыка ілімінің барынша жүйеленгенін байқауға болады. Тіпті, фо-

нетика сөзінің өзінде көптеген ғылымға тән анықтағыш бар екен. «Фонетика сөзінің түбірінде алдыңғы үш дыбыс – «фон» сөзін біз басқа жерлерде де ұшыратамыз. Мәселен, граммафон, телефон, фонограф сөздерінде. Мұның бәрінде «фон» дыбыс деген мағына беріп тұрғанын білеміз. Енді фонетика сөзінің аяққы екі буыны болған «тика» жалғауын грамматика, косметика сөздерінен де кездестіреміз. Мұның бәрінде де «тика» жалғауы «жүйе», «ғылым» мағынасында екенін аңғарамыз. Демек, фонетика дыбыс ғылымы немесе дыбыс жайындағы ғылым болып шығады» - дейді ғалым [8, 15]. Мұндағы «фон» физика ілімі, косметика биология ілімі, грамматика тіл білімі ілімі, граммафон музыка ілімі екендігі айқын.

Адамның (homo sapiens) шығу тегін, қалыптасу және даму дәрежесін жаратылыстану ілімі зерделейді десек, ғалымның көптеген мақалалары осы бағытта жарияланғанын байқаймыз. Мәселен, ғалым «Бюллетени Государственной терминологической комиссии» басылымына үзбей мақала жазып отырған. Солардың дені жаратылыстануға тән пәндердің тізімі болып келген. Оны «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жайынан» деген мақала атауынан тануға болады. Тіпті, ғалым «О специфике слов-терминов» мақаласында биология іліміне қатысты сөздердің терминденуін жіті түсіндірген: «Обыденные слова отдельных языков становятся терминами, когда они освобождаются от этой национальной ограниченности, когда они фиксируют определенные научные понятия, не знающие уступок сознанию отдельных народов. Казахские слова «тау сағыз», «жабағы» оставались обыденными словами, покуда они употреблялись как выражения тех понятий, какие вкладывают им казахи. Но те же слова стали терминами, когда слова «тау сағыз» стало выражать определенное ботаническое и биохимическое понятие, а слова «жабағы» - товароведческое» [8, 363].

Биология ілімінің бір арнасы өсімдік түрлерінің құрылымын түсіндірумен сипатталады. Мәселен, «Қамыс – өзен, көл жағаларында, сондай-ақ сазды, батпақты, ылғалды жерлерде өсетін өсімдік» [9, 197], болмаса «Қурай – биік болып өсетін шөп тектес ірірек өсімдіктердің жалпы атауы және олардың мал жемейтін қатты сабағы» немесе «Көне үрмелі музыкалық аспап» [10, 205]. Дәл осы өсімдік атауларындағы дыбыс шығарушылық пен адамның дыбыс шығаратын аппаратының түп-тамыры бір. Себебі «Қай дыбыс болса да бір нәрсенің толқып, дірілдеуінен пайда болады». Сондықтан да ғалым дыбыс атаулыға тән жалпы физикалық заңдылықты өсімдік атауы мен адамның сөйлеу мүшелері арақатынасынан тарқатқан. Ғалым былай дейді: «Қурайды сыбызғы қылып тартамыз. Өйткені оның ішінің қуыс болуы үріп, дыбыс шығаруға қолайлы. Бірақ жерге өсіп шыққан қурай сыбызғы болу үшін шықпаған. Сыбызғы болу үшін қуыс болмаған. Сонда оның қолайлығын пайдаланып, адам оны кесіп, тесіп

музыка аспабын жасап алған. Осы қурайды икемдеп сыбызғы жасап алғаны секілді, адам өзінің ас сіңіру, дем алу мүшелерін де бейімдеп, дыбыстау аспабын, дыбыстап сөйлеу аспабын жасап алған. Бара-бара бұл аспап жетісіп, осы күндегідей түрлі дыбыстарды дәл шығара алатын болған» [8, 83]. Бұл жерде өсімдік пен дыбыс аппараты бір қарағанда ешбір байланысқа негізделмегендей. Бірақ олардың дыбыс шығару қызметінің арасалмағы бірдей екені дау тұдырмаса керек. Оның үстіне адам ми тамырлары мен өсімдік тамырларындағы үндестік, олардың өсіп-жетілу және таралу ықтималдығы бір-біріне сонша жақын болып келетіні даусыз.

Қ.Жұбанұлы басқа тіл білімпаздары айта алмаған аса салмақты ғылыми тұжырымды алға тартты. Ол тілдің палеонтологиялық зерттеуге зәру тұсын көрсете алды. Мәселен, ғалымның «К постановке исследований истории фонетики казахского языка» деп аталатын мақаласында тілдің қозғалыс қызметін, оның даму динамикасын, оның зерделенуіндегі тарихи принциптерді ескермеу көптеген мәселенің шешімін тежейтінін алға тартты. Бұл мақала 1935 жылы «Казахстан ғылыми-зерттеу институтының ұлттық мәдениеті» атты еңбекте жарияланған.

Әдетте, палеонтология жаратылыстану ілімі тұрғысынан түсіндіріледі: «Наука о древних (вымерших) организмах, которые сохранились в виде ископаемых остатков или оставили следы своей жизнедеятельности; раздел биологии, тесно смыкающийся с геологией» [11]. Қ.Жұбанов жаратылыстану іліміне қарата айтылған тұжырымды тіл білімі саласына сәйкестендірді: «Дело в том, что многим кажется, будто историческое изучение языка не имеет прямого отношения к языковому строительству, будто подобное изучение преследует «чисто научную», «отдаленную» цель, будто палеонтология речи, выкапывая какие-то «доисторические» формы, не способна помочь практической работе над языком: установлению к терминологии и орфографии, выработке норм литературных языков, разработке вопросов грамматики, методов преподавания языка и пр.т.п.» [8, 153].

«Лингвист не может и не должен отказываться от такого орудия познания строения речи, каким является палентология» деген ғалым төмендегі мысалды былайша тарқатады: «В казахском словоупотреблении выражения *kun kogu*, *kun eltu* – «прожить», «жизнь», подлинно означающие «видеть (когу), день (kun) или солнце», «нести с собой день-солнце», «иметь при себе солнце». Отсюда «состояние» (имущественное) обозначается выражением *kun korgew*, слово в слово означаящим «то, что дает видеть солнце». Современный казах, конечно, не связывает понятия «жить» с видением «солнца» или «дня»... Употребляя подобные выражения, современный казах отвлекается от значений отдельных

слов и все сочетание в целом воспринимает как одно слово «жить», не ассоциируя ни с «солнцем», ни с «видением», ни с «несением» [8, 158].

Ғалым палеонтологиялық құбылыстың тілге қатысты екі ерекшелігін атайды. Оның алғашқысы, жоғарыда дәлелденгеніндей, қоршаған ортаға байланысты ғылымаралық байланыстар да, екіншісі тіл білімінің салаларалық қарым-қатынасындағы ерекшеліктер. Ғалымның өзі сөзіне сүйеніп айтсақ, «Фонетика, морфология, лексика и семантика не разделены друг от друга «китайской стеной», а связаны между собой и обуславливают друг друга, переходят, переливаются друг в друге».

С.Аманжолұлының ой-тұжырымдары – конфликтологиялық аспект ретінде. 1930 жылдардың ішінде қазақ ғылым әлеміне бірнеше тұлғалар қосылды. Тіл білімпаздары қатарынан С.Аманжолұлын атауға болады. Ол ең алғашқы дейтін оқулықтардың авторы. Оның тікелей араласуымен 1932 жылы «ІУ жылдық тіл кітабы» ұйымдастырылды. 1934 жылғы мектеп оқушыларына арналған алғашқы оқулық пен 1940 жылғы жоғары мектеп тыңдаушыларына арналған алғашқы оқулық та С.Аманжолов еншісінде. Осылардың ішінде ғылыми түсінікке өте жақыны – «Краткий курс научного синтаксиса казахского языка» деп аталған еңбек. Бұл еңбек ЖОО студенттеріне арналып, 1940 жылы қолжазба құқығында дайындалды. Кітаптың бірінші бөлімі, яғни 5,5 баспа табақ көлеміндегі жалпы бөлім, 1950 жылы ресми түрде жарық көреді. Ғалым бұл еңбегіне «Краткий курс синтаксиса казахского литературного языка» деген ат беріп, оны толықтырып, өңдеп өз оқырмандарына ұсынбақ ниетте еді. Бірақ оған ғұмыры жетпеді. Осыдан кейін кітап 40 жылдай уақыт жарыққа шықпай қалды. Тек 1994 жылы ғалымның ұлы (А.С.Аманжолов) аталмыш кітапты әкесінің қойған атауын сақтап, баспа бетінен шығарды [12].

Бір қызығы, алдыңғы екі ғалым (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов) кітаптарының алғашқы сөйлемі адам қарым-қатынасын, оның басқа ғылымдық арналармен байланысын көрсететіндей пікірмен басталды. С.Аманжоловта да осындай айтылым сақталған. Ол былай дейді: «Сөйлеу әуелгі адамның (homo sapiens) адам болған күнінен бар. Ойлау да солай. Бұл екеуі бірімен-бірі егіз нәрсе сияқты. Кімде-кім сөйлей білсе, ойлай да білгені. Міне, сондықтан адам мен малдың, хайуанның ең негізгі айырмасы – адамда осы екі қабілеттің де барлығында. Хайуан сөйлей алмайды, сондықтан ойлай да алмайды. Адам баласы сөйлеу мен ойлауды мыңдаған жыл өмір сүру, табиғат күшіне қарсы тұрмысын жеңілдету үшін күресу жолында тапқан» [12, 11]. Ғалым тұжырымында үш ғылымның арнасы қосылған деп білеміз. Алғашқысы – адам анатомиясы. Википедия хабарламасына сүйенсек, анатомия адам денесінің құрылысын, пішінін, қимылдарын, мүшелердің өзара қарым-қатынасын зерттейтін жаратылыстану

ғылымының бір саласы. Екіншісі – сөйлеу. Ғалымның «Сөйлеу – синтаксистік категория емес» дегеніне қарағанда, оның ұғымындағы сөйлеудің психологиялық нысан екені анық. Үшіншісі – ойлау. Бұл – логикалық категория. Тағы сол, Википедияның түсіндіруінше, «Мысль – действие ума, разума, рассудка». Бұл үш санат бірінсіз-бірі толық болмай шығады.

Анатомиялық объект – адамның тіл білімінің жеке бір саласы, тіпті жеке сала категориялары үшін де бұлжытпас құрал екені айқын. Мәселен, ғалым сөйлем мүшелері шығуының өзін субъектімен байланысты түрде қарайды. Субъект дегеніміз философия ілімінде «Познающий и действующий человек, существо, противостоящее внешнему миру как объекту познания» [13] деп түсіндіріледі. С.Аманжолұлы бұл мәселеге тіпті терең үңіледі: «Адам баласы үшін ең бірінші объект – өзінен басқа бүкіл табиғат дүниесі. Бұған қарағанда, әуелгі сөйлемнің ерекше бастауышы, пысықтауышы, анықтауышы, баяндауышы, толықтауышы болмаған. Бұлардың бәрінің мағынасы бір ғана сөзге сыйып тұра алған. Мұның себебі әуелгі субъект (адам) өзін жеке адам деп тани алмаған, ажыратпаған» [12, 20].

Сана логикалық ойлаудың, адам баласында талғау қабілетінің жетілген шағында, объект-заттардың қарама-қарсылығының арқасында байиды. Бұл тұрғыда С.Аманжолұлының мына мысал-дәйегін тарқатуға болады: «Көптеген сын есім зат есімнен шыққандығы айқын. Мысалы, көк әрі «аспан», әрі «шөп», әрі «көк түс» мәнінде. Қызыл эзирбайжандықтарша «алтын» мәнінде, нақтылы «қызыл» дегеннің орнына олар қырмызы дегенді қолданады. Кейбір сын есімдер будандасқан екі зат есімнен пайда болған. Мысалы: жақсы деген жақ+сыдан пайда болған. «Сы» якутша сыа «май» деген сөз, ал «жақ» та (ұйғырша йағ, тувалықтарша чағ) май мағынасында. Сөйтіп, бұл екі май қосылып, жаңа бір сөз (сын есім) тудырған. Сын есімдермен қатар анықтауыш болатындар зат есімдер екенін еске алсақ, бүкіл анықтауыш дегеніміз объектілердің қарсылығы екеніне шүбәміз болмайды» [12, 24]. Бұл ғалымның анықтауыш мүшеге қатысты тұжырымдауы ғана. Мұны адам санасының даму, жетілу көрінісі сөйлем мүшелерінің шығу жолдарымен тығыз қарым-қатынаста сипатталған деп ұққан жөн. Тіпті, ғалымның сөйлем мүшесіне қатысты бөлім атауының өзі «Қазақ тілінің негізгі сөйлем мүшелерінің жаратылысы мен шығу жолдары» деп аталады. Демек, жаратылыс адамға және басқа құбылыстардың шығу, даму сипатына ортақ мәселе ретінде қабылданады.

С.Аманжолұлы тұжырымында, жоғарыда Қ.Жұбанов тілге тиек еткеніндей, палеонтологиялық құбылысқа жақын түсіндіру кездеседі. Ғалым түсіндіруіндегі *қарным ашты, ішім бұрды, мал көзіме түсті, құлақ қойдым немесе құлақ салдым, ашу қысты, сөз өтпейді, жаным ашыды* мысалдарының «әрқайсысы

қазіргі логикалық ойлаудың өлшеуіне қайшы келеді. Байыбына барып қарасақ, мұның әрқайсысы өзінше мифке, магияға байланысты. ...Ішім бұрды деген сөзді алып қарасақ, іштің өзі біржаққа бірдемені бұрған сияқты көрінеді. Шынында, «іші» деп отырғаны бірғана «іш» емес, барлық ойы, көңілі, сенімі есебінде айтылған сөз. Әрине, алғашқы адамның бұларды бірінен-бірін ажыратып қарауға шамасы келген жоқ, талдаулы ой кейіннен пайда болды» [12, 12]. Мұнда алғашқы адам түсінігі мен қазіргі адам қабылдауындағы жер мен көктей айырмашылық нақты тілдік материалдар арқылы сипатталған. Демек, тіл қоршаған ортадағы өзгерістерге тәуелді және басқа қоғамдық базис құралдарымен бірлікте болады деген ұғым тудырады.

Қазақ тіл білімінің ғылыми тұрғыдан даму сатысында аталған ғалымдардың жеке тұлғасы орасан зор беделге ие болды. Мұндай абырой мол қазыналы еңбектері арқылы берілді. Біз соның бір бағытын, атап айтқанда жаратылыстану іліміне қатысты тұжырымдарын ғана, мақалаға арқау еттік. Мақалалық еңбек мынадай нәтижелердің түзілуіне алып келді.

1) Алғашқы қазақ ғалымы А.Байтұрсынұлы конфликтологияны жеке ғылым арнасынан шығарып, жалпы ғылымаралық байланыстың нысаны ретінде қараған. Біз соның лингвобиологиялық аспектісіне көбірек көңіл аудардық. Бұған ғалымның «Тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері бар. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер. Бұлар адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан» деген көзқарасы себеп болды. Ал ғалымның көрнек өнері деп аталатын бірліктері – «адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер». Олар өнердің бес түрін қамтиды: архитектура, скульптура, живопись, музыка, литература. Бұлар, әрине, арнайы тоқталуды қажет ететін нысан болып қала береді;

2) Қазақ тіл білімінің алғашқы профессоры Қ.Жұбанұлы да ғылымаралық байланысқа қатысты біршама соны, әрі тыңғылықты ойлар өрбітті. Ол, әсіресе, тіл білімін жалпы жаратылыстану ілімімен бірлікте қарауды ұсынды. Ғалым ізденістерінде тіл тарихы туралы құндылықтар, оның жалпы адамзат иесіне қатысты әлеуметтік қызметі, адам тіліне тән қоршаған ортаның (биология) әсері барынша сипатталып отырды. Әрі кейіннен көптеген ғылыми зерттеулер жүргізуге жол ашатындай бағытты көрсетті.

3) Қазақ тіл білімінде С.Аманжолұлы ерекше еңбектер қалдырды. Оны алғашқы қазақ тілі оқулықтарын құрастырушы деп атауға әбден болады. Бұл ғалым да тіл білімі мен басқа ғылым салаларының байланысына қатысты тұжырымдарды ең басты бағыт етіп ұстанған. Оның адамаралық қатынастағы тілдің рөлі, тіл білімі саласындағы қоғамдық өзгерістердің сипаты жайлы мәліметтері тың дерек ретінде бағалана беретіні сөзсіз. Ғалымның тіл мен сөйлеудің,

тіл мен ойлаудың, тіл мен философия ілімінің аралық объектісіне тән бірліктерді ажыратудағы методологиялық танымы жалпы ізденушілер үшін де жаңа ойлар туғызады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том 1. СПб, 1869. Том 2. СПб, 1871; Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860; Катанов Н. Опыт исследования урянхайского языка. – Казань, 1903; Катаринский В. Грамматика киргизского языка. – Оренбург, 1897; Лаптев И. Материалы по казах-киргизскому языку. – Москва, 1900; Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика, этимология. Часть 1. СПб, 1894. Синтаксис. Часть 2. СПб, 1897; Радлов В.В. Опыт словаря турецких наречий. В 4-х томах. – Санкт-Петербург, 1888-1911; Сазонтов Н. Записки по грамматике киргизского языка. – Ташкент, 1912; Терентьев М.А. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. СПб, 1875;
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 752 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы, 1992. – 448 б.
4. Пинкер С. Тіл – инстинкт. – Астана, 2019. – 386 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М.Малбақов және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Лингвистика. – Павлодар, 2007. – 527 б.
7. Солодова Е. Сущность речевой патологии / URL: [https:// spravochnick.ru > psihologiya](https://spravochnick.ru/psihologiya) (31.08.2023)
8. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы, 2013. – 640 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: А.Ыбырайым және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М.Малбақов және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
11. Словари и энциклопедии на Академике / URL: [https:// dic.academic.ru > enc_geo](https://dic.academic.ru)
12. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқа курсы. – Павлодар, 2014. – 320 с.
13. Словарь русского языка. Источник определений: «Oxford Languages».

Алтынай Орынбаева

Қызылорда облысы тілдерді оқыту орталығы ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының магистрі

ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР: ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР МЕН МҰРАЛАР

Андатпа

Мақалада ғалым, академик Әбдуәли Қайдардың тіл біліміндегі тың ізденістері мен мұралары тіл біліміндегі еңбектері талқыланды. Зерттеулерінде кездескен сөздерді басқа ғалымдардың тұжырымдамаларымен салыстырып, жан-жақты талқылау жасалды. Ғалымның бір түбірден шығарған бірнеше сөздері, бүгінгі таңда көп сұрақ болып жүрген «Ясауи ме, Иассауи ме?», «Алма-ата емес, Алматы» тақырыптарын кеңінен ашу мақаланың мақсаты болып табылды. Сондай-ақ халқымыздың көне дәуірінен бастап қолданылып келе жатқан алайда ұмыт болған дәстүрді бүгінгі кезеңмен салыстырды.

Кілт сөздер: *Түркітанушы ғалым, саяхатшы, шап, бірадар, тоғыз, жеті қазына.*

Аннотация

В статье рассматриваются исследования и наследие учёного и академика Абдуали Кайдара в сфере лингвистике. Слова, используемые в его исследовании, сравниваются с понятиями других ученых и проводилось всестороннее обсуждение. Цель статьи - широко раскрыть проблематику нескольких однокоренных слов учёного «Ясауи или Иасауи?», «Алматы, а не Алма-Ата», которые сегодня являются часто задаваемыми вопросами. Автор также сравнивает забытую традицию нашего народа, которая практиковалась с древних времен с нынешним периодом времени.

Ключевые слова: *Тюркский учёный, путешественник, брат, девять, семь сокровищ.*

Abstract

The article discusses the research and legacy of academician Abdulali Kaidar in linguistics. The words encountered in their research were compared with the concepts of other scientists and a comprehensive discussion was conducted. The purpose of

the article was to widely reveal several cognate words of the scientist «Yasauı or İasauı?», «Almaty or Alma-Ata», which are frequently asked questions today. He also compared the tradition of our people, which has been used since ancient times but was forgotten, with today's period.

Keywords: *Turkic scientist, traveler, brother, brother, nine, seven treasures.*

Саналы ғұмырының жарты ғасырынан астам уақытын тіл білімі саласына арнап келген, жастарға тіл білімінің қыр-сырын үйреткен, қазақ этнолингвистикасының негізін салушы, қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы ғалым Әбдуәлі Қайдардың туғанына биыл – 100 жыл.

Әбдуәлі Қайдардың 100 жылдық мерейтойы – қазақ тіл білімі мен түркітану саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер үшін ерекше маңызды.

Академик Әбдуәлі Қайдар – қазақ халқының тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан айтулы тұлға. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазақ тілінің мәртебесі үшін қызмет етіп, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті болды.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Академиктің ғылыми шығармашылығының өзекті бір саласын оның мемлекеттік тіл проблемасына, тіл заңына, тіл экологиясына байланысты көптеген көкейкесті мәселелері құрай алады. Ғалым ғылымдағы өзінің үздік өнегесімен ғана емес, сонымен қатар ол еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне де белсене араласып, бұл салада да азаматтықтың жоғары деңгейінен көрінді.

Әбдуәлі Қайдар ғылыми еңбектерінің ішіндегі түркі тілдері мен қазақ тілінің фонетика, грамматика, лексика, фразеология салалары бойынша іргелі еңбектер жазған. Ол – қазақ тілінің синтаксисі бойынша бірнеше монографиялар мен оқулықтардың авторы.

Ғалым бір буынды түркі түбірінің жеке-дара лексема ретінде дербес қолданылуы жөнінде сондай-ақ бұл мәселеге байланысты түркологияда қалыптасқан «түркі түбірі әрқашан да айқын-анық қолданылады» деген пікірдің қате екендігін дәлелдей келіп, автор бұл тұрғыдан барлық бір буынды түбірлерді «өлі түбір», «мағынасы күңгірттенген», «қолданысы туынды сөз тұлғасыммен шектелген», «бір текті және әр текті түбірлер», «екі ұдай мағыналы синкретті түбірлер» деп жіктеп қарастырады.

Тілді табиғатпен байластырып, «гүлдеп өскен жапырақтарды күн сайын тілде туындап жатқан жаңа сөздер» деп балаған Әбдуәлі Қайдар өзінің «Ғылымдағы ғұмыр» кітабының «Түбі бір түріктің – түбірі де бір» зерттеуінде түбір сөздерді ашып айқындаған.

Ғалым еңбектерін ақтарып, тіл саласындағы зерттеулерін қарар болсақ, толассыз мәліметтер жинауға болады. Алайда, ғалым әр сөздің түбір нұсқасын жекелей алып, 20-30-дай туынды тұлға көрсетеді. Бұл дегеніміз – біз жазып тауыса алмайтындай зерттеулер. Мәселен, «шап» деген етістік түбірінен туындаған 20 шақты туынды тұлғада былай көрсетеді.

Шап, шабу, шаптығу, шабарман, шабуыл, шапқыншы, шаппа шот, шап ете түсу, шап беру, шап ете түсу, шап беру, шабыт, ат шабу, балта шабу, шалғы шабу, көңілі шабу, айға шабу деген сөздер шыққанын дәлелдеген. [1,52-53].

Ғалымның кезекті талдауы бәріміздің назар аударсақ, құлағымыз естіп үйренген «Алматы» атауын бүгінде «Алма-ата» деп те атайтынын естіп жүрміз. Алайда, «Алматы» – қазақ халқының жүрегінен қайнап шыққан, өз тілінің сөзжасам үлгісі бойынша дүниеге келген көне де байырғы қазақы атауларының бірі. Бұл атау – «алма» сөзіне -ты, -ті қатысты сын есім жұрнағының ең көне қатаң нұсқасы жалғануы арқылы жасалған атау. Көріп тұрғанымыздай, бұл атау құрамында ешқандай «ата» деген сөз жоқ. Демек, «Алма-ата» – «отец яблоки» деп түсіндіру қате екендігін көрсетеді. Сондықтан тосын құлақ үшін қаншама жағымды естілсе де, алма мен ата қатар тұра алмайды, бұл – алогизм. [1,180]

Бүгінгі таңда Яссауи сөзінің де жазылуы көпшілік тарапынан сұрақ туындатып жүр. Ясауи ме, Иассауи ме? Бұған жауап беру үшін ғалымның тағы бір зерттеуіне жүгінеміз.

Бұл атау көбінесе Өзірет Сұлтан Қожа Ахметтің есіміне қосылып, кейінгі жылдарға дейін Қожа Ахмет Ясауи түрінде жазылып келді. Алайда, соңғы жылдары бұл атауды жазуда бірізділік байқалмай келеді. Ол: Ясауи, Яссауи, Йасау, Йассауи, Иассауи, т.б. жазыла бастады. Мәселен, Түркістан қаласында шыққан бір ғылыми жинақта «Яссауи тағылымы» деп дұрыс жазылса, жақында Түркияда басылып шыққан Қожа Ахметтің хикметтері «Қожа Ахмет Иасауи» деп берілгендігі көп зерттеулерде айтылып жүр. Түркістан қаласындағы университет өз атауын «Қожа Ахмет Яссауи» атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп жазған.

Меніңше, ең алдымен тіл заңдылығына жүгінген дұрыс: археологтардың ресми қолданып, барлық тарихи бұлақтарда жазылып келген бұл қаланың аты – Ясы. Олай болса, екінші «С» дыбысының бұл сөзде пайда болуы заңсыз екендігін айтады (Сөздің басындағы қосарлы дыбыс [й-йот және ашық дауысты дыбыс] белгісі кирилицада «Я» әрібі (таңбасы) арқылы берілетінін мойындасақ, онда қолданып жүрген ережеміз бойынша Йаса, Йасса, Иасса, Иаса емес, Яса түрінде жазғанымыз жөн. Ғалым осы тұста ұқсас сөздерді де атап көрсетеді. Мысалы, Яса+у-и, Тақа+у-и, Маға+у-и т.б.

Ел аралап, бейтаныс жерлерді көріп, саяхат шегетін адамдарды «саяхатшы»

деп атайтынымыз мәлім. Ал осы тұрғыда академик Әбдуәли Қайдар не дейді екен? Саяхатшыдай болмаса да, сол сияқты ел-елді аралап, сол елдердің тілінде өзінің ізін, яғни «қолтаңбасын» қалдырып жүрген сөздерді де саяхатшы деуге болатынын алға тартып, «саяхатшы» сөзін кеңінен талқылайды. Бүгінгі таңда қолданылуы сиректеп, көнере бастаған бірақ кешегі діндарлар тілінде жиі кездесетін «бірадар» сөзін ғалым «саяхатшылар» қатарына жатқызады. Себебі бұл сөздің екі түрлі мағынасы барын байқаймыз. 1) «жақын ағайын, досжар адам» және 2) «дін жолында бірге жүріп, Аллаға мінажат етушілер». Зерттеулерге сүйенсек, бұдан 5 мың жыл бұрын үнді-еуропа тілінде бхратэр деген сөз болған екен. Ол «ағайын, туыс» (яғни «брат») мағынасында қолданылған. Қанша жерді шарлаған осы сөз әртүрлі өзгерістерге түссе де, өзінің түпкі мағынасын сақтап отырған. Ұлыбритания елінде brother (бродер, және pal (пэл) деген екі сөз қалған. Бұл сөз «жолдас», «дос-жаран», «ағайындас» деген мағынаны білдеретін төркіндес сөздер.

Бірадар сөзі ағылшындар елінде ғана қолданылып шектелмейді. Сонымен қатар көне латын, грек, ирланд, гот тілдерінде өз «ізін» қалдырған. Қай елге тараған нұсқасын қарасақ та, өзінің негізгі мағынасын жоғалтпаған «саяхатшы» сөзі халықтарды жақындастыру, туыстастыру, достару үшін атқарған қызметіндей байқауға болады. Оған осы талқылауларымыз дәлел бола алады. Көне үнді-санскриттен шығып Евразия елдерін түгел аралап оның лингвистикалық картасына өзінің атын қазақ тілінде бірадар «бірәдәр, орыс тілінде брат, ағылшын тілінде brother деп жазып, барлығында да ортақ «жақын туыс, жора-жолдас» деп түпкі мағынасын жоймай келе жатыр.

Ғалым зерттеулері біз үшін мол мұра. Ондағы мәліметтер арқылы дау болып жүрген сұрақтардың жауабын табатынымыз рас. Академик Әбдуәли Қайдар жалпы тіл ғылымының, оның ішінде түркітану, қазақ және ұйғыр тілдерінің қыры мен сырын әлем жұртшылығына таныта білді.

Ә.Қайдардың ғылыми-шығармашылық жұмыстары тек академиялық институт шеңберімен шектеліп қалмаған. Ол өзінің өрісті ойын өсіп келе жатқан жас толқын мамандар арасына салып, сыннан өткізіп, керісінше, жастардың ой-өрісі, өмірлік тыныс-тіршілігін сезіну арқылы шынайы қоғамдық қатынастарға жақын болған ғалымдардың бірі. [1, 173]

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі – жеті қазына. Қазақ халқы Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады:

- ер жігіт;
- сұлу әйел;
- құмай тазы;

берен мылтық;
жүйрік ат;
ақыл-білім;
қыран бүркіт. [3]

Ал осы тұста ғалым Әбдуәли қазақ ұғымындағы сегіз қырлы бір сырлы жігітке қажетті байлық – қазынаға 1) жүйрік ат, 2) қыран бүркіт, 3) құмай тазы, 4) берен мылтық, 5) өткір кездік, 6) ау-жылым, 7) қандыауыз қақпанды жатқызады. Этнографиялық мәліметтерге қарағанда жеті қазына құрамы әр кезде әртүрлі айтылып, өзгеріп отырған: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұғымдары міндетті түрде қайталанып, кейде «мылтық» «садақпен», қалғандары – «сұлу әйел», «ілім-білім», т.б. ұғымдармен ауыстырылып отырған. Жалпы «Жеті қазынаны» - жер қазынасы, мемлекет қазынасы, мәдени қазына, рухани қазына, үй қазынасы деп те айтылады.

Осы секілді халқымыздың көне дәуірінде жиі қолданылып келген сыйлық пен айып өлшемі ретінде тоғыз тарту дәстүрі де бар. Бұл атауда қазақ арасында әртүрлі болып қолданылып келген. Тоғыз тарту – көбінесе айыптың, құнның ауыр-жеңілдігіне сыйдың қымбат арзандығына байланысты өзгеріп отырған. Халық мәдениетінде дәстүр ретінде ежелден қалыптасқан «тоғыз» деп аталатын салттың екі түрі бар. Бұлардың аталуы бірдей болғанымен қолдану жолы мүлде бөлек. [9]

Ұмыт болып бара жатқан дәстүрді Қазақстанның солтүстігіндегі өнімді мол жинап алғаннан кейін туған-туысқандарына, құда-жекжаттарына, сыйлас көршілеріне тоғыз беретін жақсы салты бар. Яғни, өздері қалаған адамдарына қоржынға салып қауын-қарбыз жібереді. Оның саны тоғыз не екі тоғыз, үш тоғыздан кем болмауы керек. Келген адам ол үйге тоғыз әкелгенін айтады. Бұл жай келіс емес, кәделі, сыйлы келіс. Тоғыз дегенің – тарту, ескеру, құрмет белгісі. Сонымен бірге, мұнда дәмету де бар. Демек, тоғыз жіберген адамға соған лайық сый-сияпат жасау керек. Халық арасында бірін-бірі ескеру, елеу осы тоғыз арқылы білінеді. «Ел аузынан» жинағынан *«Бір тоғыз айып төлеп құтылған екен» деген мысалдан бұл дәстүрдің құқықтық, әділет жүйесінде де қолданылатынын байқауға болады. Әдетте, жеңіл жаза алғандар атын не шапанын төлеп шығады. Ал ауыр жазаға тартылғандар, мысалы: ұрлығы, ел-жұрт алдындағы зор кінәсі, дін жолындағы күнәсі үшін, опасыздығы үшін қылмыс жасағандарға қатаң жаза қолданылады. Оларға «тоғыз» деп аталатын жаза бар. Қылмыстың ауырлығына байланысты жаза бірнеше есе көбейтіледі. Айталық, әдейі жер өртегендерге, біреудің некесін бұзғандарға үш тоғыз төлеттіреді. Бұған түйе бастатқан 3 түйе, 3 жылқы, 3 сиыр. Мұны үш еселесе, 9 түйе, 9 жылқы, 9 сиыр болып шығады. Егер жаза ат бастатқан тоғыз болса, 3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой болып төмендей береді.*

Міне, Әбдуәли Қайдар талқыға салған «тоғыс тарту» дәстүрін осылайша топшалауға болады.

Әбдуәли Қайдардың 100 жылдығы – қазақ тіл білімі мен түркітану саласындағы маңызды кезеңдердің бірі. Ғалымның мұрасы бүгінгі күнде де өзекті болып, оның еңбектері жас зерттеушілер мен ғалымдар үшін құнды дереккөз болып табылады. Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы мен оның қазақ тіліне қосқан үлесі ұмытылмауы тиіс және келешек ұрпаққа жеткізілуі керек.

Осы ретте, Облыстық тілдерді оқыту орталығы өз парақшасында ғұлама ғалымдардың өмірі мен тың еңбегін насихаттап, «Тіл - ғұмыр» және «Ғылымдағы ғұмыр» атауларымен ақпараттық айдарлар жариялап отыр. Ондағы мақсат, қазақ тіл білімінде сандық көмегі мен сапалық құндылығы тұрғысынан көш басында тұрған біртуар тұлғалардың көпшілік біле бермейтін мәліметтерді көпшілік назарына ұсыну.

«Біз үшін тіліміздің мемлекеттік мәртебесін заңдастырып қою – аз. Оны академик Ә.Қайдаров, С.Елубаев құсап қолдау, қажет болса, қорғау керек» деп Ә.Әбішев ғалымның тілге қосқан ерен еңбегін бір ауыз сөзбен көрсетіп отыр. Олай болса, алдағы уақытта иісі қазаққа, барша түркі әлеміне Әбдуәли Қайдарды тереңдете таныту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдуәли Қайдар «Ғылымдағы ғұмыр» I -IV том, -Астана: «Сардар», 2014 жыл
2. Әбдуәли Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» -Алматы, «Ана тілі» 1998 жыл
3. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/637>
4. <https://topreferat.com.kz/basqa-taqyryptaghy/4754-abduali-qaydar-engbekterindegi-etnolingvistikalıyq-korinister-kurstıyq-zhumys.html>
5. «Түркістан» №52 (8523), 2004 жыл
6. «Егемен Қазақстан», 1994 жыл
7. «Ә.Т.Қайдар қазақ диалектологиясы
8. «Ана тілі», 1990 жыл
9. <https://massaget.kz/salt-dastur/dastur-soyleyd-togıyz--29000/>

Ерсайын Молдасанов

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,*

Нұржан Абдувалитов

*Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық
университетінің доценті, педагогика ғылымының,
филология ғылымдарының докторы (Өзбекстан)*

**ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ФОРМА
РЕТІНДЕГІ ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

*(М.Мақатаев шығармаларындағы ұлттық мәдениетті
танытатын тілдік бірліктер)*

Аңдатпа

Мақалада М.Мақатаев шығармаларындағы лингвомәдениеттанымдық бірліктерге талдау жасалынады. Ақын шығармаларының тілдік ерекшелігі кейіпкер тіліндегі берілу жолдары, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты, троп түрлерінің стильдік қызметтері, жазушы шығармаларындағы кірме сөздердегі өзгерістерді көрсету үшін қоғам, ондағы адам келбетін таныту мақсатында алынған бірліктер талданады

Кілт сөздер: лингвомәдени, ұлт, болмыс, этнография, географиялық, мәдени, экономикалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, өркениеттік, М.Мақатаев, поэзия, «ақ» түс «ақ сүт», «ақ кимешек», «ақ отау», «ақ шаш».

Аннотация

В статье анализируются лингвокультурологические единицы в творчестве М.Мақатаева. Языковые особенности произведений поэта представлены в языке персонажей, анализируются цели использования языковых средств, стилистические функции тропов, а также единицы, полученные с целью показать облик общества и человека в произведениях писателя.

Ключевые слова: языкознание, нация, бытие, этнография, географическая, культурная, экономическая, социальная, экономика, политическая, социальная, цивилизационная, М. Мақатаев, поэзия, «белый» цвет, «белое молоко», «белый кимешек», «белая отау», «белые волосы»

Abstract

The article analyzes linguocultural units in the works of M. Makataev. The linguistic features of the poet's works are presented in the language of the characters, the purposes of using linguistic means, the stylistic functions of tropes, as well as units obtained in order to show the appearance of society and man in the writer's works are analyzed.

Keywords: *Linguistics, nation, being, ethnography, geographical, cultural, economic, social, economics, political, social, civilizational, M. Makataev, poetry, «white» color, «white milk», «white kimeshek», «white otau», «white hair»*

Лингвомәдениеттанымдық талдау мақсатында М.Мақатаев шығармаларын алуымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені М.Мақатаев шығармалары, оқырманға қазақ халқының ұлттық болмысын, өмірге көзқарасын, жалпы жан-дүниесін паш етеді. Әдеби-көркем шығарманың ұлттық тілді барлық бітім-болмысымен, өзіндік ерекшеліктерімен, байлығымен жан-жақты толық ашып көрсететіні белгілі. Өйткені әдеби шығармалар ұлттың тарихи дамуының белгілі бір кезеңдерін суреттеп, этнографиялық, географиялық, мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік, өркениеттік сипаттағы деректерден ақпарат береді. Әрине, шығарманы дүниеге әкелуші тіл оның ұлттық белгісінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады.

Жалпы, өлеңді терең ұғынып, жан-тәнімен түсіну үшін оқырманға лингвомәдениеттанымдық дайындық керек-ақ. Өйткені ақын мақал-мәтелдерді, даналық, шешендік сөздерді, хронимдер мен көнерген сөздерді, түрлі ырым-жорамалдар мен діни наным-сенімдерді т.б. білдіретін лингвомәдениеттанымдық бірліктерді көптеп қолданған.

М.Мақатаев шығармаларындағы тілдік құралдардың қолдану мақсатын айқындау, шығарма шырайын кіргізетін сөздердің экспрессивтік-эмоционалдық бояуын көрсете отырып, олардың көркемдік-стистикалық қызметін саралау, соның негізінде М. Мақатаев шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктерін көрсету, сол арқылы қаламгердің көркем шығармаларының басқа суреткерлерден ерекшеленетін стильдік қолтаңбасын анықтау үшін біраз поэзиялық шығармалары мен прозалық шығармаларын салыстыра талдағанымызда көркем шығармадағы лингвомәдени тілдік бірліктерді айқындап, олардағы ұлттық сипаттық басымдығы, метафораның фразеологиялық тіркестермен арақатынасы, фразеологияның бейнелігін тудырудағы метафораның орны және оның жазушы тіліндегі қолданыс ерекшеліктері байқалды.

Ақын шығармаларының тілдік ерекшелігі кейіпкер тіліндегі берілу жолдары, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты, троп түрлерінің стильдік қызметтері,

жазушы шығармаларындағы кірме сөздердегі өзгерістерді көрсету үшін қоғам, ондағы адам келбетін таныту мақсатында алынған бірліктер болып табылады.

Кез келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытатын ұлттық тілі екені белгілі. Өйткені қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін биікке көтеріп, қастерлей отырып, оның жетілу, даму, толығу, баю процесін жан-жақты зерттеп, жас ұрпақ санасына жеткізу бүгінгі өмір талаптарының бірі десек те болады. Оқырманын ойлантып, санасын сәулендіретін көркем әдебиет тілінің орны айрықша екені сөзсіз. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады. Халықтың бай ауыз әдебиетімен сусындаған, Абай поэзиясын жетік меңгерген, Қасымды жатқа оқыған, Әбділдәні өзінің ұстазы санаған Мұқағали ешкімге ұқсамайтын, образды сөз өрнектерімен ерекшеленеді. Олай болса, образды сөйлемдер ақын лирикасының көркемдігін, мағыналылығын, шынайылығын, жаңалығын көрсетеді. Дүниенің тілдік бейнесі әсіресе тұрақты тіркестерден, фразеологизмдерден, идиомалар мен мақал-мәтелдерден анық көрінеді. Өйткені тілдің бұл қабатында халық даналығы, құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, ұлт өкілдерінің дүниеге, адамдарға және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасы тәрізді маңызды ақпараттар жинақталған. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Тілдің лексика-фразеологиялық және параммиологиялық қорында адамдардың мұң-мұқтажы мен тұрмыстық жағдайлары көрініс табады. Өйткені олар халықтың рухани өмірімен тығыз байланысты және оларсыз тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін толық сипаттау мүмкін емес. Фразеологизмдер кез келген ұлттың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, рухани және заттық мәдениетімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты лингвомәдени бірліктер болып саналады. Поэзияда ақын фразеологиялық тіркестерді мо-

лынан қолданып, шығармаға қайталанбас әр беріп қана қоймай, ұлттық болмыстан терең ақпарат береді.

Діни наным-сенімдерді білдіретін фразеологизмдер: тәубаға келу, жебеп жүру т.б. «Райымбек, Райымбек!» дастанында Қабай жырау әулиелер зиратына бұрылып, олардан қорғап, қолдауын сұрап:

Қан сасыған даламның,
Қатын менен баламның,
Кегін қайтып алармын,

Жебеп жібер, Әулие! – десе, он сегізге толған Райымбек елді жау шауып жатыр деген сөзді естігенде, ойланып – толғанып Қабай жырауды іздеп келіп:

– Ар ма, ата!
Арнай келдім, батанды бер?

Аятым болсын менің атап жүрер! – дейді. Қабай жырау ұзақ жырлап келеді де соңында:

Кегінді қайра ақылға,
Жалғыз жортып шатылма.
Аттанып жар сал ер ұлым,
Ел – жұртыңды шақырда.
Дүние – қоңыз, енші бер,

Соңыңнан ерген пақырға, - барып аяқтайды. Ақын халық дәстүрімен қоса батаға лайықты жыраулық үлгіні ұтымды меңгергені көрініп тұр.

Соңғы өлеңде мағынасы жағынан өзара үйлесіп, бірінің орнына бірі балама ретінде қолданыла алатын синонимдес фразеологизмдер бар. *Аттан салу-жар салу, кек қайтару – кек қайрау, жалғыз жорту т.б.*

Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін қарастырған К.Смағұлованың пікірінше: «Мағыналас фразеологизмдер образдылық арқылы, экспрессивтілік арқылы тең мағына дәлдігін түгелдеп береді, жалпы ұғым, түсінікті нақтылайды» [1, 31].

Поэзияда қолданылған метатіл М.Мақатаевтың жазу ерекшелігін көрсетеді. Жалпы метатіл дегеніміз – зерттеу объектісі болып отырған тіл жөніндегі пікірді баяндауда пайдалынатын тіл. Зерттелетін тілді берілген метатілдің заттық тілі деп атайды» [2,637].

Ақын дүниенің тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан «кер бесті», «керме», «дүбір», «бас қоюу» тәрізді атауларды түсіндіріп, олардың ұлттық мазмұнын ашып көрсетеді. Бұл жерде ақын адресатқа логикалық-танымдық ақпарат беріп отырғанын көруге болады. Сондай-ақ ұлт дүниетанымында сол кезде бар, қазір өркениет әсерінен өзгеріске ұшыраған немесе жойылып кеткен әдет-ғұрыптар

жайлы деректер беріліп, жан-жақты суреттелген. Мысалы:

Көбелек деп жүрсің бе отты айналған?

Қуатым бар кеудемде шоқтай жанған.

Кер бестімін кермеде қаңтарылған,

Бәйге болса қалайда шаппай қалман, -

деп басталатын «Қарт аңшының дегені» атты өлеңінде ұлтымызға тән қасиетті дөп басып айтқан. Атамыз қазақ бәйге болады екен десе, соған күні бұрын атын жаратып, баптап, үкілеп бәйгеге қосатын болған. Бәйге жөнінде ақын:

Шаппай қалман және де озбай қалман,

Бәсінді қой нанбасаң сөз байласқан, -

дейді. Ақын бәйге атын жырлай отырып, бұрын байқалмаған тың образ жасауға игі қадам жасаған.

Кер бестімін кермеде қаңтарулы,

Дүбір шықса үзермін арқаныңды, -

деп кермедегі қаңтарулы жүйрікті әдеби фон ретінде ала отырып, ақын өмірдегі өзінің жыр бәйгесіндегі бейнесін жасайды. Әрине, бәйгені шаппай бермейді. Өзінің ерен жүйрік екенін нық сеніммен айтады. Айтуға қақысы бар. «Қазағым аман болса, мен ешқашан өлмеймін» деген еді Мұқағали өзі туралы...

Ақынның өзіне сөз берейік:

Шаппай бермен бәйгені ала ғой деп,

Жүрмісің жүйрік емес, шала ғой деп?!

Ұл тапқанда ұлы анам боза ішіпті,

Қалжасына бақандай қара қой жеп – дейді.

Қазақ дәстүрінше ұл тапқан ана, ерекше құрметке ие болады. Себебі қазақ ұл балаға шаңырақтың отын сөндірмейтін ұрпақ жалғасы деп қараған.

Мал шаруашылығымен айналысып, көшпенді өмір кешкенін *шопан ата*, *малды қастерлеу тәрізді лингвокультуремалардан байқауға* болады. Ал енді мына бір «Тау өзені тентек қой, тасып жатыр» өлеңінде бала шопан басында кездесетін бір оқиғаны нанымды берген. Әдетте қойды серке бастайды. Өлең шағын сюжетке құрылған. Отарды бастайтын серке өзеннен өтерде одан бас тартады. Жас шопан серкені қойдан бөліп алып, сырық сапты қамшымен соққыға алады келіп. Қамшы өткен серкенің бақырған дауысы бүкіл шыңды жаңғырықтырады. Бұл дауысты естіген қарт шопан шыдай алмай дауыс шыққан жерге жетіп келеді. Бұл кезде жас шопан серкенің сақалынан ұстап соғып жатқан еді.

- Түк көрмеген түлейдей малды ұра ма?

Жоғал былай, торсықтай салбырама!

Серке емес, сен өзін сескенесің,

Сен қылмаған ерлікті мал қыла ма?!

Шешініп суға түскен қартты көріп,
 Көк серке өзенге өзін атты келіп.
 Көсемінен көз жазбай тұрған отар,
 Жамырасып жағаға тартты берік.
 Өмірде кездесетін нанымды оқиға [3,452].

Тегінде қазақ халқы малына, ал малының сыры өзіне танымал халық. Қазақ үшін мал ырысы мен бағы болып есептеледі. «Малының сырын иесі біледі» дейді халық. Жасынан мал бағып өскен қарт шопанның өзі бастап өзенге түсуі де сондықтан. Қазақтың ауылда өскен әрбір баласы малдың жайын жақсы біледі. Оның күтіміне де көзүйір болып өседі. Ал мынау ше? Бұл мал көрмеген жанның кейпін танытты. Қарт шопан қанша қапаланса да қатты сөз айтпай, нағыз қазақы теңеумен «Жоғал былай, торсықтай салбырма!» деуінің өзі жетіп жатыр. Бұл жерде ақын ұтқыр да, ұтымды жаңа теңеуге қол жеткізген.

Халқымыз төрт түліктің әрқайсысының иесі бар деп ұғып: «Кінәсіз айуанды ұрма! Малды теппе, малдың басынан ұрма» деп үйретпей ме ұрпақтарына. Осының өзінен халқымыздың өзіндік ерекшелігін байқаймыз. Бұл – болашақ жастарымыз үшін тәрбие мектебі.

Сүтін ішіп, шудасын кие жүріп,
 Қастерлейік, түйені сүйе біліп, - деп малды сүйе білуге шақырады [3, 411].

Аталмыш кәсіп атауларын білдіретін сөздер дүние бейнесіндегі **тіл, мәдениет, өркениет** арасындағы байланыстарды көрсетеді.

Ақын шығармасында бала, әке, баба, қарт лингвокультуремалары жас ерекшеліктеріне байланысты қолданған. Сонымен қатар бата бер не қарсы қарғыс айту, парыз т.б. лингвокультуремаларын қазақ халқының санасына сіңген этикеттік үлгілерге жатқызуға болады.

Н.Уәлиев бата сөз туралы: «Бата сөз – халық шығармашылығына жататын тілі кестелі, мазмұны келісті сөз үлгісі әрі ұлттық этикеттің аса бір мәнді саласы», - дейді [4,83].

Ата дәстүрінде ұзақ сапарға аттанғанда бата беріледі. Майданға жіберген атқа, баласына деген бәсіреге қарт баба батасын береді («Майданның бейгесіне»).

Жүрген жерің от болсын, қош жануар!
 Бәлекетті жоқ болсын, қош жануар! [3,358].

Бата беру ерте заманнан қалыптасқан дәстүрдің бірі болып есептеледі. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде бата түрлері көптеп кездеседі. Айталық, Қобыланды батыр жауға шығар алдында оған ата-анасы мен жиылған халық бата беріп, сапарының оң болуын тілейді. Бұл дәстүр үзбей жалғасып келеді.

Бата мен алғысқа қарама-қарсы ұғым ретінде халық дәстүрінде қарғыс та ерекше орын алады. «Қырқыншы жылдардағы бесік жыры» өлеңінде:

Ала жібін адамның
Аттамап еді ардағым,
Неліктен тәңірім оны алды,
Оранушы еді алғысқа.
Дәуқара аман оралды,
Оранды қайта қарғысқа, - деген жолдарды кездестіреміз.

«Әкеме» өлеңінде:

Зиратың аяқ асты болмасын деп,
Бұзылған қорғанымнан тас қаладым, - деуінде әке алдындағы парызын өтеудің бір көрінісі деп ұғамыз.

Қазақ халқындағы кішіпейілділік, үлкенді сыйлау,инабаттылық пен кеңпейілділік тәрізді абстракт конструктор, стеротип, әдет-ғұрыптардың эталоны тілдік амал-тәсілдер арқылы презентацияланады. Мұқағалидың «Тоқта, ботам, атаң келеді артыңда» өлеңінде:

Әй, болашақ! Қарт келеді зиялы,
Кейімесін ата қыран ұялы.
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін
Атаң саған ұзақ ғұмыр қияды.
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда.
Дария шалқар даналығын ал, тыңда! – десе,

«Көшеде шық» өлеңінде:

Жалған – ай,
Жарасымды – ау ізет деген!
Иілген біз отпенен, сіз отпенен.
Қасиетін халқының сыйламайды,
Атасының күзетпеген...
Өсиетін бабаңның орындай сал,

Одан ешкім кетпейді тоныңды алып, - деуінің өзі қандай жарасымды айтылған. Ақынның халықтық дәстүрді көре білу, оны ақын жанымен сезіне білу мен жырлай білуінде өзгеге ұқсамайтын өзгешелік бар. Мұндай өлеңдерінде халық дәстүріне деген шексіз сүйіспеншілігін аңғартып отырады. Аталмыш салт-дәстүрлердің тілдік бірліктер арқылы көрінісінен ұлттық этикет үлгілерін байқауға болады. Олар этикеттік мазмұндағы стереотиптер болып саналады.

Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің сөзді аз-көп қолдануында емес, әр сөздің орнын тауып көркем жұмсай білуінде. Ақын сөзді қиыстырып, тиісті

жерінде ұтымды қолданып қана қоймай, ойдың түсініктілігін, айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын сан жаққа құбылтып жұмсайды.

Бір сөзге бірнеше мағына беру арқылы берілген сөздер ақын лирикасында кең орын алады. Көп мағыналы сөз тек тілдік құбылыс қана емес, көркем дүниедегі бейне сырын ашудың көрсеткіші. Ақын тіліндегі көп мағыналы сөздер өлеңнің көркемдігіне, мазмұнына, мәнеріне, әсеріне қызмет етіп тұр.

Түр-түс атауларының мағынасын психолингвистика тұрғысынан түсінгісі келген Р.Фрумкина кейінірек мынадай тоқтамға келеді: «проблема цветоазывания, т.е. присвоения имени цвета некоторому фиксированному колерному образцу, заслуживает особого обсуждения как один из аспектов проблемы номинации вообще. Что же касается возможности описания имен цвета с помощью картинок, то в силу регулярной взаимно-многозначности отношений имя цвета – Колерный образец она, по-видимому, малоперспективна» [5, 24].

Біз де жоғарыда келтірілген пікірмен келісе отырып, түр-түс атауларының пайда болуы, олардың білдіретін мағынасы халықтың дүниетанымына әкеп соқтыратын мәселе деп ойлаймыз. Біздің бұл ойымызды академик Ә.Қайдаровтың мына пікірі қуаттай түседі: «... түр-түс атаулары бір қарағанда жалаң грамматикалық объект болып көрінгенімен, тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-танымымен, ұлттың психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұластаны қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады» [6, 34].

Қызылды – қызға, қанға; сарыны – алтынға, уайымға: ақты – сүтке, пәктікке; қараны – өлімге және т.б. теңеу әр ұлт санасында ақиқат дүние жайлы қалыптасқан ассоциацияларына байланысты десек қателеспейміз. Бұл жағдайды сөз етпегеннің өзінде, түр-түс атауларының да ата-баба тәжірибесінде өзіндік қолдану ерекшеліктері болған.

Мұқағали лирикасындағы өте кең және актив қолданылған сөздердің бірі – ақ пен қара. Бұл сөздерді автор әртүрлі мағынада жұмсап, тура және ауыспалы мағыналы сөздердің сырын ашады. Ақ-қара сөздер бір-біріне антоним. Көбінде сындық мағынада қолданылып зат есімді анықтайды.

Ғалымдар еңбектерінде түр-түс атауларының табиғаты халықтың тұрмыс-салтына, наным-сеніміне, ұлттық дүниетанымына, қоршаған табиғи ортаға тәуелдене айшықталып, түстердің мәдени ассоциациясы көрініс табады (А.Кононов, Э.Севортян, Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков, Ш.Жарқынбекова, Н.Аитова, Ұ.Серікбаева, Ф.Ахметжанова, Қ.Қайырбаева т.б.). Ақын поэзиясында көрініс тапқан (*ақ, қара*) түр-түс атауларына қатысты тіркестер халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған танымы мен білімін тануға септігін тигізеді. М.Мақатаев поэзиясында «ақ» түс «ақ сүт», «ақ кимешек», «ақ отау»,

«**ақ шаш**» символдық мағынасында келіп, халықтың осы түр-түс атауы жөніндегі танымын білдіреді.

Жалпы анафоралық және эпифоралық қайталамалар лирикалық кейіпкердің көңілі мен ой дүниесінің диалектикасын сипаттайтын поэтикалық әңгімелеуді ашу, айқындау үшін мүмкіндік туғызады. Мысалы, Мұқағалидың төмендегі өлеңінде «ақ кимешек» қайталанылатын анафоралық сөз тіркесі символға айналдырылған. Автор «ақ кимешекті» көргенде, өзінің ардақты, сүйікті әжесінің бейнесін көреді, таныс дауыс, таныс сөз есіне түседі. Мұнда «ақ» – қасиетті аналарымыз бен аруларымыздың басына салатын жаулығының түсі екені айтылған.

Әже, сен бірге жүрсің менімен,
 Өліге мен өзінді телімегем.
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ кимешек астынан сені көрем.
 ... *Ақ кимешек* көрінсе, сені көрем,
 Ақ кимешек жоғалса,...
 Нені көрем??? [3, 324].

Сөйтіп ақын өлендерінде **ақ** сөзінің мағынасы әр алуан екендігін және өте көп ұшырасатындығын айқын көреміз. Қайталанатын көп мағыналы сөз де түрлі реңкте жұмсалып өлеңнің қуатын арттырып, әрлендіре түседі. **Ақ** сөзі - адалдықты, тазалықты, әділеттілікті, күнәсіздікті суреттеудегі пайдаланылатын бейнелі сөз. Ақ сөзі табиғат, құбылыс атауларының бәрімен тіркесіп, ауыспалы мағынада қолданылып тұр.

Түр-түс атауларының ішінде мағынасының ең кең дамығаны қазақ тілінде «ақ» сөзінің антонимі – **қара** сөзі. Оның себебі біріншіден, табиғатының кең түрде қабылдануына, көрнекілігіне және басқа түр-түс атауларымен тіркесе қолданылуына, яғни аралас түр-түсті білдіруге бейімділігіне байланысты болса, екіншіден, оның табиғат пен қоғамдық өмірдегі құбылыстардың көбісінің түр-түс, бейне, қайғы-қасірет, қаралы сәт, көңілсіздік т.б. осы сияқты күңгірт жақтарына қатыстығына байланысты. Осылардың негізінде қазақ тілінде: *қара қазақ, қара су, қара ниет, қара қобыз, қара шаңырақ, қара жұлдыз, қара орман, қара жорға, қара күз, қара бас, қара жау, қара түнек, қара қайғы, қара уайым, қара шалғын* т.б. осы сияқты 30-дан астам туынды мағыналардың қалыптасқандығын көреміз. Сонымен бірге *қара өлең, қара шал, қара шаңырақ, қара домбыра* т.б. қазаққа қасиетті, берекелі мағыналарды білдіре алады.

Бұл сөз тіркестері – тура және ауыспалы мағынада беріліп, өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік әсерін күшейтіп тұрған мағыналы, образды сөз тіркестер.

Көп мағыналы сөздер, омонимдердің қайталамаларын ақын қолданысында талғампаздық көрсете отырып, орынды жерінде жақсы пайдаланғанын көреміз.

Қара сөзінің қайталануына тағы бір мысал келтірейік:

Жетелеп сонау жылдар қара шалды,
 Қарасазда жүруші ең, **қара шалғы**,
Қара шалғын ішінде қарт пен сенің,
 Талай-талай көріп ем тамашанды,
 Қалыпсың ғой қаңырап, **қара шалғы** [7, 324].

Бұл үзінді Мұқағалидың «Қара шалғы» дейтін өлеңінен, осы лирикаға Н.Үркімбаева: «Әдетте, қара бояу хақында жағымсыздық ұғымы қалыптасқан. Ал сол қара бояуға ерекше сәуле құйып, құбылтып әкеп, үлкен арнаға салып жіберген де Мұқағали. Мысалы, жоғарғы шумақтағы қара шал – қарапайым еңбек адамы көргенінен түйгені көп, бір өзі шежіре-дастан, әрі бір шаңырақтың ұйтқысы, береке басы. Қара шалғын – кәдімгі түгін тартсаң май шығатын құйқалы өріс, оты қалың өңір. Сол өңірде, шаруақор қара шалдың қолында «қаншама аласұрған», «қаншама рет қапырық күн өткеріп, түн жамылып, қаншама таң асырған» қара шалғы жай ғана еңбек құралы қалпында қалмай, «Сонау жылдар қара шалды қара шалғын ішінде жетелеп» жүрген жырдың негізгі лейтмотиві.

Қазақтың «қара шаңырақ», «қара қазан» сияқты берекелі ұғымдары қатарында «қара шал», «қара шалғын», «қара шалғы» да оқырман танымына жаңа ою-айшықтарымен ой қосатын жанды, қимыл, суреттерге айналған» деп өте дұрыс құнды тұжырым жасаған.

Қазақтың ежелгі сөз ұйқасы, өлеңнің бастапқы қалпы, байырғы өлең – қара өлең. Қазақ халқының фольклорындағы тақпақ, бір ауыз өлеңдерінің көбі осы ұйқаспен құрылған. Мұқағали осы ұйқас жайында былай айтқан: «Қазақтың қара өлеңі - құдіретім, онда бір сұмдық сыр бар естімеген». «Қара» бұл жерде «жай, қарапайым» мағынасында жұмсалған. Қара өлең ауыз әдебиетіне жатады. Оның иесі, авторы – халық. Сәбиді ана бесік жырымен тербетеді. Бала халықтан «Қара өлеңді» тыңдай жүріп ержетеді. «Жат жерді жастанғанда жазатайым, қанымен жазды, мүмкін, ағатайым... Қасиетіңнен қара өлең, айналайын, қазақтың дәл өзіндей қарапайым». Иә, қарапайым қара өлеңнің құдіретті мағынасын, терең сырын білем деп ақын көп ізденді, көп толғанды, қазақтың қара өлеңінің одан әрі мәңгі өмір сүруін армандады.

Бұл жерден шығатын қорытынды түр-түс категориясын білдіретін сөздердің де әр ұлтта өзіне тән экстралингвистикалық факторларының болуы. Ендеше, олардың дүниенің тілдік бейнесін жасаушы маңызды лингвомәдени бірліктер саналуы орынды.

Шынында да, тіліміздің грамматикалық құрылысында, фонетикалық жүйесінде баяу да болса жүріп жататын өзгерістерді былай қойғанда, сөздік құрамыздағы біралуан сөздердің уақыт озған сайын көнеленуімен бірге, лексикамызға бірқатар жаңа сөздердің қосылып отыратыны кім-кімге де айқын аңғарылатындай құбылыстар. Ендеше, «Осыдан жүз жыл бұрын өмір сүрген адамдар осылай сөйлейді, олардың ой-санасы, сөздік қорлары осы күнгі адамдардай болды дегенге ешкім сенбес еді. Сондықтан жазушылар шығармасының тақырыбына, суреттеп отырған оқиғасына, шығармада көрсетілген дәуіріне сәйкес тіл қолданады» [8, 99].

Көпшілікке бейтаныс болып келетін диалектизмдер, архаизмдер, өте сирек қолданатын көнерген сөздерді суреткеріміздің қай-қайсының лексикасында айқындалады. Суреткерлеріміз бұндай сөздерді көпшіліктің игілігіне асып кетер деген ниетпен пайдалануы мүмкін. Кей жағдайда ондай сөздер жалпыхалықтық сипат алып кетпей, тек қаламгердің лексикалық қорында қалып қояды. Мәселен:

Өшпақ тонын – атамның **тәбәрігін**,

Жүзге келіп арқаңа жаба салам.

/Бауыржан Момышұлына/

Тәбәрік – араб тілінен келген зат есім. Өлген кісінің құдайысынан алатын зат, бұйым, киім ретінде жұмсалады. Жүзге келген атасының тонын – тәбәрік сөзімен ұтымды берген. Бұл сөз қазақ халқының ұлттық танымын айқындайды.

Мәселен, *«Ақ кимешек көрінсе сені көрем, Ақ кимешек жоғалса нені көрем», «Су сұраса сүт берген, айран берген, Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!», «Қарқ қылмай тұрса да қара нанға, Қара қамба құт еді балаларға», «Сенбеймін әкең өлді дегенге мен, Себебі ол үйімізден тірі аттанған», «Шаруасы шайқалған шағын үйдің, Шаңырағына шанышылдық уық болып»...* тізбектеліп кете беретін өлең жолдары бар қазаққа таныс төл ұғым. Осы өлең жолдарынан ақын ойының шыншылдығын байқап, жалпы халыққа түсінікті қарапайым ғана тілімен жеткізгенін көреміз. Мұқағали өз өлеңдерінде сөз аясын кеңейтіп, бейнелегіш-көркемдегіш тәсілдерді шебер пайдаланып, олардың эмоционалды-экспрессивтік бояуын арттырды

Мұқағали өлеңдерінде қолданыс аясы тұрғысынан тек номинативтік және көркемдегіш-сипаттауыш қызметтерімен шектелмей, өзіндік символдық, танымдық терең мәнге ие болуымен ерекше көзге түсетін лексика-семантикалық топтар қатарына түр-түс атаулары да жатады. Тілдегі түр-түс атаулары белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдірмей, сонымен қатар белгілі бір этностың ұзақ тарихы, оның рухани, мәдени өмірі, эстетикалық талғам-танымы, ұлттық психологиясы, салт-сана, әдет-ғұрпы туралы да мол мағлұмат бере алатын күр-

делі категория болып табылады. Бұл түр-түс атауларының әртүрлі аспектіде (лингвистикалық, психологиялық, когнитивтік, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық тұрғыдан) зерттелуімен айшықталады.

Тілдегі құбылыстарды ауыстыру шексіз процесс. Сол себепті метафоралық қолданыс қоғамдық өмір, құрылыс өзгеріп, дамыған сайын жаңаша рен ала береді.

Мұқағалидың танымдық метафораларында өзін айқындықта көрсету орнына, көбіне «қарапайымдылықты» қалайды. Бұл да ақынның өзіндік қолтаңбасы болса керек. Мәселен, «Шеше» өлеңінде:

Шешем менің - иілген сұрау белгі

Дауылдар майыстырған мына белді –

деген ақын суретті образ жасайды. Образға барар алғашқы баспалдақ - суретті сөз болып табылады. Метафора табиғатында бейнелік ұқсастық құндылықтары жатса керек, өйткені сол ұлттың өкілі ғана метафораны жылы қабылдаса, ал басқа ұлт өкілі селт етпеуі мүмкін. Мәдени, рухани ұлттық құндылықтар сөздердің бір-біріне сәуле түсіріп, ауысуына қашанда өз әсерін тигізіп отырады десек артық айтқандық болмас. Құбылыстар ұлттық санада тоғысқан метафоралық қолданыстың өмір сүруіне алып келеді.

Мұқағали шығармаларында әр метафоралар бұрынғы дәстүрлі деңгейдегі сөз ауыстыруларға, символдық мәні бар метафораларға, яғни сөз – символдарға ұласады. Символ – метафора сияқты тілдік тұлғаның тіліндегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші. Символдық мәнді халқымыздың дәстүрлі ұғымдарын білдіретін сөздерден іздеуіміз керек. Мысалы, құстың, жан-жануарлардың атаулары – халқымыздың бұрыннан келе жатқан тіліміздегі символдары. Осы орайда ұлтжанды тұлға Мұқағали тіліндегі сөз – символдар мәні таң қаларлық. Суреткер тілінде құстар символикасының орны ерекше. Әсіресе, аққу – әдеміліктің, тектіліктің, махаббатқа адалдықтың, қазақы мәдениеттің символы ретінде бейнеленеді. Оған дәлел – ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы аққу образы.

...Аққулар...

Аққу мойын, сүмбе қанат,

Алаңсыз тарануда күнге қарап.

Айдынның еркелері, білмей тұрмын,

Егермін тағдырыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Сондай-ақ, аққу, сандуғаш, тоты құс, жапалақ, бүркіт, торғай сөздеріне қазақ халқының ұғым түсінігін, табиғат бейнесін, санасында жағымды, жағымсыз бағалауыштық коннотацияларды сыйғыза білген. Сондай-ақ, ақын бүркіт-

тің адал достығы мен тектілік, батылдық қасиетін, құсбегілік салтының бір бөлшегін «еркіндік» символына сыйғызған. Бүгінде еліміздің туында еркін шарықтап ұшқан қыран бейнеленгені ақын арманының орындалғанының көрінісі.

М.Мақатаев – Абай үлгісімен өзіндік «мен» - автор образы арқылы ұлтына үгіт-насихат, сын айтатын сипатынан оның жаршы, насихатшы, ақын екендігі аңғарылады. Ақынның өзіндік «мені» – күрделі ұлттық таным.

Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден,.. –

...Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өленді ешкім, – дейді, ақын ақындық табиғат, биік бітімімен.

Сонымен, М.Мақатаевтың тілдік тұлғасы оның тіліндегі шоқтығы биік, қадау-қадау көркемдегіш құралдарды пайдалануымен ерекшеленеді.

Онда дәстүрлі, жекелік метафоралардың, сөз-символдардың қолданысы оның тілдік қуатының тағы бір қасиетін байқатады. Ал шығармаларының халық жанына жақын болуы ақынның тілдік тұлғасының халықпен рухтас екендігінде болса керек.

Тарих тұрлауына айналып бара жатқан ХХ ғасырдың рухани кеңістігімізге тарту еткен осы бір ұлы есімі тіліміздің ұшына оралған сайын, халқының жүрегіне өлшеусіз терең бойлап, елінің шексіз махаббатына бөленген, айдыны кең, асқары биік алып жырдың ұлан-ғайыр кеңістігі сана төрінде жаңғырары даусыз. Өйткені бұл есім бүгінде жан мен жүрекке азық болар қуатты жырдың қазақы болмысына айналып, халқының өміртану болмысымен біте қайнасып кетті. Қайда барсаңыз да Мұқағали жырларының алдан шығары хақ... Қалаға да, далаға да ортақ, ханға да, қараға да бірдей, кәріге де, жасқа да тән дүниелік құбылыстарды, сезім ахуалын, ауаның тап басып, айтуда дәл Мұқағалидай жеңіске жеткен ақын кемде-кем... [9, 3].

«Бесік басында» өлеңі – жастарға беретін тәлімі мен ғибраты мол өлең.

Онда:

Ояту былай тұрсын рұқсат жоқ,

Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге, – дейді.

Бесік тәрбиесі – бүкіл ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы. Халқымыздың атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып келе жатқан қасиетті бұйымдарының бірі – бесік. Бесікті киелі деп есептеген. Оны өзге жанның ұстамақ түгіл қол тигізуге дәті бармаған. Ұйықтап жатқан ұлының бесігін тербетуге қарсылық білдіріп, оны қызғыштай қорғауының мәні осында жатыр. «Ел болам десең, бесі-

гіңді түзе» демей ме ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов. Бұдан кейін:

Бақыт, байлық – барлығы менің үшін,

Сенің бір кеп мойныма асылғаның, -

деген жолдарымен өріледі. Кішкентай сәбидің әке мойнына асылуының өзі неге тұрады? Байлық та сол, бақыт та – сол.

«Күзетші» өлеңінде:

Өмірде әлі қауіп көп қой не түрлі,

Қарт қалғымай күзетші боп бекінді.

Сәл ұйықтаса төрт немере төрт жаққа,

Көзден ғайып болатұғын секілді.

Қандай жарасымды айтылған шумақ. Мұнда қарттар мен әжелердің немереге деген көзқарасы, ұлттық психологиясы көрінеді. Әрбір отбасындағы ата мен әже тұлғасы – ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлы өнегенің таусылмас қайнар көзі. Халқымыздың мақтанышы болған ұлы перзенттеріміздің қалыптасуына оларды әлдилеп өсірген әжелердің еңбегі зор. Шоқанның әжесі Айғаным, Абайдың әжесі Зере, Мұхтардың әжесі Дінәсіл өнегесі таусылмас қазына емес пе еді? Қазақ халқының отбасындағы, әулеттегі тәрбие үрдісінде «Әжелер тәрбиесінің» мәні зор болды. Әжелердің үйелмендік тәрбиесі жас аналар, келіндер, бойжеткен қыздар үшін бала тәрбиесінің академиясы іспетті. Ана-ене салты, келін салтына сай 6 жасқа дейінгі нәрестелік, балбөбектік кезіндегі ұлдардың тәрбиесіне әжелер мен аналар тікелей жауап берген. Ат жалын тартып, сүндетке отырғызылғанға дейін кезеңдегі балбөбектік кезіндегі ұлдардың жүрегіне ана махаббаты мен мейірбандық нұрын берген болса, ендігі жерде балиғаттық, бозбалалық, жігітшілік салтының қатал қағидаларына тәрбиелеу үшін, жасықтық, жуастық, жасқаншақтық тәрізді қасиеттерден арылту мақсатында атаның, әкенің, ағаларының қолына беріп, ер мінезділікке тәрбиелеген. Осы өлеңнің соңғы шумақтарында:

Суыт жүрген кәріден де, жастан да,

Тыныштық па? – деп сұрайды сасқанда, -

деген жолдардан біз нені байқаймыз? Суыт жүрген жүрісті адамды, әрине, халқымыздың ұғымында жақсылықтың емес, жаманшылықтың белгісі ретінде қабылдайды.

Шығармада кездескен фразеологизмдер мен паремиологизмдерге, кәсіп атаулары мен кірме сөздерге, түр-түс лексикасына, кеңістік, уақыт, өлшем мен мөлшерді білдіретін сөздерге т.б. жасалған талдау олардың мәдени ақпаратқа бай, дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындайтын мәдени «ен-таңбасы» бар бірліктер екенін дәлелдейді.

Жоғарыда айтылған әдет-ғұрыптар, ұлттық стереотиптер, этикеттік форму-

лалар, нормалармен тығыз байланысты аса күрделі мәдени-лингвистикалық категория екенін байқаймыз. Осы тұста лингвомәдени бірліктердің ұлттық мәдениеттің формасы ретінде қызмет ететіні айқын көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова К.Н. Мағыналар, ас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол.ғыл. докт. Дисс. – Алматы, 1998. -292б.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы, – Алматы, 1975, Т.7, -648б.
3. Мақатаев М. Соғады жүрек. Том 1: Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982. -320б.
4. Уәлиев Н. Бата-тілектер, – Алматы, 1991, -103б.
5. Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство: Аспекты психологического анализа, - Москва, 1984, -175с.
6. Қайдаров Ә., Ақтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі, – Алматы, 1992, -157б.
7. Мақатаев М. Шолпан. – Алматы: Жалын, 1984. -192б.
8. Садықова А.Е. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №1(47), 2014. -147б.
9. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. -224б.

Әлия Тәубеева

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің
ағылшын тілі пәнінің аға оқытушысы*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК ҰҚСАСТЫҚТАРЫН САЛЫСТЫРУ

Андатпа

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сабақты және ырықсыз етістер – тіл құрылымының күрделі әрі маңызды аспектілері, олардың ерекшеліктері әр тілде әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Бұл мақалада етістердің сөйлем мағынасы мен реңкіне тигізетін функционалдық және семантикалық рөлдерін салғастыра талдау мақсаты қойылған. Қазақ тілінде сабақты етіс ағылшын тіліндегі сабақты етіске ұқсас болғанымен, екі тілде қолданылу аясында белгілі бір стильдік ерекшеліктер байқалады. Ырықсыз етіс екі тілде де іс-әрекетке немесе оның нәтижесіне назар аударуды қамтамасыз етеді, бірақ қолданылу тәсілдері мен контексттері әртүрлі. Салыстырмалы талдау етіс категорияларының әр тілдегі рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілінде ырықсыз етіс көбіне іс-әрекеттің мәнін анықтап, орындаушыны назардан тыс қалдыруға бейім болса, ағылшын тілінде бұл етіс нәтижені көрсетуге және риторикалық немесе ресми стильде субъектіні жасыруға бағытталған және кей жағдайларда нақты орындаушыны белгілеуге рұқсат етеді. Сабақты және ырықсыз етістердің екі тілде де теңгерімді қолданылуы мәтіннің айқындылығы мен түсінікті болуын қамтамасыз етеді, алайда олардың орынсыз пайдаланылуы мағынаның бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Кілт сөздер: *етіс категориялары, құрылым, тіл жүйесінің ерекшеліктері, іс-әрекет және нәтиже, субъект және объект, салғастырмалы талдау*

Аннотация

Действительные и страдательные залогов в казахском и английском языках являются важными и сложными аспектами языковой структуры, их особенности проявляются в разных степенях в каждом языке. Цель данной статьи – провести сравнительный анализ функциональных и семантических ролей залогов, влияющих на смысл и оттенок предложения. Хотя казахский активный залог схож с активным залогом в английском языке, между ними имеются опре-

деленные стилевые различия в использовании. Страдательный залог в обоих языках акцентирует внимание на действии или его результате, однако способы его употребления и контексты различаются. Сравнительный анализ позволяет выявить роль категории залога в каждом языке. В казахском языке страдательный залог в основном используется для подчеркивания действия, оставляя исполнителя в тени, тогда как в английском языке залог направлен на демонстрацию результата и скрытие субъекта в риторическом или официальном стиле, при этом в некоторых случаях допускается указание на конкретного исполнителя. Сбалансированное использование активных и страдательных залогов в обоих языках способствует ясности и понятности текста, однако их чрезмерное употребление может привести к искажению смысла.

Ключевые слова: *категории залога, структура, особенности языковой системы, действие и результат, субъект и объект, сравнительный анализ.*

Abstract

11. Н. С. Евстропова , Е. В. Ракова. Стратегии обучения иностранному языку в условиях инклюзивного образования [Электронды ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategii-obucheniya-inostrannomu-yazyku-v-usloviyah-inklyuzivnogo-obrazovaniya> (Пайдаланылған күні: 23.04.2024)

12. Booth T., Ainscow M. Index for inclusion: Developing learning and participation in schools. Bristol, UK: Centre for Studies on Inclusive Education, 2011.

13. Garrote A., Dessemontet R. S., Opitz E.M. Facilitating the social participation of pupils with special educational needs in mainstream schools: a review of school based interventions // Educational Research Review. 2017. No. 20. P. 12-23

14. Горячев М.Д., Горячев М.М., Н.В. Иванушкина / Социальные сети как уникальный образовательный ресурс // Акредитация в образовании. 2014. No. 8 (76). С. 76-77

15. М. Оспанбаева. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

Жанат Қажығалиева

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының Лингвистикалық бағыттағы пәндер бөлімінің аға менеджері

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАНЫМ ТІЛІ РЕТІНДЕ МЕНГЕРТУДЕ CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада орыс тілінде оқытылатын сыныптарда қазақ тілін таным құралы ретінде менгерудің маңызы туралы айтылады. Кей пәндерді қазақ тілінде оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, қазақ тілінің ғылым мен технология салаларында қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік беретініне тоқталады. Авторлар «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде» орыс сыныптарында тарих пәнін қазақ тілінде оқыту кезінде CLIL технологиясын тиімді қолдану тәжірибелерімен бөліседі.

Түйін сөздер: *таным тілі, ғылыми терминология, CLIL технологиясы, кіріктіру, пәндік-тілдік тәсіл, тілдік дағды.*

Аннотация

В статье рассматривается важность изучения казахского языка как средства познания в классах с русским языком обучения. Изучение некоторых предметов на казахском языке не только способствует развитию языковых навыков учащихся, но и расширяет область применения казахского языка в науке и технологиях. Авторы делятся опытом эффективного применения технологии CLIL при преподавании истории на казахском языке в классах с русским языком обучения в «Назарбаев Интеллектуальных школах».

Ключевые слова: *язык познания, научная терминология, технология CLIL, интеграция, предметно-лингвистический подход, языковые навыки.*

Abstract

The article discusses the importance of studying the Kazakh language as a means of learning in Russian-language classrooms. Studying some subjects in Kazakh not only helps develop students' language skills, but also expands the scope of application of the Kazakh language in science and technology. The authors share their experience

of effectively using CLIL technology in teaching history in Kazakh in Russian-language classrooms at Nazarbayev Intellectual Schools.

Key words: *language of cognition, scientific terminology, CLIL technology, integration, content and language integrated approach, language skills.*

Қазақ тілін тек қарым-қатынас тілі ретінде ғана емес, таным тілі ретінде меңгерту мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Оқыту қазақтілді емес сыныптарда қазақ тілін таным құралы ретінде меңгере білу, ойлау әрі түсіну сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Л.С. Выготский «Білімнің ар жағында таным бар және ол білімнің қозғаушы күші болып табылады», – деген тұжырым жасайды [1, 432], ендеше екінші тілді меңгертудің бастапқы деңгейінде жаңа сөзді жаттанды түрде немесе аударма түрінде үйретуден гөрі жаңа ұғымды, ақпаратты қазақ тілінде қабылдап, оның бейнесі мен мазмұнын елестете алу аса маңызды.

Белгілі бір ақпаратты қазақ тілінде алу арқылы оқушы «айналадағы болмысты ойлау нәтижесінде елестету арқылы қол жеткізетін әлем туралы ақпаратты жеке әрі әлеуметтік тәжірибесімен сабақтастыратын танымның белсенді субъектісі» ретінде қарастырылады [2, 73]. Мұнда сөйлеу тілдің психологиялық, коммуникативтік, функционалдық және мәдени сипаттарының өзара байланысы арқылы жүзеге асатыны басшылыққа алынады.

Бұл бағытта кейбір пәндерді қазақ тілінде оқытудың рөлі айрықша. Себебі тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сондай-ақ ойлауды, түсінікті және дүниетанымды қалыптастыратын құрал ретінде қарастырылады.

Біріншіден, кейбір инвариантты пәндерді қазақ тілінде оқыту арқылы табиғи тілдік орта құрылады. Оқушы пәннің мазмұнын қазақ тілінде меңгеру барысында күнделікті тұрмыстық қарым-қатынастан тыс, ғылым мен білім салаларында қазақ тілін қолдану дағдыларын дамытады.

Екіншіден, пән арқылы оқушының танымдық ойлау қабілеті дамиды. Бұл әсіресе гуманитарлық ғылымдарда, мысалы, тарих, география, әдебиет сияқты пәндерде айқын көрінеді. Оқушы өз ана тілінде күрделі концепцияларды түсініп, талдау жасауға, сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланады да, осы дағдыларын қазақ тілінде оқитын пәнге қолданады.

Үшіншіден, пәндерді қазақ тілінде оқыту арқылы оқушы ғылыми терминологияны қазақша игереді. Бұл тек лексиканы кеңейту ғана емес, сондай-ақ тілдің ғылым мен технология салаларында қолданылуын қамтамасыз етеді.

Ең бастысы, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын тереңірек түсінуіне, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын сақтап, оны дамытуға ықпал етеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Қазақстан тарихы» және «География»

пәндері орыс сыныптарында тек қазақ тілінде ғана оқытылады да, оқытуда «бір пән – бір тіл» қағидаты қатаң сақталады. Атап айтсақ, «Қазақстан тарихы» және «География» сабақтарында қазақ тілінен басқа тіл мүлдем қолданылмайды, аудармасы да берілмейді. Сондықтан да оқытудың CLIL технологиясы кеңінен қолданылып келеді. Бұл терминді көптілді білім беру саласындағы ғалым Дэвид Марш 1994 жылы, Еуропадағы тілдік білім берудің жағдайы туралы зерттеулер жөніндегі жұмысының барысында қолданысқа енгізген [3]. CLIL (Content and Language Integrated Learning), яғни кіріктірілген пәндік-тілдік тәсілдің мақсаты – пән мазмұны арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру. CLIL материалдық мазмұн мен тіл үйрену арасындағы теңгерімді талап етеді, онда тіл мазмұнды оқыту құралы ретінде пайдаланылады, ал мазмұн, өз кезегінде, тіл үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады [4, 2]. Бұл әдіс пәндік мазмұнды тілдік дағдыларды дамытуға бейімдеп, оқушыларға шет тілі немесе екінші тіл ретінде қазақ тілін игеруге көмектеседі.

CLIL технологиясының артықшылықтары:

1. Тілді оқыту мен пәндік білімді кіріктіреді. CLIL сабақтары барысында оқушылар пәндік мазмұнды қазақ тілінде үйренеді, бұл тілдік ортаны табиғи түрде қалыптастырып, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытады.

2. Оқушының қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттырады, өйткені оқушы қазақ тілін тек тілдік жаттығулар арқылы ғана емес, тарих сияқты қызықты мазмұн арқылы үйренеді.

3. Когнитивті дағдыларын дамытады. Тарих сабағында CLIL технологиясын қолдану арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты талдау және проблемаларды шешу дағдылары дамиды.

CLIL технологиясы тілді үйрену мен пәндік мазмұнды меңгерудің үйлесімін қамтамасыз етеді, бұл оқыту процесін тиімді етеді.

NIS-Programme оқу процесінде тек даталар мен оқиғаларды жаттаумен шектелмей, түп-дереккөздерді түсіну, талдау және сараптау арқылы тарихи білімдерді қалыптастыру, оқиғаларды әртүрлі көзқарастардан түсіндіруді үйрену және тарихи дәлелдер мен тарихи идеялар арасындағы байланысты түсіну арқылы сапалы білім беруді мақсат етеді.

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу мақсаттары тарихи ойлаудың базалық дағдыларын қалыптастыруға негізделген, солардың бірегейі – тарихи дереккөздерді интерпретациялау. Тарихи дереккөздер – тарихи процесті тікелей көрсететін, фактілер мен орындалған оқиғаларды дәл бейнелейтін құжат. Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау барысында білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу үдерістері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді де игереді. Мәселен, материалдарды жинау мен реттеу әдіс-

тері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру және т.б.

Түпнұсқамен жұмыс барысында тапсырмаларды оқушының тілді меңгеру деңгейін және әлеуетін ашу мүмкіндіктерін жан-жақты зерделей отырып құру қажет болады. Тапсырмалардың қай-қайсы да оқушының тілдік дағдыларын дамытуға бағытталады. Орыс сыныптарына түпдеректер бейімделіп ұсынылады. Ашып айтсақ, оқушының тілді меңгеру деңгейін және сөздік қорын ескере отырып, мұғалім мәтінді тарихи маңызын жоймай, қысқартады да, түпнұсқамен жұмыс жүргізу дағдысын дамытуға қолдау көрсетеді.

Мәселен, тапсырмаларды тіл білімінің түрлі салаларына қатысты топтық жұмыс ретінде ұйымдастыруға болады. Бұл қазақ тілі сабағында алған білімдерін тарих сабағында бекітуіне мүмкіндік береді.

Оқушылардың қазақ тілінен алған білімін бекіту мақсатында тарих сабағында фонетикаға қатысты мынадай тапсырма ұсынылады. «Сөздіктегі қолданылған әріптер туралы автордың (М. Қашқари) пікірін зерделе. Қазіргі қазақ тіліндегі төл дыбыстарға салыстырмалы сипаттама бер. Кестеге түсір».

Үзінді:

«Күллі түрік тілдерінде қолданылатын негізгі әріптер он сегіз. Түрік жазуында сол әріптер қолданылады. Бұл әріптер төмендегі сөздерге жинақталған: Айырып көрсеткенде мынадай болады. Бұл әріптердің арабшадағы әріптеріне ұқсас рет тәртібі бар. Бұл негізгі әріптерден басқа, жазуда жоқ, ауызша қолданылатын, негізгі әріптердің қатарына қоса алмайтын және жеті әріп бар. Түрік тілдері бұларсыз оқылмайды. Бұлар: қатаң « <-« (n)» әрпі; арабша « £ (ж)» әрпі – бұл әріптер түрікше де аз қолданылады; (з)» мен « t (ш) » аралығында шығатын «J (ж)» әрпі; арабша «j» (ф)» әрпі; нүктелі « (ғ)» әрпі; « J (қ)» мен «\$» (к)» аралығындағы ұяң, жұмсақ «j» әрпі «(н)» мен «(ғ)» аралығындағы және «(н)» мен «J (қ)» аралығында пайда болатын «(ң)» әрпі. Бұл әріпті дауыстап айтуға түріктерден басқалар қиналады» [5, 6].

Сұрақтар:

1. Неліктен М. Қашқари сөздікте қолданылатын әріптерге түсініктеме берді деп ойлайсың?
2. Сөздікте қолданылатын әріптерді араб әрпімен салыстыруының себебі неде?
3. Үзіндіде берілген түсініктеме қай саланың мамандары үшін маңызды?

Үлгі:

«Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігіндегі М. Қашқаридың пайымы	Қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесі	Менің пайымым
Күллі түркі тілінде – 18 әріп бар. Ауызша қолданылатын – 7 әріп бар.	Қазіргі қазақ тілінде 38 дыбыс бар. Оның ішінде қазақтың төл дыбыстары – 9.	

Сол сияқты 7-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша «7.3.1.2 – VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» деген мақсатты ашу мақсатында: ««Оғыз» сөзі көне түркі ескерткіштерінде кездеседі. Махмұт Қашғари, әл-Марвази еңбектерінде де оғыз тайпаларының атаулары берілген» - деп, Махмұт Қашқаридың сөздігіне сілтеме жасалған [6, 28]. Оғыз тайпасы туралы бірнеше деректерді салыстырып, оқушының өздігінен шешім қабылдауы үшін үзінді немесе сөздіктің кирилл қарпіне тәржімаланған электронды нұсқасын ұсынуға болады.

«Түріктер тегінен жиырма тайпалы. Мен бұлардың тұптамырлары мен ана тараптарын жаздым. Ру-аймақтарын тастадым. Кісілерде оғыз түрікмендерінің білуге ықтияр болғандықтары үшін, солардың ұрықтарын (ұрпақ), малдарына басатын таңбаларын да көрсеттім. Мұсылман болсын, болмасын мейілі, Рұм өлкесі жанынан Күнишығысқа қарай кеткен рет бойынша, біртіндеп, шығыстағы тайпалардың орналасқан жайларын көрсетіп өттім.

Рұм өлкесіне бәрінен жақын орналасқан тайпа бешенек; одан қалса қыпшақ, оғыз, иемек, башғырт, басмыл, қай, набақу, татар, содан қырғыз тараптары. Қырғыздар Шыңға жақын жайласқан. Бұл тайпалардың барлығы Рұм өлкесі жанынан шығысқа қарай осы ретпен созылып жатыр.

Содан шігіл, тохсы, иағма, ұғрақ, жарұқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, қытай. Қытай өлкесі «Шын» деп аталады. Одан кейін табғаш, оны «Машын» дейді. Бұл тайпалар Жәнұп пен Шимал арасында тұр. Олардың орналасқан орындарын осы шеңберлі картада бір-бірлеп көрсеттім» [5, 22.].

Үзінді бойынша берілетін сұрақтар:

1. Бұл деректің авторы туралы сіздерге не белгілі?
2. Берілген мәліметтер деректің қай түріне жатады?
3. Үзіндіде қай тайпа атаулары саған таныс?

Тілдік тапсырма. «Қазақстан тарихы» пәні 7-сыныпта «7.2.2.4 – түркі ке-

зеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру» деген оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған «Әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұни және А.Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығы неде?» деген зерттеу тақырыбы бойынша әрқайсысының еңбегінен үзінді беріледі.

*«Менен ұлым, ақыл ап, жақсы жолға жаратқын,
Елдің дана ұлы боп, біліміңді таратқын.
Іске асығыс кіріспе, інін біл тұрақты,
«Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты»* [6, 59].

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында оқушы ғасырлар бойы маңызын жоймаған рухани құндылықтарды меңгереді. Осы құндылықтардың қазіргі кездегі маңыздылығын ашу үшін «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде берілген 271 мақал-мәтелмен түрлі жұмыстар ұйымдастыру да мұғалімнің асқан шеберлігін қажет етеді. Мақал-мәтелдерді тақырып бойынша (ел бірлігі, жігітке тән қасиеттер, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, т.т.) жіктеп, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешу, адагершілік қасиеттің негізгі критерийлерін анықтау сияқты түрлі тапсырмалар ұйымдастыруға болады.

Ойымызды жинақтайтын болсақ, кейбір пәндерді қазақ тілінде оқыту мәселесін мемлекеттік деңгейде көтеретін уақыт жетті. Себебі кейбір пәндерді қазақ тілінде оқыту арқылы мемлекеттік тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, толыққанды таным тілі ретінде дамуына мүмкіндік береді, оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың болашақта қазақ тілін ғылым мен технология салаларында да қолдануына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Психология подростка. Шығармалар жинағы. 4-том. – Москва: «Педагогика», 1984. – 432 б.
2. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы: «Демей», 1996. – 207 б.
3. Marsh D. CLIL/EMILE – The European Dimension: Actions, Trends and Foresights Potential. Brussels: The European Union, 2002.
4. The National Curriculum for England. History. Key stages 1-3, 2008. - <https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-historyprog-rammes-of-study>.
5. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Ереубай. – Алматы: Хант, –1998. – Т.3 – 597 б. <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1111062&simple=true>.
6. Қазақстан тарихы: 7-сыныпқа арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2023. – 176 б.

Айгүл Орманова

«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ
Абай институты бөлімінің жетекшісі

ТІЛДІК ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ САПА КЕПІЛДІГІ: ALTE СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Андатпа

Бұл мақалада тілдік тестілеу жүйесіндегі сапа кепілдігін қамтамасыз етуде ALTE стандарттарының рөлі талданады. ALTE стандарттары халықаралық деңгейде танымал болып, тестілеудің әділдігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында тестілеу үдерісін ұйымдастыру, бағалау әдістері және тест нәтижелерін интерпретациялау аспектілері қамтылады. Сондай-ақ, қазақстандық ҚАЗТЕСТ жүйесімен салыстыру жүргізіліп, ұлттық тестілеу жүйесін жетілдіру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: *тілдік тестілеу, сапа кепілдігі, ALTE стандарттары, бағалау әдістері, Қазақстан, ҚАЗТЕСТ, халықаралық сертификаттау.*

Abstract

This article analyzes the role of ALTE standards in ensuring quality assurance in language testing. Recognized internationally, ALTE standards provide a framework for fairness and reliability in testing processes. The study examines aspects of test organization, assessment methods, and interpretation of test results. Furthermore, a comparison with Kazakhstan's KAZTEST system is conducted, offering suggestions for enhancing the national testing system.

Keywords: *language testing, quality assurance, ALTE standards, assessment methods, Kazakhstan, KAZTEST, international certification.*

Аннотация

В статье анализируется роль стандартов ALTE в обеспечении качества языкового тестирования. Стандарты ALTE, признанные на международном уровне, обеспечивают объективность и надёжность тестирования. В исследовании рассматриваются аспекты организации тестирования, методы оценки и интерпретация результатов тестов. Кроме того, проводится сравнение с казахстанской системой КАЗТЕСТ, предлагаются пути улучшения национальной системы тестирования.

Ключевые слова: *языковое тестирование, обеспечение качества, стандарты ALTE, методы оценки, Казахстан, КАЗТЕСТ, международная сертификация.*

Тілдік тестілеу – білім беру жүйесіндегі маңызды құралдардың бірі, себебі ол тіл үйренушілердің дағды деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бұл үдерісте әділдік пен сапа кепілдігін қамтамасыз ету – тестілеудің басты міндеттерінің бірі. Association of Language Testers in Europe (ALTE) стандарттары дәл осы мақсатта қабылданған. ALTE стандарттары халықаралық деңгейде мойындалған, олар тілдік тесттердің сапасын, әділдігін және сенімділігін қамтамасыз ететін мінсіз жүйе ретінде қалыптасты. Осы зерттеу барысында тілдік тестілеудің сапасын арттыру үшін қолданылатын ALTE стандарттарының әдістері мен механизмдері талқыланады (ALTE Principles of Good...).

Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты — ALTE стандарттары негізінде тілдік тестілеудің сапа кепілдігін қамтамасыз етудің тиімді әдістерін талдау. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылды:

- Тест тапсырмаларын бағалау әдістерін зерттеу;
- Тестілеуді ұйымдастыру аспектілерін талдау;
- Тест нәтижелерін интерпретациялау мен беру әдістерін қарастыру;
- Сапа кепілдігі механизмдерін талдау және олардың тиімділігін көрсету.

ALTE стандарттары тестілеу жүйесіндегі сапа кепілдігін арттыруға және нәтижелердің әділдігін сақтауға бағытталған (ALTE Principles of Good...).

1. Тест тапсырмаларын бағалау және нәтижелерді белгілеу

ALTE сапа стандарттары бойынша тест тапсырмаларын бағалау жоғары талаптарға сай орындалуы керек. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде кәсіби дайындық өткен бағалаушылардың қызметі маңызды рөл атқарады, ал көпдеңгейлі бағалау мен қосарланған бағалау әдістері нәтижелердің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Төменде бағалау әдістері мен олардың сипаттамасы көрсетілген:

Бағалау әдісі	Сипаттамасы
Кәсіби бағалаушылар	Бағалаушылардың арнайы дайындықтан өтуі нәтижелердің дәлдігін қамтамасыз етеді
Көпдеңгейлі бағалау	Бағалау нәтижелерін бірнеше деңгейге бөліп, әр деңгейде ерекше дағдылар ескеріледі
Бағалау әдісі	Сипаттамасы

Қосарланған бағалау	Сөйлеу және жазу бөлімдерінде екі бағалаушы нәтижелердің сенімділігін арттыруға көмектеседі
----------------------------	---

ALTE стандартына сәйкес, бұл бағалау әдістері тест нәтижелерінің әділдігін сақтап, сенімділігін арттырады (ALTE Bibliography of Me...).

2. Ұйымдастыру жұмыстары

Тестілеуді ұйымдастыруда ALTE стандарттарына сәйкес емтихан орталықтарының жабдықталуы мен құжаттамалық қолдаудың болуы маңызды рөл атқарады. Тест үдерісінде құпиялылықты сақтау және ұйымдастыру жұмыстарының сапасы тест нәтижелерінің дәлдігі мен әділдігін қамтамасыз етеді. Ұйымдастыру аспектілері келесідей сипатталады:

- **Емтихан орталықтарының жабдықталуы:** Тест өткізілетін орталықтар кеңістік пен қажетті құралдармен толық жабдықталуы керек.
- **Құжаттамалық қолдау:** Орталықтарға тестілеуді дұрыс өткізуге қажетті барлық нұсқаулықтар мен ережелер уақытылы беріледі.
- **Құпиялылықты қамтамасыз ету:** Емтихан материалдарының құпиялылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл талаптар тестілеу үдерісінің жоғары сапасын қамтамасыз етіп, нәтижелердің сенімділігіне кепілдік береді (ALTE Quality Assurance ...)(ALTE Bibliography of Me...).

3. Тест нәтижелерін беру және интерпретациялау

Тест нәтижелерін беру және оларды дұрыс интерпретациялау кандидаттар мен ұйымдарға нәтижелердің мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. ALTE стандарттары бойынша тест нәтижелері бірнеше форматта ұсынылады:

Нәтижелерді беру форматы	Сипаттамасы
Сертификаттар	Нәтижелердің сертификат түрінде берілуі, бұл кандидаттардың тіл деңгейін көрсетеді
Баллдық шкалалар	Нәтижелерді баллдық жүйе бойынша көрсету, бұл тапсырмалар бойынша жетістікті көрсетеді
Профильдер	Әрбір дағды бойынша нәтижелердің профильдік түрде берілуі

Бұл форматтар тестілеу нәтижелерінің әділдігін және түсініктілігін қамтамасыз етеді, бұл ұйымдарға және тест тапсырушыларға нәтижелерді тиімді қолдануға мүмкіндік береді (6093 LSP Supplement - W...)(ALTE Quality Assurance ...).

4. Сапа кепілдігі және бақылау

ALTE сапа кепілдігі жүйесінде тест нәтижелерінің әділдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін бақылау және мониторинг тетіктері қолданылады. Бұл механизмдер тесттердің тұрақтылығы мен объективтілігін арттыруға бағытталған. Сапа кепілдігінің негізгі элементтері:

Бақылау тетіктері	Сипаттамасы
Бағалаушылардың жұмысын бақылау	Бағалаушылардың қызметі қатаң бақылауда болады, бұл нәтижелердің тұрақтылығын сақтайды
Арнайы жағдайлар	Мүмкіндігі шектеулі кандидаттарға арнайы жағдайлар жасалады

ALTE стандарты сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін бақылау тетіктері арқылы тест нәтижелерін қадағалайды және тұрақты түрде тексеріп отырады (ALTE Principles of Good...) (ALTE Quality Assurance ...).

5. ALTE сертификатының маңыздылығы және отандық тәжірибемен салыстыру

ALTE сертификаты халықаралық деңгейде танымал болып, жұмысқа орналасу және шетелде оқу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазақстанда ҚАЗТЕСТ жүйесі де мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Отандық ҚАЗТЕСТ пен ALTE жүйелерінің айырмашылықтарын салыстыру арқылы ұлттық тестілеу жүйесін дамытуға ықпал етуге болады.

ALTE сертификатының ерекшелігі	Сипаттамасы
Халықаралық тану	ALTE сертификаты халықаралық деңгейде мойындалады
Сапа кепілдігі	Тест нәтижелерінің әділдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді
Отандық тәжірибемен салыстыру	ҚАЗТЕСТ жүйесі және ALTE стандарттары арасындағы айырмашылықтарды талдау

Бұл талдау Қазақстанда тестілеу жүйесін жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады, сонымен қатар ұлттық тестілеудің сапасын арттыруға ықпал етеді (ALTE Briefing Paper to ...).

Зерттеу нәтижелері ALTE стандарттарының тілдік тестілеудің сапасын қамтамасыз етудегі маңыздылығын көрсетті. ALTE стандарттарының енгізілуі тілдік дағдыларды объективті бағалауға және тест нәтижелерінің әділдігін сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстанда осы стандарттарды қабылдау ұлттық тестілеу жүйесінің сапасын арттырып, халықаралық деңгейде танылуға ықпал етеді. ALTE жүйесінің артықшылықтары мен талаптары арқылы еліміздің тілдік тестілеу жүйесін дамытуға қол жеткізіп, сапалы нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ALTE Principles of Good Practice. (2020). Association of Language Testers in Europe (ALTE). Retrieved from (ALTE Principles of Good...).
2. ALTE Quality Assurance Checklists. (2017). Unit 1: Test Construction. Association of Language Testers in Europe (ALTE). Retrieved from (ALTE Quality Assurance ...).
3. ALTE Quality Assurance Checklists. (2017). Unit 2: Administration and Logistics. Association of Language Testers in Europe (ALTE). Retrieved from (ALTE Quality Assurance ...).
4. ALTE Quality Assurance Checklists. (2017). Unit 3: Marking, Grading, and Results. Association of Language Testers in Europe (ALTE). Retrieved from (ALTE Quality Assurance ...).
5. ALTE Quality Assurance Checklists. (2017). Unit 4: Test Analysis and Post-examination Review. Association of Language Testers in Europe (ALTE). Retrieved from (ALTE Quality Assurance ...).
6. ALTE Bibliography of Members' Work.

Алмагүл Әділова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ГОРИЗОНТАЛ ЖӘНЕ ВЕРТИКАЛ КОНТЕКСТІ

Андатпа

Мақалада көркем мәтіннің вербалды құрылымындағы ерекшеліктер арқылы көрінетін ішкі және тілдік интертекстуалдылық М.Мағауиннің «Сары қазақ» романы арқылы талданады. Қазақ көркем үдерісінде кеңестік кезеңнің соңғы шығармасы ретінде белгілі бұл романда сөйлеу субъектілерінің өзгертілуі арқылы байқалатын мәтінаралық байланыстар нақтыланып, олардың мазмұндық-концептуалды ақпарды түзуге ықпал көрсетіледі.

Кілт сөздер: *көркем мәтін, мазмұндық-астарлы ақпар, мазмұндық-концептуалды ақпар, интертекстуалдылық, горизонтал және вертикал контекст*

Аннотация

В статье анализируется внутренняя и языковая интертекстуальность, выраженная особенностями вербальной структуры художественного текста на примере романа «Сары қазақ» М.Мағауина. Уточняются межтекстовые связи, наблюдаемые через изменение субъектов речи и оказывающие влияние на формирование содержательно-концептуальной информации романа, известного как последнее произведение советского периода в казахском художественном процессе.

Ключевые слова: *художественный текст, содержательно-подтекстовая информация, содержательно-концептуальная информация, интертекстуальность, горизонтальный и вертикальный контекст*

Abstract

The article analyzes the internal and linguistic intertextuality expressed by the peculiarities of the verbal structure of the artistic text on the example of the novel «Sary Kazak» by M. Magauin. The inter-text connections observed through the change in the subjects of speech and influencing the formation of the content and

conceptual information of the novel, known as the last work of the Soviet period in the Kazakh artistic process.

Keywords: *artistic text, meaningful-subtext information, meaningful-conceptual information, intertextuality, horizontal and vertical context*

Мәтін ішіндегі мәтіндердің бір типін көркем шығарма құрылымындағы күнделіктер, суреттеліп отырған жағдайдың таңбасы ретінде танылатын түс, кейіпкердің айна арқылы көрінетін егізі (двойник) құрайды. Бұлардың бәрі де көркем шығармада баяндалып отырған жағдайдың таңбасы, белгісі немесе коллажы деп есептеліп, автордың өзі емес, басқа сөйлеу субъектісі арқылы суреттеледі. Ол сөйлеу субъектісі сөзін автор өзі түзгендіктен, бұл ішкі интертекстуалдылық деп аталады. Романда сонымен қатар тілдік интертекстуалдылық та, яғни орысша жазылған хикаятта кездесетін бөгде тілдік элементтер де байқалады. Ал интертекстуалдылық көркем мәтіннің мазмұндық-астарлы ақпарын - вертикал контекстін көрсететінін ескерсек, аталған фрагменттер туындының семантикасын ашуға, мазмұндық-концептуалды ақпарды танытуға айрықша ықпал етеді.

Көркем мәтіндегі мазмұндық-астарлы ойдың прозалық шығармада берілуін, лингвистикалық горизонтал және экстралингвистикалық вертикал контекстін мәтін семантикасын ашуға қаншалықты әсер-ықпалы бар екенін М. Мағауиннің «Сары қазақ» романы негізінде дәлелдеп байқайық.

Өз шығармасының сұлбасын автор сонау 1970 жылы түсіргенін айта келіп, зерттеуші К. Аманбаева былай дейді: «Бұл туындыдағы екі түрлі мәселеге назар аудару қажет: біріншісі – бір адамның емес, барша көпшіліктің көзқарас-пікірін, өмірлік ұстанымын беруде автордың бас қаһарманның лықсып келген сезім бұлқынысын, сезім бұрқанысын ішкі драмалық тартыс арқылы айшықтауы...

Бас қаһарманның ашу-ызасына, буырқаныс-бұлқынысына автор жалпыәлемдік мағына беруге тырысқан. Жалпыәлемдік мағына-мазмұн жалпыадамзаттық ұстанымға ұласқан. Сондықтан да қаламгер Мағауин мен қаһарман Стамбек рухани жақын, іштей тұтас. Бұл полифониялық тәсілмен берілген авторлық баяндау мен кейіпкер сөзіндегі тұтастықтан туындаған ой. Бұл біз байқаған екінші мәселе» [1, 45].

Роман туралы пікірлер оның түрлі ерекшеліктеріне назар аудартады. Мысалы: «Қазақ тілінің шалқар айдынында еркін жүзген, рухани еркіндіктің зеңгір көгінде шарықтай самғаған самала туынды 1991 жылғы тамыз бүлігінен үш күн бұрын «Жұлдыз» журналында басылып шыққан «Сары қазақ» романы болды. Қазаққа қара жерден де ауыр қасірет-қайғы әкелген зұлмат заманға, тасбауыр қоғамға атаукересін ішкізер, керез сөзін айтқызар қарғыспен аяқталған, коммунистік жүйенің халқымыздың басына түсірген бақытсыздығының бір пара-

сын аяусыз әшкере түрде паш еткен ең бір шамырқанысты, таңдаулы шығармасының бірі де осы «Сары қазақ». Қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңінің соңғы шығармасы. Уақыттық тұрғыдан алғанда да, басқадай жөнімен келгенде де. Қайран қаларлық нәрсе сол, қарғыс айтылып, тасқа басылып шыққан кезде Кеңес өкіметі әлі құламаған, «сүйікті» компартия әлі орнында тұрған болатын. Сөйтіп, «Сары қазақ» шынымен-ақ қапас қабырға құлар алдындағы қатал үкімдей, кеңестік құрылыстың жаназасындай естіліп еді» [2]; «Автордың шығармашылық ерекшеліктерінің бірі әдеби образға қажетті ортаны өзіндік стильге сай дара етіп жарату. «Сары қазақ» романның әйдік тұсы – заманды, болмысты, қазақ халқының басына келген нәубетті мезгілді, кесірлі жылдарды көркем шығарманың тұлғасына сіңіріп әкетіп, оқырман жүрегіне көркем образ, ғажайып композиция, шытырман сюжеттерімен жол тартуы. Айнала дүние қанға бөккен, «қайда барсаң Қорқыттың көрі» болған заманда, Бетпақтың шөліне қашып барып малын бағып, отын жағып он алты жыл рахат тірлік кешкен жалғыз үйлі отбасы арқылы қазақ санасындағы «жерұйық» ұғымына деген эстетикалық көзқарасты көркем шығарма арқылы қайтадан оятады» [3].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында жазылған бұл шығармада көрсетілген, көтерілген мәселе – нақты бір отбасының тағдыры арқылы бүкіл қазақ халқының басына түскен нәубеттің түп-тамыры, себебі не деген сұраққа жауап табу. Және жазушы бұл сұраққа жауапты тапқан да. Тек ол жауапты қаламгер өзі емес, Стамбекке айтқызады. Романдағы барлық оқиға Сары қазақтың көзімен берілген, сондықтан оның тілдік құрылымында вертикал контекст те, глобалды вертикал контекст те көрініс тапқан.

Романның тілдік құрылымын автор екі субъектінің – арнайы баяншы мен Сары қазақтың сөзі ретінде түзген, яғни автордың өз сөзі мен басқа адамның сөзі өзара әрекеттеседі немесе сөйлеу субъектілері кезектесіп, диалог тудырады. Арнайы баяншы оқиғаны кейде алыстан бақылап отырса, кейде оқиғаға тікелей араласып кетеді. Автор арнайы баяншының сөзін сарказмге құрған. Бұл эмоционалды-экспрессивті сипаты ашық, коннотативтілігі айқын лексика, экспрессивті синтаксистік құрылымдар, тілдік кодтардың ауыстырылуы арқылы көрінеді. Аспаннан түскен қазақтың, орыстың және таулықтың, Сары қазақтың әрқайсысын мінездеу, даралау үшін олардың сөйлеу тіліне әдеби тілдің түрлі функционалды стильдеріне тән ерекшеліктерді үстеген. Таулық жігіт кәдімгі қатардағы көп адамның бірі ретінде қалыпты этикеттік формуланы қолданса, орыс ауызекі сөйлеу тілінің қарапайым лексикасын, оның ішінде жаргон мен пейоративті бірліктермен сөйлейді. Ал жай қазақ пен Сары қазақ сол кездегі ресми, публицистика стиліндегі стандартты синтаксистік құрылымдар мен клише сөз оралымдарын пайдаланады, өйткені олардың когнитивті кеңістігінде бұл линг-

вистикалық құралдар феноменологиялық құрылымдардың да көрінісі [4, 63]. Алайда бұл екеуінің сөзқолданысында айырмашылық бар: жай қазақ өзі айттып тұрған әсіреқызыл сөзіне өзі сеніп, сондай өлермендік көрсетсе, Сары қазақ бұл штамп бірліктерді аспаннан түскен үшеуді, олар арқылы бүкіл кеңестік құрылысты мысқылдау, шенеу, мазақтау үшін жұмсайды. Арнайы баяншының баяндауында да осындай кодтық немесе тілдік интертекстуалдылық байқалады. Өзі қолданылатын ортадан басқа, жат, бөгде ортаға түскен тілдік бірліктер тудырған қайшылық (контраст) бүкіл шығарманың өн бойынан көрініп отырады. Және бұл қайшылық авторлық баяндауда да, бөгде сөз - Сары қазақтың күнделігінде де (күнделік деп атап отырған – біз, Мағауин романында «...мұқабасында «Книга учета» дейтін жапсырмасы бар қисап кітабында...» «...неміс шпионы жазған өмірбаяндық (немесе ойдан қиыстырылған) хикаят») үнемі ашық көрінеді.

Авторлық баяндаудағы контраст дала мен адамды (*дымсыз, қимылсыз тұрған мына кең дала – тірі адам*), кейіпкерлерді (*аспаннан түскен үшеу – жердегі жалғыз, жапанда қалған үшеу – есерсоқ жалғыз, неміс шпионы – жиырма төрт кісілік десант*), прецедентті текстерді (*Інжіл мен ВКП(б) қысқаша курсы*) қарсы қоюдан байқалады. Автор өз кейіпкерлерінің әрқайсысын жеке-жеке сипаттап жатпайды, тек олардың іс-әрекетін көрсету арқылы астарлы түрде мінездеме береді. Кейіпкерлердің бірер сөзбен берілген портретіндегі коннотация (*ұшқыш орыс; дөңгелек жылтырбет қазақ; қоңқақмұрын, көккөз, сірә, кавказдық гүжбан қара*) олардың іс-әрекеті арқылы біртіндеп жағымсыз бояуы қоюланып (*ұшқыш жер тебінді, ышқына зекірді, жерге түкірді, тіксініп атып тұруға айналған шомбал ұшқыш, ызалана бастаған, тапаниша қабына қолы екі-үш рет барып қайтқан ұшқыш, ұшқыш жарылып кетті, ашулы ұшқыш, ұшқыш тістеніп; домалақ бет, мықыр қазақ, кінәлі қазақ*), Стамбектің күнделігінде олардың шын бет-бейнесін танытатын эмоционалды-экспрессивті сипаттаумен алмасады (*Менің қандас туыстарым – озбыр мен жандайшап ажалға өздері сұранып тұрды; Үшінші – дағыстандық жігіт өте мейірбан адам екен*). Автордың өз кейіпкерлеріне қарым-қатынасы да астарлы түрде берілген, яғни олардың әрқайсысын тек жалпы есіммен атау және Стамбектің оларға тіл қату реті арқылы көрсетілген:

Үй иесі манағыдай емес, өңі жылыған, бірақ сол үнсіз қалпы, босағада тұрған үлкен торсықты толғай пісіп, ағаш саптаяққа құйды да, гүжбан қараға әкеп ұсынды. Гүжбан қара қазаққа берді, қазақ – орысқа ұстатты. Келесі аяқ қазаққа ұсынылды – гүжбан қара ішті. Соңғы аяқ орысқа тартылды – қазақ ішті ...;

- Тоқтат, ақымақ! – Үй иесі оқыс ақырды. – Ғафу етіңіздер, - деді келер

сәтте. – Сіз ... – Қолын кеудесіне басып, айран-асыр гүлбан қараға басын иді. – Сіз ... – Тіксініп, атып тұруға ыңғайланған шомбал ұшқышқа тағзым жасады. – Сіз ... де – деді құты қашып, беті қызара тершіп отырған қазаққа, төбесінен аса қарап. – Меймансыздар, кінә менен. Ал енді ... келген іздеріңізбен кері қайтасыздар! Аман-түгел тұрғанда. Міне есік. Өне дала.

Романның астарлы ойын беруде автор публицистикалық стильге тән хабарлама жанры мен әскери құжаттардың оралымдарын пайдаланады. Бұл оралымдардың осы сөздік ортаға жаттығы басқа сөздердің мағыналарымен жымдаса келіп, сарказм тудырады: *Арада он күн өткенде неміс шпионын ұстау үшін Ташкент түбіндегі әскер бөлімінен арнайы шыққан екі самолет Бетпақтың қақ ортасындағы, ешбір картада жоқ, жасырын пунктке жиырма төрт кісілік парашютті десантты түсірді. ... Қауіпті дұшпанды іздеуге жаңа күштер қосылды. Бетпақтың медиен шөлін оңды-солды шарлаған, батыста Сарысуды сағалап, Жетіқоңырды сүзген, түстікте Мойынқұмды Хантауға дейін түгел тексеріп, терістік шығыста Мойынты асып, Желтау мен Ортауға дейін барып қайтқан, мемлекеттік-әскери мәні зор үлкен операция кезінде екі самолет апатқа ұшырады, бес адам дизентериядан, жеті адам шөлден өлді. ... Бірақ біздің қырағы чекистер іздеуін тоқтатпаған. Ақыры, талмай жүргізілген табанды жұмыс нәтижесінде, бет пердесін өзгерткен, жаулықтың жаңа бір тәсіліне көшкен қаскөй дұшпан құрыққа түсті.*

Романның модальділігін түзетін тілдік бірліктер ретінде арнайы баяншының сарказмі мен шын ниетін бірдей танытатын лексикалық қайталамаларды айтуға болады: *«Сөйтіп, түйін шешіліп, шығыршық тарқатыла келе біздің қырағы да қайратты, ақылды да парасатты чекистер қаскөй жаудың тағы бір ордасын талқандады. ... Осы мәселеге қатысты, бізге тілектес, ағайындас азаматтар, - бұл тарапта қызмет атқаратын жұрт ішінде ақылды, парасатты жігіттер әлі де көп - ...».*

Ресейдің атақты әулеттерінің бірінің ұрпағы, социалист-революционер Станиславтың Сары қазақ – Стамбек Сыпатайұлы Дәулеткелдиевке айналу тарихы қазақ даласына келген нәубеттің тарихы десе де болады.

Еркін ойлы, дүниені қайтсем өзгертіп, жаңартам, жақсартам деген Станислав оның жолын революциялық террордан тапқанмен, өзінің бұл игі әрекетінің нәтижесі қандай болатынына көз жеткізе алмағанын оның күнделігінен көреміз.

Күнделіктің тілдік құрылымының өзінде контраст байқалады, яғни күнделіктің кіріспе бөлімі мен негізгі бөлімі қазақ және орыс ұлтының өкілдері жазғанын аңғартады. Күнделікте таза орыс адамының тілдік тұлғасы тұрғысынан берілген ақпар кейіпкерді мінездеу үшін қызмет етеді. Өзіне бұрыннан беймәлім, жат халықтың тұрмыс-тіршілігін суреттеуде көптеген реалийлерді

сипаттау арқылы береді, мысалы, *құрық, қымыз, ірімшік, кереге* секілді артефактілер парентезамен берілген. Станиславтың интеллектуалдылығы және ұлы орыстық сезімі оның қазақтармен алғаш кездесуі және оларды біртіндеп тануынан байқалады, аңғарылады: *номад – далалық – киргиз-кайсақ – далалық жабайы – туземдік – қарақшы қайсақ – жартылай жабайы көшпенді – қайсақ-қазақ*.

Әу баста тек кинетикалық тәсілдер арқылы түсінісіп, табысқан Стамбек уақыт өте келе қазақ деген халықтың сөзін, тілін, әдет-ғұрпы мен ділін түсінетін тұлғаға айналады. Әрине, бұл бір айдың, бір жылдың нәтижесі емес, ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан тұлға. Бұл туралы әдебиеттанушы Н. Ақыш былай дейді: «Станислав аты Стамбек болып өзгергеннен кейін қазақтың салт-дәстүрін толық меңгеріп, Сыпатай мырзаның бел баласына айналып шыға келген жерлерінде этнографиялық бояулар басым» [5, 18]. Дегенмен де, Стамбектің осы өсу эволюциясын оның фондық білімінің бірте-бірте өзгеруі дәлелдейді.

Ұзақ жылдардан кейін ел арасына оралған Стамбек айналасындағы ақиқат өмір мен ВКП(б) тарихының қысқаша курсы салыстыра келіп, «антикурс» жазуға бел байлаған кез психологиялық тұрғыдан ерекше сенімді беріліп, тілдік тұрғыда аса әсерлі вербалданған. Кейіпкердің ойына келген цитаталардың өзі оның барлық өмірінен хабар береді: прецедентті есімдер мен мәтіндер (*Пушкиннің өлең жолдары, христиандардың қасиетті кітабынан алынған эпиграф, Г.Р. Державиннің II Екатеринаға арнаған одасы, ресми стильге тән «Ұлы көсем Сталин»*), перифраздар (*шала сауатты семинарист, Владимир-красное солнышко, әулие Петр мен әулие Павел атындағы қала, Ең үлкенінің есімінен кеңдік, мейірбандық, молшылық лебі ессе* (Владимир Ленин), *одан кейінгілері - бірі темір* (Молотов), *бірі тас* (Каменев), *ақыл, парасат, қасиет – Россиядағы неше жүз жылдық дворян тұқымдарының, дворян тұқымын айтасыз, мың жылдық Рюрик .., парықсыз Жалбағай мен сауатсыз Жақыбай, Ұлтарақ, тау қыраны*), аллюзивті реминисценция (*ағылшынның винчестерімен, антантаның винтовкасымен емес, әлі де жеті оғы сақталған революциялық маузермен – Қазан төңкерісі кезіндегі интервенция мен В.В. Маяковский өлеңі*); аллюзиялар (*бұлғақ; Қазір патша Петрді де, әулие Петрді де талақ етіп, Ұлы Көсем атын иелену құрметіне жеткен қанды қалада кәрі шешесі қалған; Кейін естідім, Қорабай өзі қатарлас біраз жігітпен бірге Созақ көтерілісі кезінде қазаға ұшырапты; ақ генералдар; Ерікті қозғалысы; Сібір үкіметі*), атақты ойшылдар мен жазушылардың есімдері, Азия тарихына қатысты көптеген деректер оның ой-өрісінің кең екендігін танытады. Стамбек өз жағдайын ашық та, астарлап та көрсетеді. Сол үшін ол Лесковтің повесін қысқаша, бірақ мәнерлеп суреттейді, яғни өзі мен Лесков

кейіпкері арасында параллель туғызады. Оқырман бұл ассоциациямен күнделіктің кіріспесінде еске түсірілген шетел жазушысы В. Ирвингтің Рип Ван Рикль есімді кейіпкері арқылы пайда болған ақпарды толықтыра түседі. Аталған шығармалар арқылы берілген прецедентті жағдайлардың екеуі де Стамбекке жақсы таныс болғанмен, көпшілік оқырманға аса мәлім емес, сондықтан да автор Сары қазаққа осы жағдайлар жөнінде аз да болса мәлімет бергізе кетеді.

Арнайы баяншы мен Сары қазақтың күнделігіне түрлі қыстырынды құрылымдар енгізу арқылы автор «...баяндалатын оқиға желісіне қосымша түсінік не болмаса айқындық» [6, 684] беріп отырады. Функционалды-семантикалық тұрғыда қыстырынды құрылымдар түсіндірмелі, нақтылаушы, сілтемелік, толықтырушы болып бөлінетіндігін ескерсек, бұлар мәтін модальділігін түзуге де қызмет ететіні сөзсіз.

Вертикал контекстің бір көрінісі болып саналатын цитаталарды Стамбек кейде дәлме-дәл, кейде түрлі өзгерістермен береді. Олар полифункционалды, яғни авторға Сары қазақты мінездеу үшін қызмет етсе, Стамбек жаңа тапқан туыстарын сипаттауға, ойын нақтылауға, дәлелдеуге қолданады.

Көркем шығарманың астарлы ойын дистантты лексикалық қайталамалар түзетінін көрсеткен Т. Сильманның [7] пікірін дәлелдейтін мына бір мысал вертикал контекстің де көрінісі: большевиктердің алғашқы «Искра» газетінде жарияланған ұранын күнделігінің бас жағында келтірген Стамбек оның бір ғана сөзін өз хикаясының соңына қарай қайтара қолданады: ***Бірақ «Ұшқыннан жалын қаулайды!» деген, социал-демократтардың ұраны нақты өмірден алынған. Ұшқын бар – Тұтас бір халықтың, ұлы мемлекеттің дымын өшіру үшін жалғыз-ақ ұшқын жетіп жатыр екен.***

Сары қазақ күнделігінің кейбір тұстарына арнайы баяншының жасаған түсініктемелерін оқырманның мәтінді толық, яғни автор ойын барабар қабылдауына көмек деп ұғынған жөн. Бұл орайда қазір психолингвистикада қалыптасқан мына бір пікірді еске алу керек: «...тезауруссы мен тұлғалық эмоционалдық құрылымы автордікімен сәйкес келетін оқырмандар мәтінді соғұрлым барабар қабылдайды» [8, 88]. Мұндай оқырман романның лингвистикалық (горизонтал) және вертикал контекстері арқылы тиісті ассоциация тудырып, өзінің рухани бітім-болмысына сай интерпретация жасай алады, өйткені «...кез келген мәтінде интерпретация бағытын көрсететін материалдық (тілдік) белгілер болады» [9, 23].

Романдағы мазмұндық-концептуалды ақпар соңғы авторлық баяндауда берілген, мұнда арнайы баяншы мен автордың сөзі кірігіп, қосүнді сөзге айналған.

Сонымен, көркем мәтіннің семантикасын қабылдап, түсінуде атқарар қызметі ерекше астарлы ойды (подтекст) түзуде лингвистикалық (горизонтал)

және экстралингвистикалық (вертикал) контекстердің өзара әрекеттесуінің маңызы айрықша.

«Сары қазақ» романының өзі қазіргі кезде прецедентті құбылысқа айналды, яғни қазақ тілін жетік меңгеріп, халқымыздың ұлттық құндылықтарына сый-құрметпен қарап, оларды насихаттап жүрген, ұлты басқа азаматтар түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында, поэзияда, күнделікті өмірде осы артониммен аталып жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төлеубаева К.А. Қазақ романдарындағы драматизм: Филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. – Астана, 2004. – 28 б.
2. <https://egemen.kz/article/1619-klassik-nemese-mukhtar-maghauinninh-manhgilik-kuui>
3. https://adebiportal.kz/kz/news/view/sary-qazaq-romanyndagy-utopiialyq-oidyn-sarynu__23155
4. Красных В.В., Гудков Д.Б., Захаренко И.В., Багаева Д.В. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации // Вестник Московского университета. Серия 9. Филология. – 1997, №3. – С. 62 – 75.
5. Ақыш Н. Қазақ прозасындағы ұжымдастыру шындығы және көркемдік шешім: Филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 33 б.
6. Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002. - 784 б.
7. Сильман Т. И. Подтекст как лингвистическое явление // Филологические науки. – 1969, №1. – С. 69.
8. Белянин В.П. Психолингвистический и концептуальный анализ художественного текста с позиции доминанты // Логический анализ языка. Концептуальный анализ. – Москва: 1990. – С. 102.
9. Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка. – Москва: Эдиториал УРСС, 2004. – 272 с.

«ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Астана қаласында Ә.Қайдар мен Р.Сыздықтың 100 жылдығына орай «Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.



Ғылыми басқосу Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешовтің кіріспе сөзімен басталды. Ол түркі тілдерінің бірізді терминқорын жасау бұдан жүз жыл бұрын Ахмет Байтұрсынұлының кезінде басталғанын алға тарта отырып, бұл мәселенің қазіргі таңда да маңызды, өзекті екендігін айтты. Ербол Ердембекұлы «Техника мен технологияның, жаңа халықаралық сөздердің қолданысқа енуі бұл салада үздіксіз дамудың, толықтырудың қажет екендігін көрсетеді. Ал жаһандану дәуірінде түркі тілдерінің тұтастығын сақтап қалу үшін

ғалымдардың, түрлі сала мамандарының бірігуі маңызды», – дей келе, конференция отырысына сәттілік тіледі.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ғылым жөніндегі вице-президенті, ҚРҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы түркі терминологиясын тіларалық біріздендіру мәселелеріне тоқталды. «Түркі тілдері арасында ортақтық пен үйлесім азайып, алшақтық ұлғайып барады. Әр ұлт өз алдына термин жасай берсе, тілдік ұқсастығымыз ажырайды. Сондықтан түркі тілдері арасында тіларалық, халықаралық біріздендіруді қолға алып, электронды база жасау керек. Ал бұл мәселе ортақ, халықаралық ұйым не жауапты мекеме құрмай шешілмейді», – деген ұсынысын жеткізді.

Ал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі, профессор Наджи Генч техникалық терминдер сөздігін әзірлеу әдістерімен бөлісті. Ол бекітілген терминді қолданысқа енгізуді мектеп оқулықтары мен балаларға арналған анимациялық фильмдерден бастау керектігін алға тартты.

Халықаралық конференцияда ф.ғ.д, профессор Саялы Садықова (Әзербайжан), ф.ғ.д. Мұрадқасым Әбдиев (Өзбекстан), ф.ғ.д., доцент Хусейн Йылдыз бен ф.ғ.д., доцент Абдулкадир Өзтүрк (Түркия), ф.ғ.д. Гүлназ Ягафарова (Уфа), ф.ғ.к. Ольга Галимова (Татарстан), профессор Исмайыл Қадыров (Қырғызстан) пен отандық ғалымдар түркі тілдеріндегі терминжасамның дамуы мен қазіргі үдерістері жайында баяндама жасады. Ғалымдар жаһандану кезеңіндегі түркі тілдері терминологиясының жай-күйі, ұлттық терминологиялық жүйені жетілдіру мен біріздендіру мәселелерін талқылады. Сала мамандары түркі терминологиясы базасын қалыптастырудың, толықтырудың өзекті мәселелеріне тоқталып, салалық терминдердің түркі тілді мемлекеттерде игерілу деңгейін жан-жақты қарастырды. Тамыры бір түркі тілдеріндегі шеттілдік терминдерді аударудағы тиімді, жаңа әдістерді зерделеу арқылы өзара тәжірибе алмасты.




Шерубай Құрманбайұлы

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ТІЛАРАЛЫҚ БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ
ТЕРМИНЖАСАМ, ТЕРМИНАЛМАСЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

1. Тіларалық біріздендіру. Жалпы терминологияны біріздендіру бірнеше деңгейден тұрады (сызбаны қараңыз). Солардың әрқайсысы өз деңгейінде кәсіби тұрғыда жүзеге асуға тиіс. Түрік текті халықтар терминжасам үдерісінде, өз терминқорын қалыптастыру кезінде, тілішілік біріздендіру барысында өзге түрік жұрттарының тілінде қай терминнің қалай жасалғанына назар аударып, олардың да тәжірибесін ескеріп отырса, онда ортақ терминдеріміз молайып, тіларалық біріздендіруге берік негіз қалана береді. Қазіргі түрік текті халықтар тілдерінің ең үлкен мәселесінің бірі – терминологияны тіларалық біріздендіру.



Кесте-1

Туыстас екі тілдің терминдер жүйесін мамандар ынтымақтаса отырып бірге жасаса, ол терминнің үшінші, төртінші туыстас тілге өтуіне мүмкіндігі мол. Осы тұрғыдан келгенде қыпшақ тобына жататын әрі аумақтық тұрғыдан бір-біріне өте жақын орналасқан көршілес қазақ және қырғыз тілдерінің терминологиясын біріздендірудің мүмкіндігі мол. Бірақ соңғы жылдарда жасалған терминологиялық сөздіктерге жүгінсек, бұл тілдердің ортақтығынан гөрі айырмашылықтары артып бара жатқанын байқауға болады. Біз Қырғыз еліне барған ғылыми сапарымызда бірнеше саланың терминдер сөздіктерін және терминология саласын зерттеген белгілі ғалымдардың еңбектерін арнайы қарап, танысып шықтық. Сонда осыған көзіміз жетті. Біз олардың барлығына тоқталмай төменде тек бір ғана биология саласы мен кейінгі жылдары жарық көрген екі тілдің түсіндірме сөздіктерінен алынған мысалдарды салыстырып көрсетеміз.

Қазіргі қазақ, қырғыз тілдерінің биология саласы терминдерінің айырмашылықтары	
Биологиялық терминдердин қырғызча-орусша/ орусша-қырғызча сөздүгү / Түз. Г.Т.Курманбекова; К.Б. Чериков ж.б. –Бишкек: «Кут-бер», 2023. – 256 б.	Қарақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Жалпы редакциясын басқарған М.Қасымбеков. Т.13: Биология. – Алматы, 2014. – 528 б.
белок, протеин	нәруыз
камбий	түзуші ұлпа
клетка	жасуша
мочевина	несепзәр
нектар	шірне
орган	мүше, орган
система	жүйе
ткань	ұлпа

Кесте-2

Қырғыз тілі *белок, протеин, камбий, клетка, мочеvина, нектар, орган, система, ткань* сияқты совет кезіндегі орыс тілінен енген көптеген терминдерді сол қалпында сақтап қалған. Ал қазақ тілінде бұл терминдердің *нәруыз, түзуші ұлпа, жасуша, несепзәр, шірне, мүше, жүйе, ұлпа* сынды баламалары жасалып, қолданысқа енді. Бұлардың дені соңғы 30 жыл көлемінде жасалып, қолданысқа енген терминдер. Егер екі тіл алдағы уақытта да терминкөр қалыптастырудағы

осы бағыттарын ұстанып, осы қарқынмен тағы 30 жылды артқа тастаса, қазақ пен қырғыздың көптеген сала мамандары бұрынғыдай бірін-бірі еркін түсінуден қалып, олардың кәсіби қарым-қатынасы қиындап кетеріне күмән туғызбауға болады.

Қазақ пен қырғыз тілдерінде әртүрлі аударылған терминдер		
орысшасы	қазақшасы	қырғызшасы
залежь	жатынжер	кысыр аңыз
зародыш (эмбрион)	ұрық	түйүлдүк (эмбрион)
лепесток	күлте	желекче
околоцветник	гүлсерік	гүл коргону
опыление	тозаңдану	чаңдашуу
паразит	паразит	мите
пыльник	тозаңдық	чаңчача
пыльца	тозаң	чаңча
торф	шымтезек	чым көң

Кесте-3

Мына кестедегі терминдер де іргелес отырған қазақ, қырғыз халықтарының терминжасам үдерісінде бір-біріне көп қарайлай бермейтінін аңғартады. Егер тіларалық үйлестіру ісі қолға алынғанда жаңадан қолданысқа енген осы терминдердің бәрін болмаса да бірқатарын бірдей нұсқада алуға әбден болар еді. Мәселен, *кысыр аңыз*, *гүл коргону* деген сипаттамалы атаулардан гөрі қазақ тіліндегі *жатынжер*, *гүлсерік* терминдері ұтымдырақ жасалған. Сол сияқты қырғыз ағайындар *дольщик – пайчы*, *морг – өлүккана* деп алыпты. Ал бізде бұл терминдер *үлескер*, *мәйітхана* түрінде қолданысқа енді. Бұларды да келісіп, бір нұсқасын алуға болар еді деп ойлаймыз.

Қырғыз және қазақ тіліндегі терминдердің әдеби тіл сөздіктеріне ену ерекшеліктері	
Орусча – кыргызча сөздүк. Түзүүчүлөр: Абдуллаев Э., Абдыкеримов К, Бейшекеев Н и др. Бишкек, 2015. 608 б. I том. Редакциялық кеңеш: Ахматалиев А. А. и др. (85 000-нан астам сөз қамтылған).	Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов. (106 000 сөз қамтылған).

адаптация	бейімделу, адаптация,
администратор	әкім, әкімші, администратор
администрация	әкімшілік, әкімдік, администрация
адрес (дарек)	мекенжай, адрес
аренда //ижара	жалдау, аренда
багажник,	жүксалғыш
врач (дарыгер)	дәрігер
династия	әулет, династия
доклад	баяндама
документ	құжат
заказ	тапсырыс
заказчик//заказчы	тапсырысшы
исскуство	өнер
искуствовед	өнертанушы
наклейка	жапсырма қағаз
океан	мұхит
Орусча – кыргызча сөздүк. Бишкек, 2015. 608 б. II том. К-О Редакциялық кеңеш: Ахматалиев А. А. и др.	Қазақ сөздігі. –Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарған- дар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
календарь	күнтізбе, календерь
мавзолей	кесене, мавзолей
малина	таңқурай, малина
моряк	теңізші, моряк
Орусча – кыргызча сөздүк. Бишкек, 2015. 646 б. III том. П-Р. Редакциялық кеңеш: Ахматалиев А. А. и др.	Қазақ сөздігі. –Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарған- дар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
поликлиника	емхана, поликлиника
полиграфия	баспахана, полиграфия
проспект	даңғыл, проспект
протокол	хаттама, протокол
процент	пайыз, процент

Орусча – кыргызча сөздүк. – Бишкек, 2015. – 646 б. IV том. С-Я Редакциялык кенеш: Ахматалиев А. А. и др.	Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013. – 1488 б. Жалпы редакциясын басқарғандар: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов.
финансист	қаржыгер, финансист
тираж	таралым, тираж
указ	жарлық, указ
юбилей	мерейтой, юбилей
юрист	заңгер, юрист
юстиция	әділет, юстиция

Кесте-4

Осы кестеде көрсетілген кейбір терминдердің бұрын қолданыста болған орыс тіліндегі *администратор, администрация, полиграфия, проспект, юбилей, юрист* тәрізді нұсқалары да «Қазақ сөздігінде» берілгенімен қазіргі тілде негізінен олардың *әділет, әкім, әкімдік, әкімшіші, әкімшілік, баяндама, баспахана, даңғыл, емхана, жарлық, заңгер, күнтізбе, кесене, қаржыгер, құжат, тапсырыс, хаттама* сияқты кейін жасалған нұсқаларының жаппай қолданылатын деңгейге жеткенін ескерсек, қазақ терминологиясының бауырлас қырғыз халқының терминологиясынан жылдан-жылға алшақтап, екі тілдің терминдер жүйесінің айырмашылықтары өте жылдам қарқынмен ұлғайып бара жатқанын көруге болады. Бұл бәрімізді ойландыратын, тіл-аралық біріздендіру ісін кешеуілдетпей бірлесіп қолға алуды қажет ететін іс екенін көрсетеді.

Қазақ пен қырғыз тілдерінде бірдей немесе аздаған өзгешелікпен ғана қолданылатын *анализ – талдоо(қыр.), талдау (қаз.), железа – без (қаз., қыр), заросток – өсүндү (қыр.), өскін (қаз), пестик – энелик (қыр.), аналық (қаз.), побег – өркүн (қыр.), өскін (қаз), рассада – көчөт (қыр.), көшет (қаз.), трахея – кекиртек (қыр.), кеңірдек (қаз.)* сияқты терминдер де бар. Бірақ жуық арада тіларалық біріздендіру жүргізіліп, өзара терминалмасым жолға қойылмаса бара-бара мұндай терминдердің үлесі мүлдем азайып, керісінше өзгеше терминдер қатары артып, алшақтық ұлғая берері анық байқалады.

2. Терминжасам. Түркі тілдеріндегі терминжасам үдерісі қалай жүріп жатқанын біліп отыру түрік текті тілдер өкілдерінің әрқайсысы үшін маңызды. Өзірге ондай ақпарат алып, кімнің бұл істі қалай атқарып жатқанын көріп-біліп

отыратын мүмкіндік болмай тұр. Түркі тілдеріндегі терминжасамның жай-күйін зерделеу мақсатымен бірлескен ғылыми жобаны қолға алып, ұжымдық монография да жариялаған едік. Түркі тілдерінің терминжасамы (Қазақ, әзербайжан, өзбек, татар, қырғыз, түрік терминжасамы бойынша). Ұжымдық зерттеу. (Ш. Құрманбайұлы, М. Закиев, Х. Дадабаев, Ш.Акалин, Ч. Джумагулов, С. Садыгова, Е. Әбдірәсілов). – Астана: «Ғылым», 2018. – 372 бет.

Бұл зерттеуде барлық түрік тілдері түгел қамтылған жоқ, тек 6 тіл қамтылды. Басқа түрік тілдерінде терминжасам ісі қалай жүзеге асып жатқанын анықтап, олардың терминжасамдағы өзіндік бағыты мен ерекшеліктерін көрсетсек өте дұрыс болар еді. Алайда бұл іс одан әрі жалғасын тапты деп айта алмаймыз. Мұндай зерттеулер жүргізу өз алдына түрік тілдерінің салыстырмалы терминологиялық сөздіктерін жасау да маңызды. Ғылыми зерттеулермен қатар практикалық жұмыстар да жүргізіліп жатса терминологиялық жұмыстарды тіларалық үйлестіру мен біріздендіруге де негіз берік қаланады. Бұл істе терминологияның атқарар рөлі айрықша. Барлық түркі халықтарының өкілдері пайдалана алатындай ортақ электронды терминологиялық қор (база) жасалса, қай тілде не болып жатқанын біліп отыруға, соның негізінде тәжірибе алмасуға болады. Алдағы қолға алатын ең қажетті істің бірі осы деп санаймыз.

3. Терминалмасым. Түрік текті тілдер арасындағы терминалмасым ісі ХХ ғасыр басында Алаш қайраткерлері тарапынан көтерілгенімен ешқашан шындап қолға алынып, жүйелі түрде жүргізілген емес. Кеңестік кезеңде оған жол берілген жоқ. Мақсат белгілі. Ол – совет халқына ортақ, орыс тілін негіз етіп алған жалпысоветтік терминқор (общесоветский терминологический фонд) құру. Қазақ, өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікмен сияқты түрік халықтары тәуелсіздігін жариялап дербес ел болғаннан кейін де өзара келісіп, кеңесіп бұл істі қолға ала қоймады. Сондықтан қазіргі уақыттағы түрік текті халықтар тілдері арасындағы өзара терминалмасым үдерісі туралы сөз қозғаудың өзі қиын. Себебі бұл іске мұрындық болып, оның жүзеге асу тетіктерін жасап, үйлестіріп отырған мемлекеттік орган да, халықаралық ұйым да, ғылыми мекеме де, арнаулы немесе жеке құрылым да жоқ. Сол себепті туыстас тілдердің арасындағы терминалмасым үлесі тым аз, мардымсыз. Түркі тілдерінің бір-бірінен алған немесе бір-біріне берген терминдері жекелеген ғалымдар мен сауда-саттық, іскери байланыстар кезінде тілден-тілге алмасқан атаулар. Туыстас тілдер арасындағы өзара терминалмасым үдерісі бұлай кездейсоқ, стихиялы түрде жүзеге асатын іс емес. Терминалмасым белгілі бір қағидаттарды басшылыққа ала отырып ғылыми негізделіп, кәсіби түрде жүргізуді қажет ететін терминологиялық жұмыс-

тардың бірі. Бұл ғылым мен өнердің, экономиканың алуан түрлі салалары бойынша мақсатты, жүйелі түрде жүзеге асырылатын тіларалық байланыстың өте маңызды мәселесі. Бұл терминалмасым үдерісі мемлекеттер, тілдер арасындағы ғылыми-мәдени, саяси-экономиалық байланыстарға тәуелді және терминжасам мен терминологияны тіларалық біріздендіру жұмыстарын бірлесіп атқарғанда ғана жүзеге асатын, соған тікелей қатысты терминологиялық жұмыс екенін ескерген орынды.

Саялы Садықова

*Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Насими атындағы
Тіл білімі институтының Терминология бөлімінің басшысы,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Терминологиялық тіркестер құрамдас бөліктерінің саны бойынша әртүрлі болады. Олар екі, кейде одан да көп құрамдас бөліктерден тұруы мүмкін. Мысалы, «электр тоғы», «жинақтау қоры», «социалистік меншік», «тұтыну құралдары», «қосымша құн» терминдік сөз тіркестері екі құрамбөліктен құралса, «қажетті жұмыс уақыты», «күш жүйесінің балансы» үш құрамбөліктен тұрады. Мұның себебі неде? Жалпы тіл білімінде сөз тіркесі немесе терминологиялық тіркес екі дербес сөздің немесе терминнің бірігуін білдіреді. Орыс тіл білімінде сөз тіркестері екі сөздің бірігуі ретінде анықталады. Түркологияда және қазіргі мектеп грамматикасында сөз тіркестері осыған ұқсас түсіндіріледі. Терминологиядағы терминдік сөз тіркестері туралы айтқанда, негізінен екі терминнен тұратын тіркестерді де айтамыз. Бұл ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында екі терминнен тұратын терминологиялық және логикалық тіркестер жиі қолданылатындықтан болады. Бірақ бұл терминологиялық тіркестер екі-ақ терминнен тұрады деген сөз емес.

Терминологияда екі құрамбөлікті терминдік тіркестермен қатар көп құрамбөлікті терминдік тіркестерді де жиі кездестіруге болады. Мысалы, «пайдалы қарсылық күші», «механикалық энергияның сақталу заңы», «өндіріс процесін механизациялау», «бірліктердің абсолютті жүйесі», «тиімді әрекет коэффициенті» және тағы басқа терминдерді дәлел ретінде келтіруге болады. Сондықтан терминологияда екі құрамбөлікті тіркестермен қатар көп құрамбөлікті тіркестерді де зерттеу қажет.

А.М.Пешковский «...сөз тіркесі – тіл мен ойдағы екі немесе бірнеше сөздің бірігуі» екенін білдіреді [9, 35].

Т.А.Бертагаев екі құрамбөлікті терминдік тіркестермен қатар көп құрамбөлікті тіркестер туралы да сөз қозғаған [5, 64].

Н.А.Баскаков сөз тіркесінің әрбір түрінің жай және күрделі болып бөлінетінін көрсетеді. Күрделі сөз тіркесі терминмен қатар ол «аралас тіркес» терминін де

қолданады және сол арқылы әртүрлі типтегі тіркестерге тән белгілердің аралас, күрделі тіркесімде болатынын атап өтеді [2, 71].

Әзербайжан тіл білімінде М.Гусейнзаде күрделі тіркестердің бір түрін ғана түсіндіреді. Ол «күрделі сөз тіркесі» деген атпен атрибутивтік тіркестерді қарастырған [10, 150].

Ю.Сейдовтың пікірінше, екі сөзден тұратын тіркесті жай, ал екіден көп сөзден тұратын тіркесті күрделі деп атаған жөн [11, 51].

Ал терминдік тіркестерді құрылымына қарай жай және күрделі терминдік тіркестер деп екіге бөлуге болады. Жай терминдік тіркестер терминологиялық тіркестің бастапқы нұсқасы; термин мен терминдік сөз тіркесінің шекарасы болып табылады. Олай болса, жай терминдік тіркеске құрамбөліктердің бірі қатыспаса, ол тіркес емес, жай термин болып табылады. Демек, жай терминдік тіркес терминологиялық тіркестің бастапқы нүктесі болады. Мысалы, «сөйлем мүшесі» деген терминдік тіркесті құрайтын мүше «мүше» және «сөйлем» терминдерінің бірін алып тастасақ, ол жай терминге айналады.

Күрделі терминдік тіркестер жай терминдік тіркестердің сол немесе басқа формада кеңеюі нәтижесінде жасалады. Дегенмен екі тіркес түрі де бір грамматикалық ережеге негізделген. Күрделі терминдік тіркестердің жай терминдік тіркестерден айырмашылығы тек құрамдас бөлігінің санымен, мағыналық кеңдігімен ерекшеленеді. Жай терминдік тіркестің бір компоненттен тұра алмайтыны сияқты, күрделі терминдік тіркес те екі-ақ терминнен құрала алмайды. Егер ол екі терминнен тұрса, ол енді күрделі емес, жай терминдік тіркес болады. Демек, құрамында екіден көп термин бар тіркестер күрделі терминдік тіркестер деп аталады.

Дегенмен бұл мәселеде жиі қолданылатын сөз тіркестеріне байланысты қайшылықтар бар. Басқа тіл ғалымдарының пікірінен бөлек профессор М.Гусейнзаде мынадай көзқарасты білдіреді: «Мағынасы жағынан да, формасы жағынан да бір-бірімен байланысқан (санына қарамастан), сөйлем мүшесі ретінде бірге қатысатын тіркестерді күрделі атрибутивтік сөз тіркесі деуге болады» [10, 150].

Көріп отырғанымыздай, профессор М.Гусейнзаде күрделі сөз тіркестерінде сөздердің бірігуін, ығысуын, сол арқылы күрделі есімге айналу процесін негізге алады. Сондықтан күрделі терминдік тіркестерде негізінен құрамбөліктегі терминдер санына және олардың номинативті қызметіне сүйенген жөн. Терминдік сөз тіркестері күрделі ұғымдарды білдіретінін де ескеру керек. Демек, терминдік тіркестер екі немесе одан да көп құрамдас бөліктерден тұруы мүмкін болғанымен, номинативті қызметінде олар бір нақты ұғымды білдіреді.

В.В.Виноградов бұл тұрғыда мүлдем қарама-қарсы көзқарасты ұстанып,

«орта жастағы адам», «үш қабатты үй», «жеті жасар бала» сияқты үш құрамбөлікті тіркестерді қарапайым/жай тіркестер деп есептейді. Мұндай тіркестердегі ортақ жаққа қатысты комбинациялардың анықтамаларының бар екенін және олардың комбинациядан бөлінбейтіндігін негізге ала отырып, оларды күрделі тіркестерден ажыратуға болады.

Демек, терминдік тіркестердің атаулық, номинативті қызметі бұл түрдегі жай тіркестерді құрылымдық талдаудағы екіұштылықты жояды. Әзербайжан тілінде әртүрлі терминдік салаларда қолданылатын терминдік тіркестерді келесі топтарға бөлуге болады:

1. Екі құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *energetika sistema* «энергетикалық жүйе», *kimyəvi proses* «химиялық процесс», *texniki baza* «техникалық база», *soğrafi atlas* «географиялық атлас», *fonetik hadisə* «фонетикалық құбылыс», *fonetik tərkib* «фонетикалық құрам».

2. Үш құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *xalq nəzətəti qrupu* «халықтық бақылау топтары», *ümumxalq danışiq dili* «жалпыхалықтық сөйлеу тілі», *sərbəst rəqs sərəуanları* «еркін тербеліс тоғы», *rəqəm hesablama maşını* «цифрлық есептеуіш мәшине», *şimal soyuq ғurşağı* «арктикалық солтүстік шеңбер».

3. Төрт құрамбөліктен тұратын терминдік тіркестер: *nitqin əsas tərkib hissəsi* «сөйлемнің негізгі құрылымдық бөлігі», *ikinci dərəcəli üzv* «екінші дәрежелі сөйлем мүшелері».

4. Бес құрамбөлікті терминдік тіркестер: *cümlənin ikinci dərəcəli хüsusiləşmiş üzvləri* «сөйлемнің оқшауланған, қосалқы екінші дәрежелі мүшелері», *ictimai iqtisadi formasiyaların дәуişməsi qanunauyğunluğı* «қоғамдық-экономикалық формациялардағы өзгерістердің заңдылығы».

5. Алты құрамбөлікті терминдік тіркестер: *istehsal münasibətlərinin məhsuldar qüvvələrini xarakterindən asılılığı* «өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің табиғатына тәуелділігі», *məhsuldar qüvvələrini inkişafına istehsal münasibətlərinin тәсілі* «өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің дамуына әсері».

Бұл мысалдардағы біріншілері екі терминнің тіркесімінен жасалған жай терминологиялық тіркестер, қалғандары күрделі терминологиялық тіркестер. Егер ғылыми еңбектерде екі, үш және төрт құрамбөліктен тұратын комбинациялар жиі қолданылса, құрамбөліктердің осы санынан көп құрамбөліктері азырақ қолданылады. Өйткені көпкомпонентті терминологиялық тіркес, әдетте, өз саласына қиындық тудырады және тілді күрделендіреді. Ал мұндай терминдік тіркестер жасауда қысқалық пен нақтылық принципі іс жүзінде аса үлкен қиындықпен жүзеге асырылады.

Көбінесе күрделі терминдер мен сөз тіркестерінің орнына белгілі, қалыптасқан атаулар қолданылады. Алайда, бұл атауларды қолдану одан да қиын және жұмбақ түрге айналған.

Сол сияқты paraaminosalisil turşusu «парааминсалисил қышқылы», менингомислиомаантоз арахноидендотелиома «менингомислиомаантоз арахноидендотелиома» сияқты терминдік тіркестер тілді күрделендіреді.

Әзербайжан тілінің терминологиясында құрамбөліктері зат есім мен сын есім болатын тіркестер жиі кездеседі. Жалпы мұндай терминдік тіркестер номинативті қызмет атқаратын негізгі сөйлем мүшелерінің негізінде жасалады. Номинативті терминологиялық тіркестердің екі негізгі түріне назар аударылады – «біртекті» және «аралас». «Аралас типті» терминологиялық тіркестердің құрамбөліктері әртүрлі сөйлем мүшелерінен (зат есім, сын есім) тұрады.

Ал біртекті терминдік тіркестерде екі құрамбөлік те бірдей (зат есім + зат есім) сөйлем мүшесі арқылы беріледі. Бұл заңдылық зат есімнің терминологиялық тіркестерінде ғана кездеседі.

Мұндай терминдік тіркестердің екі құрамбөлігі де зат есімнен тұрады. Көп жағдайда тіркестердің бірінші құрамбөлігі зат есімнің не атау, не ілік септік жағдайында болады, ал екіншісі үшінші жақ (иелік) қосымшалардан тұратын зат есімдер арқылы көрсетіледі.

Зерттеулерде көрсетілгендей, қазіргі әзербайжан әдеби тілінде ең көп тараған терминологиялық тіркестер атрибутив-субстантивтік екі құрамбөлікті терминдік тіркестер, дәлірек айтсақ, зат есім мен сын есімнен құралған терминологиялық тіркестер болып табылады.

Аралас типті терминдік тіркестер әсіресе күрделі терминдік тіркестерде айқын көрінеді. Терминологиялық тіркестерді әр қырынан қарастырып, белгілі бір қағидалар негізінде топтастыруға болады.

Терминологиялық тіркестердің түрлерін талдамас бұрын, сөз тіркестеріне қатысты бар анықтамаларды жалпы қарастырайық.

Түркі тілдері зерттеулерінде сөз тіркестері әртүрлі белгілеріне қарай топтастырылған.

М.В.Балақаев қазақ тіліндегі сөз тіркестерін анықтау мен түсіндіруде синтаксистік байланыстарын негізге алған. Бұл жерде назар аударарлық жағдай, М.Б.Балақаев сөз тіркестерін ең алдымен «есім» және «етістік» деп аталатын екі үлкен топқа бөледі, содан кейін осы бөлімнің ішінде синтаксистік байланыстарға негізделген «микро» жіктеулер жасайды. Автор сөз тіркестерінің бастапқы жіктелуін басқа принципке негіздегенімен, олардың нақты формаларын түсіндіруде синтаксистік байланыстарға сүйенеді.

Сөз тіркестерінің жіктелуіне байланысты Г.И.Убрятова былай деп жазады: «Якут тіліндегі сөз тіркестерінің жасалу тәсіліне қарай олар мынадай топтарға бөлінеді: 1) орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері; 2) қосымшалар

арқылы жасалған сөз тіркестері; 3) бағыныңқылық негізінде жасалған тіркестер; 4) теңсыңарлы түрде жасалған тіркестер; 5) басқа тәсілдермен жасалған, біртектес сөйлем мүшелердің тіркесімі» [12, 31].

Шынында да, сөз тіркестерінің жасалуында бұл байланыстардың маңызы зор, сондықтан олардың рөлін анықтау маңызды. Дегенмен сөз тіркестерінің мәнін ашып, оны жан-жақты зерттеуде тек синтаксистік байланыстарға сүйену мәселенің формалдық жағын ғана ашады.

Н.А.Басқақов сөз тіркестерін синтаксистік және лексикалық тіркестер деп жіктейді. Ол лексикалық тіркестерді күрделі сөздер мен идиомаларға жатқызады; синтаксистік тіркестерді предикативті және атрибутивтік сөз тіркестеріне, ал атрибутивтік сөз тіркестерін бірқатар топтарға бөледі [1, 2].

Басқақовтың бұл классификациясы түркологиядағы жан-жақты терең талданған классификация болып табылады.

Әзірбайжан тіл білімінде сөз тіркестері есім және етістік болып екі топқа бөлінеді [11, 124].

Көріп отырғанымыздай, лингвистикалық зерттеулерде сөз тіркестері түрліше жіктеледі.

Терминдік сөз тіркестерінің жіктелуі де – терминологияның өзекті мәселелерінің бірі: 1. ерекшеленетіндер: а) құрамбөліктерінің әрқайсысы термин болып табылатын және әрқайсысы екі жақты байланысқа түсе алатын еркін тіркестер; б) құрамбөліктерінің кейбірі термин бола бермейтін еркін емес тіркестер; 2. бөлшектенбейтін термин-фразеологизмдер [6, 37].

Д.С.Лотте терминдік тіркестерді 4 түрге бөледі:

1) бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 2) шартты түрде бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 3) жартылай бөлшектенетін терминдік сөз тіркестері, 4) бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркестері [7, 80].

Әзербайжан тілі терминологиясында қолданылатын терминдік тіркестерді екі топқа бөлуге болады: 1) бөлшектенетін терминдік тіркестер, 2) бөлшектенбейтін терминдік тіркестер.

Бірінші топқа кіретін терминдердің құрамдас бөліктерінің әрқайсысы өз алдына дербес мағына береді. Біртұтас термин ретінде құрамбөліктің дербестенуі сол немесе басқа компоненттің мағынасын өзгертпейді. Мысалы, лингвистикаға қатысты *feli sifyat* «есімше сөз» терминінің әрбір компонентін, ауыл шаруашылығына қатысты *mineral gübrə* «минералды тыңайтқыш», экономикаға қатысты *sosialist müəssisəsi* «социалистік кәсіпорын» деген терминдердің әр құрамбөлігін тәуелсіз бөлшектеуге болады. Сондықтан мұндай терминдерді бөлшектенетін терминологиялық тіркестер деуге болады. Бұл тіркестер құрамдас бөліктерінің термин болуы немесе болмауына байланысты ерекше-

ленеді: а) құрамдас бөліктерінің бірі термин, екіншісі терминдік мағынасы жоқ қарапайым сөз болып табылатын терминологиялық тіркестер: *әsas dalğa* «негізгі толқын», *dәуiшән amplituda* «құбылмалы амплитуда», *tam uzunlug* «толық ұзындық», *iri istehlakçı* «ірі тұтынушы», *ақиқ җәбәкә* «ашық желі», *әкс сәгәуан* «кері ток», *ани гүс* «лездік қуат».

б) екі құрамдас бөлігі де термин болып табылатын терминдік тіркестер: *electric үүкү* «электр заряды», *sөнән гәqs* «демпленген тербеліс», *sәs tezliyi* «дыбыс жиілігі», *сәгәуан каунак* «ағым көзі», *nitrogen turşusu* «азот қышқылы», *sabit сәгә* «тікелей ток», *гәqs гәrginliyi* «тербеліс кернеуі».

Екінші топқа бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестер жатады. Оларда бір, тіпті екі құрамбөлік те негізгі мағынасынан алыстап, ауыспалы мағынаға ие болып кетеді. Мұндай терминологиялық тіркестерді де екі топқа бөлуге болады: а) бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркесінің құрамбөліктерінің бірі тура мағынада, екіншісі ауыспалы мағынада жұмсалады. Сондай-ақ, мұндай терминологиялық тіркестерді құрайтын компоненттердің бірі – термин, екіншісі – қарапайым қолданыстағы сөз екенін айта кеткен жөн. Мысалы, *өлү* «өлі» сөзі *өлү нефт* «өлі мұнай» (газсыз мұнай) терминінде, *sağalmas* «сауықтыру» - *çatların sağalmas* «жарықтардың сауығуы» (жарықтарды минералдармен толтыру), *susan* «үнсіз» *susan sarılıq* «үнсіз сарғыштық» терминдерінде ауыспалы мағынада қолданылған.

б) терминдік тіркестердің бұл тобында терминнің екі сыңары да ауыспалы мағынада қолданылады. Сондықтан терминологиялық және логикалық тұрғыдан алғанда бұл тіркестерді дербес бөліктерге бөлшектеуге болмайды. Бұл ғылыми-техникалық ұғымдарды білдіретін мұндай тіркестер жеке сөздердің семантикалық мағыналарын емес, сөз тіркесінің жалпы мағынасын өзгертуінен туындайды. Мысалы, музыкатануда *sarı toғraқ* «сары топырақ» (ашуғ вокалдық-аспаптық жанрларының бір мағынасында), *kürd oғlu* (ашуғ вокалдық-аспаптық жанрына тән формалардың бірі), *keşiş oғlu* (кейбір мугамдарда орындалады, әуені акт бойынша күшейеді); хирургияда *үгәк donqarı* «жүрек дөңесі», *vaiz әli* «уағызшының қолы», *paғara çubuqları* «барбан таяқтары».

Терминологиядағы мұндай тіркестер көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің метафоралық сипатына байланысты жасалады. Мұндай комбинациялар өте сирек кездеседі.

Бөлшектенетін терминдік тіркестерді құрайтын құрамбөліктер өздерінің тікелей, дербес мағыналарынан алшақтамайды. Мысалы, *elektrik сәгәуан* «электр тоғы» терминологиялық тіркесі *elektrik* «электр» және *сәгәуан* «ток» деген екі терминнен жасалған. Бұл терминдердің әрқайсысы басқа терминмен қолда-

нылғанда, өзінің тікелей семантикалық мағынасын сақтайды: *elektrik sahəsi* «электр өрісі», *səgəyan axıntısı* «ағып кету тоғы».

Бұл мысалдардағы *elektrik* «электр», *səgəyan* «тоқ» терминдерін электр *səgəyan* «электр тоғы» тіркесіндегі терминмен салыстыра отырып, бұл терминдердің екі жағдайда да бірдей мағына беретінін көреміз. Демек, бөлшектенетін терминдік тіркестердің жалпы мағынасы оның жалпы мағынасын құрайтын терминдердің қосындысына тең. Егер мұндай тіркестердің құрамбөліктерін x , y деп белгілесек, онда пайда болған термин $(x+y)$: $x + y \rightarrow (x+y)$ түрінде болады.

Бөлшектенбейтін терминдік сөз тіркестерінің құрамбөліктері дербес, бастапқы мағынасында емес, ауыспалы мағынада жұмсалады. Мысалы, *doyma zonası* «қанықтыру аймағы», *zirehli ürək* «сауыт жүрек», *paşa köçdü* (ашуг әнінің түрі), *cahar şeş* (ән атауы).

Жоғарыдағы сөз тіркестерін құрайтын сөздердің бірі немесе екеуі де бастапқы семантикалық мағынасынан алыстап кеткен. Мұндай тіркестер құрамдас бөліктерге бөлінбейтін болғандықтан, белгілі бір ұғымды, мағынаны білдіреді. Демек, бөлшектенетін терминологиялық тіркестердегі терминдер біріккен мағынаны жеке-жеке жеткізсе, бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестерде олар тіркесіп келген оқшау мағынаны бермейді. Мысалы, *istehsal münasibətləgi* «өндірістік қатынастар» деген бөлшектенетін термин-фразада қолданылатын *istehsal* «өндірістік» термині мен *münasibət* «қарым-қатынас» термині жеке-жеке қосылған мағынаны білдіреді. Дегенмен бөлшектенбейтін терминдік тіркесте қолданылған *vahşi* «жабайы», *pişik* «мысық» терминдері «жабайы мысық» бөлшектенгенде, тіркестегі мағынаны білдірмейді. *Vəhşi pişik* «жабайы мысық» термині геологиядағы геологиялық негізделген барлау ұңғымасын білдіреді және екі термин де ауыспалы мағынада жасалған.

Терминдердің мағыналық жағынан теңесуі нәтижесінде бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестер жасалады. Яғни, ұғымды білдіретін терминдік тіркестің құрамбөліктері терминдердің мағынасын жай ғана қосу арқылы емес, семантикалық бірлікті бүтінге айналдырып, күрделі ұғымның атын беру арқылы жасайды. Яғни, құрамбөліктерді x және y таңбалары арқылы көрсетсек, комбинация $(x+y)$ емес, $(x+y) \rightarrow z$ формасын алады.

Демек, бөлшектенетін терминдік тіркестердің мағынасы олардың құрамдас бөліктерінің $(x+y) \rightarrow (x+y)$ мағыналарының қосындысына тең (бөлшектенбейтін терминологиялық тіркестердің мағынасы тіркес терминдерін құрайтын мағыналардың қосылуы негізінде емес, терминдердің мағыналық бірігуі нәтижесінде $(x+y \rightarrow z)$ жасалады.

Синтаксистік тұрғыдан бөлшектенбейтін терминдік тіркестерді келесі топтарға жіктеуге болады:

а) екі құрамбөлшегі де зат есімнен құралған тіркестер: su hortumu «су ағыны», elektrik yuxusu «электрөпосон», buz dili «мұз тілі», qum hortumları «құм құбырлары», beyin düşməsi «мидың жоғалуы», elektrik oyanması «электрлік ояту».

б) сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалғандар: zirehli ürək «қабық жүрек», kor lövhə «соқыр қалқан», ağır su «ауыр су», şirin göl «тұщы көл», isti dalğa «ыстық толқын».

С.И.Ожегов терминдер туралы былай деп жазады: «Шынында да, сөздің тура мағынасында термин болып табылатын терминдік сөз тіркестері белгілі бір мағыналар жүйесінен құралған шындықты білдіретін еркін сөз тіркестері» [8, 74].

Көріп отырғаныңыздай, мұнда барлық терминологиялық тіркестер қамтылмаған. Сонымен, терминологияда құрамдас бөліктері дербес мағынаға ие тіркестермен бірге (еркін мағыналы тіркестермен бірге) дербес мағынасы жоқ терминологиялық тіркестер де кездеседі. Бірақ мұндай тіркестер терминологияда қолданылуы жағынан бөлшектенетін тіркестермен салыстырғанда сирек кездеседі.

Терминдік тіркестердің бұл екі түрін жалпы қолданыстағы сөз тіркестерінен ерекшелетін қасиет – терминологияда қолданылған лексикалық қосылыстарды құрайтындығы. Терминдік тіркестердің бұл түрлерін зерттеудің әртүрлі немесе бірдей салаларымен салыстыру оларды түрлі бағытта зерттеу мүмкіндігін береді. Дегенмен жалпы алғанда, бұл терминдік тіркестер – терминологияның негізгі және маңызды объектісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баскаков Н.А., Словосочетания в современном турецком языке. - М., «Наука», 1974, - 185 с.

2. Баскаков Н.А., Предложение в современном турецком языке. - М., «Наука», 1984, - 200 с.

3. Балакайев Б., Основные типы словосочетания в казахском языке. - Алма-Ата, Изд-во Акад.наук Казах.ССР, 1957, - 123 с.

4. Балакайев Б., Современный казахский язык. - Алма-Ата, Изд-во Акад.наук Казах.ССР, 1959, - 235 с.

5. Бертагаев Т.А., Сочетания слов и современная терминология. - М., Изд-во «Наука», 1971, - 152 с.

6. Даниленко В.П., Русская терминология. - М., «Наука», 1977, - 281 с.

7. Лотте Д.С., Образование и провописание трехэлементных научно-технических терминов. - М., «Наука», 1969, - 119 с.

8. Ожегов С.И., О структуре фразеологии. Лексикографический сборник. вып.2. - М., 1951, - с.74-85.

9. Пешковски А.М., Русский синтаксис в научном освещении. Изд., 2-ое. -М., Госиздат, 1920, - 501 с.
10. Müasir Azərbaycan dili. Sintaksis. -Bakı, ADU-nun nəşriyyatı, 1959, - 453 s.
11. Seyidov Y., Azərbaycan ədəbi dilində söz birləşmələri. - Bakı, «Maarif» nəşriyyatı, 1966, - 340 s.
12. Убрятова Г.И., Исследования по синтаксису якутского языка. Изд-во Академии Наука СССР, - М., 1950, - 204 с.

Гүлғайша Сағидолда

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Р.СЫЗДЫҚТЫҢ АХМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӨНІНДЕ

XXI ғасырдағы жаһандану үдерісі әлемдік өркениеттер ықпалдастығын арттырып, технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтардың, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық сана-сезім, рухани мәдени мұралардың жойылу немесе түбегейлі өзгеріске түсу катерін тудырып, дінаралық, мәдениетаралық қайшылықтарды тереңдетуде. Осындай жағдайда түркі әлемінің барлық саладағы интеграциясын жеделдету, жалпытүркілік ортақ тамырдан нәр алып, тарамдалатын 40 шақты түркі халықтарының әр қайсысының ұлттық рухани-этномәдени құндылықтарын түркі өркениетінің құрамдас бөліктері ретінде әлемдік деңгейде насихаттау, жалпытүркілік тарихи-рухани ортақтықты түркі әлемінің бірегейлігінің коды ретінде сақтап қалу және өскелең ұрпақ санасына сіңіру мәселелері аса өзекті.

Қазіргі әлемдік және аймақтық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттерінің бірлігін нығайту, интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытып, «түркі факторын» халықаралық қатынастарға әсер ете алатындай факторға айналдыру – түркі мемлекеттері арасындағы тиімді және сындарлы диалог аландарының жіті назарындағы өзекті мәселелер болуда [1].

Түркі әлемінің интеграциясы идеясының тарихи бастауында И.Гаспаралы, С. Жантурин, Ю. Акчура, А. Гусейнзаде, А. Агаоғлу, Г. Ибрагимов, А.-М. Топчубашев, М. Бигеев, Ш. Сыртланов, С. Максуди, Мұстафа Шоқай және т.б. түркітілдес елдердің көрнекті өкілдері тұрады. Түркизм идеяларын негіздеуге атакты түркологтар Х.-С. Ходжаев, Б. Чобан-заде, С. Асфендияров елеулі үлес қосты [2, 123-130].

Түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығы Кеңес Одағы ыдыраған сәттен-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан Республикалары мен Түркия мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаттарындағы түркі векторының өзегі етіліп, жаңаша сипатқа ие болды. Түркі

интеграциясының 90-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңінде Түркияның саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени ықпалы басымырақ болса, 2000-жылдардан басталған екінші кезеңде Қазақстанның саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени-гуманитарлық рөлі арта бастады [3, 27-30]. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен Түркі кеңесі, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (Түрк ПА), Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы, Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры тәрізді түркіаралық ынтымақтастықтың институционалдық құрылымдарының құрылды. 2021 жылы қараша айында Ыстамбұл қаласында өткен Түркі республикалары басшыларының кезекті Саммитінде Түркі кеңесінің «Түркі мемлекеттер ұйымы» болып өзгеруі және ұйымға Өзбекстан мен Түркіменстанның мүше болуы түркі әлеміндегі заманау интеграциялық үдерістерге тың серпін берді. Қазіргі кезде түркі мемлекеттері арасындағы саяси-экономикалық жақындасу мәдени және ақпараттық компоненттермен толықтырылып, интеграциялық процестер түркі республикаларының біртұтас күшке айналуына ықпал етуде [4, 147-151].

XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясын жеделдету ең алдымен 6 бірдей түркітілдес мемлекеттердің тіл саясаты мен ұлттық идеологиясында мемлекеттік тілге қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр.

Түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты бағыт – жазу жүйесін латын графикасына көшіру жолындағы реформалармен тығыз байланысты болып келеді. Бұл мәселеде Түркияның әліпби реформасына қатысты іс-тәжірибесін және түрік тілін дамытудағы қол жеткізген айтулы жетістіктерін, түрік тілінің статусын халықаралық деңгейге көтеру бағытында жүзеге асырылып жатқан іс-шараларды посткеңестік түркітілдес республикалардың тіл саясаттарында алға қойылып отырған сан түрлі міндеттердің шешімін табуда назарға алудың маңызы зор. Мұнда латын әліпбиіне негізделген мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту (Әзірбайжан), жазу жүйесінде орын алып отырған «кирилл-латын» екіұдайылықтан арылу (Түркіменстан, Өзбекстан); қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын жетілдіру (Қазақстан) мәселелерін түркітілдес мемлекеттердің тіл саясатындағы басты міндеттер қатарына жатқызуға болады.

XXI ғасырда түркі интеграциясын жеделдетуге қатысты алға қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі – түркі тілдерінің ғылыми терминологиясын біріздендіру, соның негізінде ортақ терминологиялық қор құру.

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Мәселен, 1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен «Қазақ

ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезд бекіткен қағидаттардың бірі қазақ терминологиясына қатысты болды: «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидат қабылданды. 1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А.Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін, көп ұзамай, 20-жылдардың аяғына қарай Алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды[5, 147-151].

Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерді біріздендіру мәселесі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай орыс тілі негізінде ұлтаралықтандыру бағытында жүргізілді. Мұнда көзделген басты мүдде жалпысоветтік терминологиялық қор құру болғандықтан, КСРО көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан басқару ісі басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде Мәскеудегі Ғылыми-техникалық терминология комитеті тарапынан үйлестірілді. Нәтижесінде Одақ құрамында болған көптеген халықтардың тілдерінің терминологиялық қорында орыс тілімен ортақтандырылған терминдер үлесі 70-80 пайызды құрады.

Түркі терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады. 1996-1997 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясының мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші-ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс істелгенімен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды[5, 147-151].

2011 жылы Астанада өткен «Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері» атты Халықаралық конференцияда жасаған баяндамасында белгілі түрколог М.Закиев ғылымның барлық салалары бойынша көптілді

терминологиялық сөздік жасау үшін жазба әдеби тілі қалыптасқан түркі тілдерінің терминқорларының әлеуетін қажетке жарату керектігіне тоқталған болса, С.А.Садыкова әзербайжан терминологиясын түркі тілдеріне ортақ және басқа тілдерден енген терминдер деп топтай отырып, ортақ терминдер санын арттыруда түркі тілдерінің өзара тәжірибе алмасуының маңыздылығын атап көрсетеді [6].

Қазіргі таңда түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми ықпалдастықты арттыру мақсатында көтеріліп отырған терминологияны біріздендіру мәселесі түркі тілдерінің тарихи және қазіргі кезеңдегі даму үдерісіндегі терминжасам үлгілерін ортақтастыруды, көптілді терминологиялық сөздіктер жасауды кешіктірмей қолға алуды талап етеді. Бұл мәселеде А.Байтұрсынұлының өткен ғасырдың 20-шы жылдары ұсынған тілтанымдық ұстанымдары мен терминжасамдық концепцияларын басшылыққа алудың маңызы зор.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының ақталуы мен А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлттық білім-ғылымымыздың көшбасшысы екенін таныту, ең алдымен, академик Р.Сыздық есімімен тығыз байланысты екенін айтпай кетуге болмас, сірә. А.Байтұрсынұлының мұрасы туралы емес, ұлы тұлғаның есімін айтудың өзі «саяси қате» саналатын тұста, яғни 1970-80 жылдары «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, оның бұл қызметі ХХ ғасырдың 10 – жылдарынан басталады» деген тұжырымды алғаш рет айтқан да, бүгінде «Ахметтану» деп аталатын ғылыми саланың іргетасын қалап, мақсат-міндеттерін айқындап берген де академик Р.Сыздық болды.

Р.Сыздық «Ахметтану қалай басталды?» («Ана тілі» газеті, 1991, 6 маусым.), «Ахметтану: бүгін мен болашағы» (Қазақ әдебиеті. 1993, 12 қараша), «А.Байтұрсынов және қазақ жазуы» (Қазақстан жоғары мектебі. 1997, №2) мақалалары арқылы А.Байтұрсынұлының қазақтың тілтану, әдебиеттану, әдістеме ғылымдарының негізін салушы ретіндегі орнын бағамдап берді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу – ағарту жолындағы жасаған еңбектерінің жүйелілік сипатын Р.Сыздық: **«А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы»мен «Әліп-би астарын» жазған»** деп танытады [7].

Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ ғасыр басынан бері аса көкейкесті проблемалар болып келе жатқан қазақ жазуы мен терминологиясының өзегін А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы құрайтыны туралы Р.Сыздық былай дейді: «А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз өз табиғатынан шығарып сипаттау. Жалпы лингвистикалық мектептің негізі бір болғанымен, көптеген таным-принциптерінде Ахаң қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсетті. Байтұрсыновтың тіл туралы ғылым саласындағы баға жетпес тарихи мәнді қызметінің бірі – оның терминдер түзіп бергендігі десек, мұнда да ғалым нағыз шығармашылықтың классикалық үлгісін көрсетті» [8].

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық концепциясы туралы белгілі Ахметтанушы ғалым М.Джусупов былай дейді: «А.Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан ұстанымдары мыналар: 1) терминнің оқушыға түсініктілігі; 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданданыстан шығау; 4) қажет болған жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен). Демек А.Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тілдік бірліктерден жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін жоққа шығармайды» - дейді [9, 49].

Қазақ терминологиясының қағидаттарын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ш.Құрманбайұлы 1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде» Елдес Омаровтың ұсынған қағидаттары «сол кезде термин мәселесінің басы-қасында жүрген А.Байтұрсынұлының тікелей басшылығымен жасалғандығын» айта келіп, А.Байтұрсынұлының термин жасау қағидаттарына: 1) термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; 2) ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу; 3) жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; 4) қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек деген ұстанымдарды жатқызады [10].

А.Байтұрсынұлы бұл қағидаттардың жалпы түркі терминологиясы үшін де маңызды екенін 1926 жылы Бакуде өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінде» жасаған баяндамасында былайша түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям [11].

«А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаған кезде ғылыми мектептер, ғылыми терминдер қалыптаспаған еді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы алдында екі үлкен мәселе тұрды: а) қазақ тіл білімінің, әдебиеттанымының, тілді оқыту

әдістемесінің ұғымдарын анықтау; ә) сол ұғымдарды терминдермен таңбалау. Мұнда А.Байтұрсынұлы жат тілдердегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшіріп өткізбеді, олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеді, жетістіктеріне талдау жасады, яғни қазақша терминжасамдық шығармашылығында қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдаланды. Тек осындай көзқарастың нәтижесінде А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер нағыз ұлттық сипатта болып шықты» – дей келе, М. Джусупов және Қ. Ибраймовтар А.Байтұрсынұлының тілтанымдық терминдері тіл білімінің барлық салаларында (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, фонология, сөзжасам т.б.) қолданылып, моностильдік те, полистильдік те (нақты ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық, ресми) қызмет атқаратынын айтады. «А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер қазіргі заманғы тілтаным ғылымының биік талаптарына жауап береді, себебі олар терминология теориясының – салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы т.б. ұғымдарына толық сәйкес түсіп жатады»-деп баға береді [9, 36].

А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіл білімі саласының терминдерінің өміршеңдігі туралы Р.Сыздық: «осы күні қазақ тілі грамматикасына қатысты қолданылып жүрген *«зат есім», «сын есім», «етістік», «есімдік», «одағай», «үстеу», «бастауыш», «баяндауыш», «жай сөйлем», «құрмалас сөйлем», «қаратпа сөз»* деген сияқты сан алуан терминдердің баршасы А.Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар. Мұны бұлардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі айқындайды»-дейді [7].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін термин жасауда ұтымды пайдаланудың озық үлгісін көрсетті. Ғалым жасаған терминдерде сөзжасамның семантикалық (*жұрнақ, жалғау, буын, рай, мүше, әдіс т.б.*), морфологиялық (*жақша, көсемше, есімше, жалғаулық, есімдік, демеу, жалғау, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш және т.б.*), синтаксистік (*дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, т.б.*) тәсілдері кеңінен қолданылады.

Сөзжасамның бұл тәсілдері тек қазақ тіліне ғана емес, барлық түркі тілдеріне тән болғандықтан түркі терминжасам үдерісінде ортақтықтар молынан кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінің морфология саласында қолданылатын терминдерге көз салсақ, олардың А.Байтұрсынұлы ұсынған терминжасамдық қағидаттармен толығымен сәйкес келетіні, тіптен, кей жағдайларда бірнеше түркі тілдері арасында тұлғалық-мағыналық тұрғыдан ортақ терминдердің орын алатыны байқалады. Мәселен, қаз. *қос сөз* // қырғ. *қош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *қысқарған сөз* // қырғ. *қысқарған сөз* // әзірб. *qısaltılmıř sۆz* // түрік. *kısaltılmıř sۆz* // түркім. *ғысгалдылан сөз* // өзб. *қысқартурилған сўз*; қаз. *туынды сөз* // қырғ. *туунду сөз*; әзірб. *tۆrәтә sۆz* // түрік. *türemiř kelime*; түркім. *ясама сөз* // өзб. *ясама сўз*; әзірб. *sۆz birlәřmәsi* // түркім. *сөзлер бирикмеси* // өзб. *сўз бирикмаси*; қаз. *қос сөз* // қырғ. *қош сөз* // өзб. *қўшма сўз*; қаз. *көптік* // қырғ. *көптүк* // түркім. *көплүк* // өзб. *кўплик*; қаз. *зат есім* // қырғ. *зат атооч*; қаз. *сын есім* // қырғ. *сын атооч*; қаз. *сан есім* // башқ. *һан* // ққалп. *һан* // қырғ. *сан атооч* // түркім. *сан* // өзб. *сон*; қаз. «шылау» мәнін беретін қырғ. *байламта* // әзірб. *bağlayıcı* // түрік. *bağlaç* // түркім. *бағлайжы* // өзб. *тенг боғловчи* және т.б. терминдер түбір - негіздері, ұғымдық-мағыналық және терминжасамдық тәсілдері тұрғысынан келгенде жалпытүркілік ортақтықтың қазіргі түркі терминологиясындағы сақталу, ары қарай қатарласа дамуын көрсететін болса, енді бірқатар терминдер түркі тілдері сөздік құрамының араб-парсы кірме қабатындағы ортақтықтарға негізделеді. Мысалы: қаз. *зат есім* — башқ. *исем* // әзірб. *isim* // түрік. *isim*; қаз. *сын есім* — башқ. *сифат* // әзірб. *sifət* // түрік. *sifat* // түркім. *сыпат* // өзб. *сифат*; қаз. *етістік* — әзірб. *fel* // түрік. *fiil* // өзб. *феъл*; қаз. *шырай* — башқ. *дәрәжә* // ққалп. *däreje*; қаз. *үстеу* — әзірб. *zərif* // түрік. *zarf*, ал башқ. *рәуеш* // ққалп. *ráwish* // өзб. *равиш*; қаз. *еліктеуіш* — әзірб. *tәqlidi (sۆzlәр)* // түрік. *taklidi (sۆzler)* // тақлидий (сўзлар) және т.б. Мұндай ортақтықтар түркі тілтаным ғылымының морфология саласының метатілін қалыптастыру және терминдер номенклатурасын жасау барысында түркі тілдері арасында терминологияның бірізденуіне алып баратын терминалмасым үдерісі орын алғанын айғақтайды.

Қорыта айтқанда, қазіргі түркі тілтаным ғылымының терминологиялық аппаратында орын алып отырған бірізділік А.Байтұрсынұлының қазақ және түркі терминологиясына қатысты қағидаттарының өміршеңдігін көрсетеді, сонымен қатар түркі тілдерінің салалық терминологиясын біріздендіруде түркі тілдеріне ортақ лексикалық қор мен ортақ терминжасам модельдерінің әлеуеті ерен екенін танытады.

Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Әзірбайжан Тілі	Түрік тілі	Түрікмен тілі	Өзбек тілі
біріккен сөз	бирикме	birlәřmә sۆz	bitiřik (sۆz)	бириген сөз	бирга қўшилған (сўз)

қос сөз	кош сөз	qoşa (söz)	çift (söz)	гоша, жұпт	қўшма сўз
қысқарған сөз	қысқарған сөз	qısaltılmış (söz)	kısaltılmış (söz)	ғысгалдылан	қисқартирилган (сўз)
түбір сөз	унгу сөз	əsas, kök	kök	дүйп сөз	ўзак
туынды сөз	туунду сөз	törəmə (söz)	türemiş kelime	ясама сөз	ясама (сўз)
сөз тіркесі	сөздердүн айкалышы	(söz) birleşməsi	takım	сөзлер бирикмеси	сўз бирикмаси
көптік	көптүк	чәм, чәм сај	çoğul	көплүк	кўплик
зат есім	зат атооч	isim	isim	ат	от
сын есім	сын атооч	sifət	sıfat	сыпат	сифат
сан есім	сан атооч	say	sayısifatı	сан	сон
есімдік	ат атооч	əvəzlik	zamir	чалышма	олмош
етістік	этиш	fel	fiil	ишлик	фєъл
үстеу	тактооч	zərf	zarf	хал	равиш
шылау	байламта	bağlayıcı	bağlaç	баглайжы	тенг боғловчи
еліктеуіш сөздер	окшогон сөздер	təqlidi sözlər	taklidi sözler	өйкүнме, меңзетме сөзлер	тақлидий (сўзлар)
одағай	сырдык сөз	nida	ünlem	үмлүк	ундов сўз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекстан президенті Шавхат Мирзиёевтың Егемен Қазақстан газетіне берген сұхбаты. Жарқын болашақты бірге құрамыз // Egemen Qazaqstan. №231 (302110). – 4 Желтоқсан, 2021.
2. Телебаев Г.Т. Тюркская интеграция: история осмысления и инициативы Елбасы // Вестник ҚазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. №2 (76), 2021. – 123 – 130 б. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/>
3. Иембекова М.О. Қазақстан және түркі әлеміндегі ықпалдасу үдерісі // Білім –Образование. № 4, 2011. – 27– 30 б.
4. Парубочая Е.Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2016,

№ 6(68): в 2-х ч. Ч.1. – С.147-151. <https://www.gramota.net/materials/3/2016/6-1/cyberleninka.ru>

5. Құрманбайұлы Ш. Терминдерді біріздендіру түркі тілдері арасында жүйелі жүргізілуі тиіс // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/7894%206>

6. Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Астана, 2011.

7. Сыздық Р.Ұлттық білім-ғылымымыздың көшбастары //Қазақстан мектебі, 1998. № 6.

8. Сыздық Р.Ахметтану: бүгіні мен болашағы // Тіл және ұлттық мәдениет.-Түркістан, 2005.-316б.

9. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: Ғылымтаным. Терминжасам. Стилистика.-Алматы: «Әлем», 2015.-215бет.

10. Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Астана, 2004.

11. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992, 425-бет.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз..... 3

ТАЛҚЫ

Н.Оразхан, Б.Қапалбек. Қазақстан Республикасының орталық аймағындағы мемлекеттік тілдің жай-күйі..... 5

ТІЛТАНУ

Ұ.Кемелхан, А.Жорабаева, Қ.Слямбеков, А.Нұстаева, Т.Демен, Қ.Күдерінова. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік стильдің қалыптасуы: XX ғасырдың басы..... 17

Б.Сағындықұлы, А.Адамова. Қазақ тіл білімпаздарының лингвобиологиялық ізденістері..... 30

А.Орынбаева. Әбдуәли Қайдар: тіл біліміндегі тың ізденістер мен мұралар..... 44

Е.Молдасанов, Н.Абдувалитов. Лингвомәдени бірліктердің ұлттық мәдени форма ретіндегі поэзия тіліндегі қызметі (М.Мақатаев шығармаларындағы ұлттық мәдениетті танытатын тілдік бірліктер)... 50

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

Ә.Тәубеева. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістердің қызметтік ұқсастықтарын салғастыру..... 65

С.Әбдіманан. Лингво-поэтикалы элементтерінің ағылшын тіліне аударылу қиындықтары (Сәкен Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» шығармасы бойынша)..... 73

Ә.Қыстаубаева. Фразеология мәдени бірегейліктің кілті ретінде: әртүрлі тілдердегі мысалдарды талдау..... 79

А.Абдуллаева, С.Әшімханова. Ұлттық мәдени реалийлерді орыс және ағылшын тілдеріне аударудың ерекшеліктері (Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» диалогиясының негізінде)..... 86

ӘДІСТЕМЕ

Ж.Саткенова, Г.Шәден, Ш.Саткенова. Инклюзивті білім беруде сандық технологияларды қолдану..... 98



<i>Ж.Қажығалиева.</i> Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен қазіргі білім беру құндылықтарының сабақтастығы.....	109
<i>А.Орманова.</i> Тілдік тестілеу және сапа кепілдігі: alte стандарттарының негізінде талдау.....	115

ТАНЫМ

<i>А.Әділова.</i> Көркем мәтіннің горизонтал және вертикал контексі.....	120
--	-----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

«Жаһандану кезеңіндегі түркі терминологиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.....	128
<i>Ш. Құрманбайұлы.</i> Түркі терминологиясын тіларалық біріздендіру және терминжасам, терминалмасым мәселелері.....	130
<i>С. Садықова.</i> Әзербайжан тіліндегі терминологиялық тіркестердің мағыналық түрлері.....	137
<i>Г. Сағидолда.</i> Р.Сыздықтың Ахметтану ғылымындағы орны және А.Байтұрсынұлының терминжасамдық қағидаттары жөнінде.....	146

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Автор стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **А. Қадырхан**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран, 7а,
Тел.: 8 (7172) 44-19-81
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 4.12.2024 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 11.12.2024 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 12.76